МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН»
№13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
_______ М.Бибосынова

# МАД Гүлдер тобының музыкадан 2021-2022 оқу жылына арналған перспективалық оқу жоспары

## 2021 – 2022 оқу жылы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыр-күйек**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықта-рым»** | **«Жиһаздар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің балабақшам»** | **Күні: 01.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам».**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционал-дық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. | **Күні: 06.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам».**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционал-дық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Күні:08.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Бақшадағы ән-сауық»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру. | **Күні:13.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Бақшадағы ән-сауық»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.<br><br>**Күні: 15.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар».**<br>**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2 3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. | **Күні: 20.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар».**<br>**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2 3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.<br><br>**Күні: 22 .09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты**: Қазақстан күйшілердің шығармашы-лығымен таныстыру. Қазақстан ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.Әннің сипатын қабылдау.Бала-лардың музы-калық аспаптарында ойнауы.<br><br>**Күні: 27-29.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты**: Қазақстан күйшілердің шығармашы-лығымен таныстыру. Қазақстан ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.Әннің сипатын қабылдау.Бала-лардың музы- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазан**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»** | **«Менің көшем»** | **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **«Алтын күз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің отбасым»** | **Күні:04.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің туыстарым»**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.<br><br>**Күні:06.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің туыстарым»**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу. | **Күні:11.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жеке түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау.<br><br>**Күні:13.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жеке түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой | **Күні: 18.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күзгі серуен»**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 20.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күзгі серуен»**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. | **Күні: 25.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Жомарт күз»**<br>**Мақсаты**: Ұлттық домбырада және қобызда орындалатын «күй» жанрымен таныстыру. Күй тыңдау арқылы ой сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Күй туралы, күйші Тәттімбет туралы мәлімет беру, түсіндіру. Ұлттық би элементтерін үйретуді жалғастыру.<br><br>**Күні: 27.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Жомарт күз»**<br>**Мақсаты**: Ұлттық домбырада және қобызда орындалатын «күй» жанрымен таныстыру. Күй тыңдау арқылы ой сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Күй туралы, күйші Тәттімбет туралы мәлімет беру, түсіндіру. Ұлттық би элементтерін үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қараша**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені саудыі жаны сау»** | **Күні:01.11.21ж.**<br>**Тақырыбы: «Музыка әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. таныс би қимылдарын қолдана отырып,ойдан би шығару іс-әрекеттерін мадақтау. Балаларды музыка әлеміне таныстыру арқылы ұлттық мәдениеті мізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.<br><br>**Күні: 03.11.21ж.**<br>**Тақырыбы: «Музыка әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. таныс би қимылдарын қолдана отырып,ойдан би шығару іс-әрекеттерін мадақтау. Балаларды музыка әлеміне таныстыру арқылы ұлттық мәдениеті мізбен, опера және балет жанрымен таныстыру. | **Күні:08.11.21ж.**<br>**Тақырыбы: «Қайырлы таң .**<br>**Мақсаты:** Шығармалар-дың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын,көңіл-күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату. Ұлттық домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру,жаңалықты жақсылықты музыка терапиясын музыка тілімен сезінуді үйрену.<br><br>**Күні:10.11.21ж.**<br>**Тақырыбы: «Қайырлы таң .**<br>**Мақсаты:** Шығармалар-дың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын,көңіл-күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату. Ұлттық домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру,жаңалықты жақсылықты музыка терапиясын музыка тілімен сезінуді үйрену. | **Күні: 15.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Ақ әжем»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.<br><br>**Күні: 17.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Ақ әжем»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру. | **Күні:22.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»**<br>**Мақсаты:** Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыкаға сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып,би ойластыру. Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақың мәнерлігін түсініп, ажырату.<br><br>**Күні:24.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»**<br>**Мақсаты:** Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыкаға сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып,би ойластыру. Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақың мәнерлігін түсініп, ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Желтоқ-сан**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Тарихқа саяхат»** | **«Туған  өлкем»** | **«Астана – Отанымыз-дың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | « Менің Қазақстаным» | **Күні:06.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Сүйікті қалам Алматы»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 08.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Сүйікті қалам Алматы»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. | **Күні:13.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жомарт өлкем"**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұны, олардың сипаты, көңілді күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.<br><br>**Күні:15.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жомарт өлкем"**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұны, олардың сипаты, көңілді күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту. | **Күні: 20.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Гүлдене бер, Астана»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыкалық динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.<br><br>**Күні:22.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Біздің рәміздер»**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатына қарай анық ырғақты жүріспен, маршпен жүру. Фортопианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен айту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. | **Күні:27.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Біздің рәміздер»**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатына қарай анық ырғақты жүріспен, маршпен жүру. Фортопианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен айту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.<br><br>**Күні: 29.12.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Біздің рәміздер»**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатына қарай анық ырғақты жүріспен, маршпен жүру. Фортопианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен айту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қаңтар**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Айналамыздағы өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |

| Өтпелі тақырып | «Табиғат әлемі» | Күні: 05. 01.22ж<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, әндерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. | **Күні:10.01. 22ж**<br>**Тақырыбы: «Аңдардың айтысы»**<br>**Мақсаты:** Ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға,музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету.<br><br>**Күні: 12.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Аңдардың айтысы»**<br>**Мақсаты:** Ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға,музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету. | **Күні:17.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құстар, біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br><br>**Күні:19.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құстар, біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | **Күні: 24. 01. 22ж**<br>**Тақырыбы «Айнала ақша қар»**<br>**Мақсаты:** Қолмен бағытын жоғары – төмен көрсете отырып, әуеннің жоғарғы – төменгі қозғалысын ажырату. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру.<br><br>**Күні: 26-31.01.22ж**<br>**Тақырыбы «Айнала ақша қар»**<br>**Мақсаты:** Қолмен бағытын жоғары – төмен көрсете отырып, әуеннің жоғарғы – төменгі қозғалысын ажырату. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру. |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақпан**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Өлі табиғат Құбылыста-ры** | **«Көліктер»** | **«Электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **« Бізді қоршаған әлем»** | **Күні: 02.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Қолмен бағытын көрсете отырып,әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату.Әннің сипатын түсініп, эмоциялармен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету. | **Күні:07.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам**<br>**Мақсаты:** Сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кірісперден соң бірден айту. Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.<br><br>**Күні:09.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам**<br>**Мақсаты:** Сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кірісперден соң бірден айту. Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. | **Күні: 14.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Бесік жыры»**<br>**Мақсаты**: лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін,динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармаларырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.<br><br>**Күні: 16.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Бесік жыры»**<br>**Мақсаты**: лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін,динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармаларырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету. | **Күні: 21.02.22ж**<br>**Тақырыбы «Домбыра сазы»**<br>**Мақсаты:** Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.Әнді сергек,жігер-лі орындауға талпындыру.<br><br>**Күні: 23-28.02.22ж**<br>**Тақырыбы «Домбыра сазы»**<br>**Мақсаты:** Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.Әнді сергек,жігер-лі орындауға талпындыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Наурыз**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Салттар мен дәстүрлер»** | **«Ертегілер елінде, театр әлемі»** | **«Өнер көзі халықта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Салттар мен фольклор»** | **Күні:02.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Наурыз – жыл басы»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарын-да беру. Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу. | **Күні: 05.03.22ж**<br>**Тайырыбы: «Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты:**<br>Терциялық дыбыстарын ажырату. Музыкалық дыбысталуының сипатта-масына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтері мен байланысты ру, шығарманы сипаттау білу.Балалар ды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету.<br><br>**Күні: 09.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты:**<br>Терциялық дыбыстарын ажырату. Музыкалық дыбысталуының сипатта-масына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтері мен байланысты ру, шығарманы сипаттау білу.Балалар ды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. | **Күні: 14.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Нота үйренейік»**<br>**Мақсаты :**<br>Әуеннің жоғарғы – төменгі дыбыстарды ажырату.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстары-ның атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.<br><br>**Күні: 16.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Нота үйренейік»**<br>**Мақсаты :**<br>Әуеннің жоғарғы – төменгі дыбыстарды ажырату.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстары-ның атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау. | **Күні: 28.03.22ж**<br>**Тақырыбы: Көктем әндері**<br>**Мақсаты:**<br>Сезіммен,ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу<br><br>**Күні: 30.03.22ж**<br>**Тақырыбы: Көктем әндері**<br>**Мақсаты:**<br>Сезіммен,ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сәуір**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер-мен қосмекенді-лер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Біз еңбекқор баламыз»** | **Күні: 04.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Ғарыш әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Шығамашы-лық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту,есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Класси калық музыкаға қызығушы-лығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыланды-ру.<br><br>**Күні: 06.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Ғарыш әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Шығамашы-лық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту,есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Класси калық музыкаға қызығушы-лығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыланды-ру. | **Күні: 11.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ән салып, би билейміз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбыста-луының си паттамасына сүйене отырып,бей-ненің маз мұнымен музыкалық мәнерліктің элементтері-мен байла ныстыру. Дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту.Әнді сүйемел- деумен жә не сүйемел-деусіз орын дауға баулу.<br><br>**Күні: 13.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ән салып, би билейміз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбыста-луының си паттамасына сүйене отырып,бей-ненің маз мұнымен музыкалық мәнерліктің элементтері-мен байла ныстыру. Дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту.Әнді сүйемел- деумен жә не сүйемел-деусіз орын дауға баулу. | **Күні:18.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Орманда»**<br>**Мақсаты:** Динамика-лық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционал-ды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыста-рын сезінуге үйрету.Таби-ғатқа әсерлену,қы-зығушылы-ғын арттыру. Музыкадағы дыбыс жоғарлығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау.<br><br>**Күні:20.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Орманда»**<br>**Мақсаты:** Динамика-лық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционал-ды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыста-рын сезінуге үйрету.Таби-ғатқа әсерлену,қы-зығушылы-ғын арттыру. Музыкадағы дыбыс жоғарлығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау. | **Күні: 25.04.22ж**<br>**Тақырыбы:** «Ана - өмір шырағы»<br>**Мақсаты:** Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.Музыкалы қ шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру Музыкалық қабілеттерін,шығар машылықтарын дамытуды жалғастыру.<br><br>**Күні: 27.04.22ж**<br>**Тақырыбы:** «Ана - өмір шырағы»<br>**Мақсаты:** Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.Музыкалы қ шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру Музыкалық қабілеттерін,шығар машылықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мамыр**<br><br>**Апталық тақырыптар** | **«Отан қорғаушылар»** | **«Достық біздің тірегіміз»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |
| | | **Күні:02.05. 22ж**<br>**Тақырыбы: «Ел қорғауға дайынбыз»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Балалардың патриоттық сезімін ояту.Әнді таза айтуға, музыканы сезіне, би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.<br><br>**Күні:04.05. 22ж**<br>**Тақырыбы: «Ел қорғауға дайынбыз»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Балалардың патриоттық сезімін ояту.Әнді таза айтуға, музыканы сезіне, би қимылдарын жасай білуге дағдыланды ру. | **Күні: 09.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді нота »**<br>**Мақсаты:** Фортепиано-ның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.<br><br>**Күні: 11.05 .22ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді нота »**<br>**Мақсаты:** Фортепиано-ның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау. | **Күні:16.05.22 ж**<br>**Тақырыбы: «Домбыра сазы»**<br>**Мақсаты:** Домбыра-ның дыбысталуы бейеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.<br><br>**Күні:18.05.22 ж**<br>**Тақырыбы: «Домбыра сазы»**<br>**Мақсаты:** Домбыра-ның дыбысталуы бейеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа бір дыбыстан құрылған | **Күні**: **23.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктердің элементтер мен байланыстыру Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.<br><br>**Күні**: **25.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктердің элементтер мен байланыстыру Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру | |

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі :

_____________М.А.Бибосынова

# МАД Гүлдер» тобының музыкадан
# 2021-2022
# оқу жылына арналған күнделікті оқу
# жоспары

**Күні:** 01.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің балабақшам»
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Балабақшаның суреті
**Билингвалды компонент:** Балабақша – детсад
**Сабақтың барысы:** Алғашқы ән сабағына лайықты көтеріңкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.
**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей) Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған? Күйді ести отырып, көз алдарыңа нені елестеттіңдер? Балалардың жауабы.
**Ән айту:** «Білімің – бұлағым» (Т. Қоңыратбай). Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп аламыз.
**Ойын:** «Айгөлек» Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып, бір-біріне қарама қарсы тұрады. Жеребе бойынша бір команда ойын бастайды. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп, ұстасқан қолдарын үзіп өтсе, қолдарын жіберген екі баланың қалаған біреуін өзімен бірге алып кете алады. Егер қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Қай топта бала көп қалса сол топ жеңіске жетеді.
Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар? Қосалқа
Қандай ойынмен таныстыңдар? Айгөлек ойынын.
Бүгінгі іс-әрекеттің қай түрі сендерге ұнады?

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: білім не үшін керек екенін, білімді адам қанддай болатынын біледі.
**Игереді**: «білім», «бұлақ» деген түсініктерді.
**Меңгереді**: халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасау дағдыларын.

**Күні:** 06.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің балабақшам» (қайталау)
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Балабақшаның суреті
**Билингвалды компонент:** Балабақша – детсад
**Сабақтың барысы:** Алғашқы ән сабағына лайықты көтеріңкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.
**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған? Күйді ести отырып, көз алдарыңа нені елестеттіңдер? Балалардың жауабы.

**Ән айту:** «Білімің – бұлағым» (Т. Қоңыратбай). Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп аламыз.
**Ойын:** «Айгөлек» Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып, бір-біріне қарама қарсы тұрады. Жеребе бойынша бір команда ойын бастайды. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп, ұстасқан қолдарын үзіп өтсе, қолдарын жіберген екі баланың қалаған біреуін өзімен бірге алып кете алады. Егер қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Қай топта бала көп қалса сол топ жеңіске жетеді.
Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар? Қосалқа
Қандай ойынмен таныстыңдар? Айгөлек ойынын.
Бүгінгі іс-әрекеттің қай түрі сендерге ұнады?

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: білім не үшін керек екенін, білімді адам қанддай болатынын біледі.
**Игереді**: «білім», «бұлақ» деген түсініктерді.
**Меңгереді**: халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасау дағдыларын.

**Күні:** 08.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бақшадағы ән - сауық»
**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Дос- друг
**Сабақтың барысы:** «Біздің балабақша» (Б. Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.
*Қанша бала қанша қыз,*
*Бір шоқ гүлміз баршамыз.*
*Ойын-күлкі ордасы,*
*Біздің балабақшамыз!*
Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады. Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйрету.
**Музыка тыңдау**: «Қуыршақ мұңы» (Б. Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады. «Қуыршақтар әуенін» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрау. Дауыс жаттығуы: «Әлди- әлди»және«Ән шырқайық» орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру. Ән үйрену: «Жас дәуірдің түлегіміз»(Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) әнін орындау. Ойын: «Алтын қақпа».

Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалау.
**Би:** «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.
Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады. Өткен оқу іс- әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету.Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.
Сендерге балабақша ұнай ма? Әрине ұнайды.
Сүйікті ойыншығың не? Қуыршақ, машина.
Қандай өнер түрі ұнайды? Би ұнайды. Оқу іс-әрекетін қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.
**Игереді**: музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.
**Меңгереді**: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді.

**Күні:**14.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бақшадағы ән - сауық» (қайталау)
**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Дос- друг
**Сабақтың барысы:** «Біздің балабақша» (Б. Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.
*Қанша бала қанша қыз,*
*Бір шоқ гүлміз баршамыз.*
*Ойын-күлкі ордасы,*
*Біздің балабақшамыз!*
Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады. Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйрету.
**Музыка тыңдау**: «Қуыршақ мұңы» (Б. Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады. «Қуыршақтар әуенін» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрау. Дауыс жаттығуы: «Әлди- әлди»және«Ән шырқайық» орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру. Ән үйрену: «Жас дәуірдің түлегіміз»(Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) әнін орындау. Ойын: «Алтын қақпа».
Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалау.
**Би:** «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.
Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады. Өткен оқу іс- әрекетіндегі әндер

орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету.Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.
Сендерге балабақша ұнай ма? Әрине ұнайды.
Сүйікті ойыншығың не? Қуыршақ, машина.
Қандай өнер түрі ұнайды? Би ұнайды. Оқу іс-әрекетін қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.
**Игереді**: музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.
**Меңгереді**: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді,

**Күні:** 13.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді ырғақтар»
**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Бақытты балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Көңілді ырғақ – весёлый ритм
**Сабақтың барысы:** Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.
Камзол киген қынай бел,
Толған ою-өрнекке.
Билеші деп сұрайды ел,
Өнерімді көрмекке
Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан көріп жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді. Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай».
Вальс – жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.
Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.
Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды. Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту. Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау.
***Ән үйрену: «Көңілді балалар әні»*** (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы) Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.
**Ойын: *«Ән салған кім?»*** (А. Райымқұлова, А. Асылбек).Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.

**Әуенді-қимылды қозғалыс:** Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. - балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық? - әнде не туралы айтылды? Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.
**Игереді**: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.
**Меңгереді**: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

**Күні:** 15.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді ырғақтар» (қайталау)
**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Бақытты балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Көңілді ырғақ – весёлый ритм
**Сабақтың барысы:** Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.
Камзол киген қынай бел,
Толған ою-өрнекке.
Билеші деп сұрайды ел,
Өнерімді көрмекке
Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан көріп жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді. Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай».
Вальс – жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.
Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.
Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды. Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту. Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау.
**Ән үйрену: «Көңілді балалар әні»** (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы) Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.
**Ойын: «Ән салған кім?»** (А. Райымқұлова, А. Асылбек).Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.
**Әуенді-қимылды қозғалыс:** Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. - балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық? - әнде не туралы айтылды? Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.
**Игереді**: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.
**Меңгереді**: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

**Күні:** 20.09.21ж
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Шығамашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің аспаптар»
**Мақсаты:** Қазақстан күйшілердің шығармашылығымен таныстыру. Ән,музыка арқылы күз ккрінністерін сезіне білуге,күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** күздің суреті,асатаяқ,бубен,домбыра
**Билингвалды компонент:** аспап – инструмент
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді.Шаттық шеңберін жасау.

Күзім- ау,күзім- ау,
Мінезің бұзық –ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық- ау.

- Балалар,қазір жылдың қай мезілі? Күз мезгілі.
- Ауа райы қандай? Құбылмалы

Табиғатта қандай құбылыстарды байқадыңдар? Жапырақтар сарғайып,күн салқындай бастады. Күзде жауын көп жауып, күн суытады.
- Күзді қалай атауға болады? Жемістер ,көкөністер піседі. Күзді көбінесе «Алтын күз», «жомарт күз» деп атайды.

**Ән айту:** «Күз» (Қ.Шілдебаев, И.Сапарбай) Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Әннің не туралы айтылғанын ұғып,соған орай жауап береді.
**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» (Құрманғазы) Құрманғазы – күй атасы. (суретін көрсету) Құрманғазы жастайынан зерек болған.Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың,соққан желдің,әрбір құбылыстың өзіне мән беріп,ести білген. Бала кезінде мал соңында жүріп,кішкене домбыра жасап алып, сол естігендерін домбыраға салып тартып үйренген. «Аман бол,шешем,аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған.Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын»

- Күй қалай орындалады? Балалардың жауабы.

- Көңілді ме, көңілсіз бе? Көңілді

**Музыкалық аспаппен танысу.** Сендер қазақтың киелі аспабы домбырамен таныссыңдар.Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспап ол – асатаяқ.Бұл аспап ұрмалы аспапқа жатады.Оған әртүрлі сылдырмақты,қоңыраулы әшекейлер қадайды.Музыка ырғағына қарай сілкіп ойнайды.Асатаяқ ансамбльдегі басқа

аспаптардың үнін көркемдеп,көріктендіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем – ай».Балалар кезектесіп шығып, әуенге ілесіп, ырғақпен сілкілеп ойнайды.Балалар аспаппен танысып,қолдарына алып қызықтап, әуенге ілесіп ырғақпен сілкілеп ойнауға тырысады.
- Балалар, біз қандай жыл мезгілі уралы айттық, қандай композитормен таныстық?
- Қандай күй тыңдадық? Ол күй не туралы?
- Қандай аспаппен таныстық. Жалпы іс – әрекеттен алған әсерлерін айтуға тырысады.Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** күз құбылыстарын білуі керек.
**Игереді:** алтын күз,жомарт күз,асатаяқ деген ұғымдарды игереді.
**Меңгереді:** музыка ілесіп,ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 22.09.21ж
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің аспаптар» (қайталау)
**Мақсаты:** Қазақстан күйшілердің шығармашылығымен таныстыру. Ән,музыка арқылы күз ккрінністерін сезіне білуге,күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** күздің суреті,асатаяқ,бубен,домбыра
**Билингвалды компонент:** аспап – инструмент
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді.Шаттық шеңберін жасау.
Күзім- ау,күзім- ау,
Мінезің бұзық –ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық- ау.

- Балалар,қазір жылдың қай мезілі? Күз мезгілі.
- Ауа райы қандай? Құбылмалы
Табиғатта қандай құбылыстарды байқадыңдар? Жапырақтар сарғайып,күн салқындай бастады. Күзде жауын көп жауып, күн суытады.
- Күзді қалай атауға болады? Жемістер ,көкөністер піседі. Күзді көбінесе «Алтын күз», «жомарт күз» деп атайды.
**Ән айту:** «Күз» (Қ.Шілдебаев, И.Сапарбай) Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Әннің не туралы айтылғанын ұғып,соған орай жауап береді.
**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» (Құрманғазы) Құрманғазы – күй атасы. (суретін көрсету) Құрманғазы жастайынан зерек болған.Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың,соққан желдің,әрбір құбылыстың өзіне мән беріп,ести білген. Бала кезінде мал соңында жүріп,кішкене домбыра жасап алып, сол естігендерін домбыраға салып тартып үйренген. «Аман бол,шешем,аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған.Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын»

- Күй қалай орындалады? Балалардың жауабы.

- Көңілді ме, көңілсіз бе?  Көңілді
**Музыкалық аспаппен  танысу.** Сендер қазақтың киелі аспабы  домбырамен таныссыңдар.Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспап ол – асатаяқ.Бұл аспап ұрмалы аспапқа жатады.Оған  әртүрлі сылдырмақты,қоңыраулы әшекейлер қадайды.Музыка ырғағына қарай сілкіп  ойнайды.Асатаяқ ансамбльдегі басқа аспаптардың үнін көркемдеп,көріктендіреді. Музыкалық  аспапта ойнау: «Еркем – ай».Балалар кезектесіп шығып, әуенге ілесіп, ырғақпен сілкілеп ойнайды.Балалар аспаппен танысып,қолдарына алып қызықтап, әуенге ілесіп ырғақпен сілкілеп ойнауға тырысады.
- Балалар, біз қандай жыл мезгілі уралы айттық, қандай компзитормен таныстық?
- Қандай күй  тыңдадық? Ол күй не туралы?
- Қандай аспаппен таныстық. Жалпы іс – әрекеттен алған әсерлерін айтуға тырысады.Қорытындылау.

**Күтілетін  нәтиже:**
**Біледі:** күз  құбылыстарын  білуі керек.
**Игереді:** алтын күз,жомарт күз,асатаяқ деген ұғымдарды игереді.
**Меңгереді:** музыка ілесіп,ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 27-29.09.21ж
**Ұйымдастырылған  оқу қызметі:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің  аспаптар»   (қайталау)
**Мақсаты:** Қазақстан  күйшілердің  шығармашылығымен  таныстыру. Ән,музыка  арқылы күз ккрінністерін сезіне  білуге,күз құбылыстарын ажырата  білуге  үйрету.
**Көрнекілігі:** күздің  суреті,асатаяқ,бубен,домбыра
**Билингвалды  компонент:** аспап – инструмент
**Сабақтың  барысы:** Балалар  музыка залына көңілді әуенмен  кіреді.Шаттық  шеңберін жасау.

Күзім- ау,күзім- ау,
Мінезің  бұзық –ау.
Жаңбырың  сіркіреп,
Келгенің  қызық- ау.

- Балалар,қазір  жылдың  қай мезілі? Күз  мезгілі.
- Ауа  райы қандай?   Құбылмалы
Табиғатта  қандай  құбылыстарды  байқадыңдар?  Жапырақтар  сарғайып,күн  салқындай бастады. Күзде жауын көп жауып, күн суытады.
- Күзді  қалай  атауға болады? Жемістер ,көкөністер піседі. Күзді көбінесе «Алтын күз», «жомарт күз» деп атайды.
**Ән айту:** «Күз» (Қ.Шілдебаев, И.Сапарбай) Әнді музыка  жетекшісі орындап береді. Әннің не  туралы айтылғанын ұғып,соған  орай жауап береді.

**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» (Құрманғазы)  Құрманғазы – күй  атасы. (суретін көрсету) Құрманғазы жастайынан зерек  болған.Кішкене бала  кезден-ақ ұшқан құстың,соққан желдің,әрбір  құбылыстың өзіне мән  беріп,ести  білген. Бала кезінде мал соңында  жүріп,кішкене  домбыра жасап алып, сол естігендерін домбыраға  салып тартып үйренген. «Аман бол,шешем,аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін  шығарған.Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын»

- Күй қалай орындалады? Балалардың  жауабы.

- Көңілді ме, көңілсіз бе?  Көңілді

**Музыкалық аспаппен  танысу.** Сендер қазақтың киелі аспабы  домбырамен таныссыңдар.Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспап ол – асатаяқ.Бұл аспап ұрмалы аспапқа жатады.Оған  әртүрлі сылдырмақты,қоңыраулы әшекейлер қадайды.Музыка ырғағына қарай сілкіп  ойнайды.Асатаяқ ансамбльдегі басқа аспаптардың үнін көркемдеп,көріктендіреді. Музыкалық  аспапта ойнау: «Еркем – ай».Балалар кезектесіп шығып, әуенге ілесіп, ырғақпен сілкілеп ойнайды.Балалар аспаппен танысып,қолдарына алып қызықтап, әуенге ілесіп ырғақпен сілкілеп ойнауға тырысады.

- Балалар, біз қандай жыл мезгілі уралы айттық, қандай компзитормен таныстық?
- Қандай күй  тыңдадық? Ол күй не туралы?
- Қандай аспаппен таныстық. Жалпы іс – әрекеттен алған әсерлерін айтуға тырысады.Қорытындылау.

**Күтілетін  нәтиже:**
**Біледі:** күз  құбылыстарын  білуі керек.
**Игереді:** алтын күз,жомарт күз,асатаяқ деген ұғымдарды игереді.
**Меңгереді:** музыка ілесіп,ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын меңгереді.

**Күні:**   04.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Менің туыстарым»
**Мақсаты:**Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.
**Көрнекілігі:** Отбасының  суреті
**Билингвалды  компонент:** Менің  туысым – мой  родственник
**Сабақтың  барысы:**
**«Кел билейік»** (В.Конорова) әуенінің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау (боковой галоп). Санамақ айтып, көңілденуге шақырады. Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау.

*Атам маған аманда,*
*Әдепті жан бол деген.*
*Ата сөзі санамда,*
*Жасы үлкенге жол берем.* (А. Асылбек)

**Ойын: «Менің туыстарым».** Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, допты кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады, ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Музыка тыңдау: «Жан анам»**(Е.Өміров, Қ. Жәленова).
Композитор Е. Өміров туралы әңгімелеу.

**Дауыс жаттығуы**: «Әдемі ән». Жаттығуды орындағанда терең тыныс алып, дауыстарының бірқалыпты шығуын қадағалау.«Анашым» жаттығуында «а» дауысты дыбысын ауызды «дөңгелете» айту тәсілімен айтқызу, таза айтуларына көңіл бөлу.

**Ән үйрену:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О. Әубәкіров).Әнді орындап, сипаты мен көңіл күйі, мағынасы мен мазмұны туралы сұрайды. Әннің мәтінін үйретіп, әуенін еске сақтау үшін ырғақты шапалақпен көрсетулерін сұрайды.

**Әуенді-қимылды ойын** «Алтыбақан» Алтыбақанға қыздарды қошеметпен отырғызу, тербету ұлдарға тапсырылады. Ән-ойынды көңілді, жарқын дауыспен орындауды ұсынады.

**Оркестрде ойнау**: «Айгөлек» Музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстау тәсілін бақылайды.

Анаң – күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің,
Ағаң – қамқор асқарың,
Інің – мөлдір аспаның,
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

Әжең – асыл ардағың,
Атаң – дана қорғаның,
Қарындасың – қанатың
Ел-Отаның – жәннатың.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын! (М.Қуанышбеков)

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды.
**Игереді**: Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сақтауды.
**Меңгереді**: Ән мазмұнын тыңдап, әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

**Күні:** 06.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің туыстарым» (қайталау)
**Мақсаты:**Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға,

айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.
**Көрнекілігі:** Отбасының суреті
**Билингвалды компонент:** Менің туысым – мой родственник
**Сабақтың барысы:**
**«Кел билейік»** (В.Конорова) әуенінің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау (боковой галоп). Санамақ айтып, көңілденуге шақырады. Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау.
*Атам маған аманда,*
*Әдепті жан бол деген.*
*Ата сөзі санамда,*
*Жасы үлкенге жол берем.* (А. Асылбек)
**Ойын: «Менің туыстарым».** Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, допты кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады, ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.
**Музыка тыңдау: «Жан анам»**(Е.Өміров, Қ. Жәленова).
Композитор Е. Өміров туралы әңгімелеу.
**Дауыс жаттығуы**: «Әдемі ән». Жаттығуды орындағанда терең тыныс алып, дауыстарының бірқалыпты шығуын қадағалау.«Анашым» жаттығуында «а» дауысты дыбысын ауызды «дөңгелете» айту тәсілімен айтқызу, таза айтуларына көңіл бөлу.
**Ән үйрену:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О. Әубәкіров).Әнді орындап, сипаты мен көңіл күйі, мағынасы мен мазмұны туралы сұрайды. Әннің мәтінін үйретіп, әуенін еске сақтау үшін ырғақты шапалақпен көрсетулерін сұрайды.
**Әуенді-қимылды ойын** «Алтыбақан» Алтыбақанға қыздарды қошеметпен отырғызу, тербету ұлдарға тапсырылады. Ән-ойынды көңілді, жарқын дауыспен орындауды ұсынады.
**Оркестрде ойнау**: «Айгөлек» Музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстау тәсілін бақылайды.
Анаң – күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің,
Ағаң – қамқор асқарың,
Інің – мөлдір аспаның,
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

Әжең – асыл ардағың,
Атаң – дана қорғаның,
Қарындасың – қанатың
Ел-Отаның – жәннатың.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын! (М.Қуанышбеков)

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Игереді**: Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сақтауды.
**Меңгереді**: Өн мазмұнын тыңдап, әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

**Күні:** 11.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сабантойды тойлаймыз»
**Мақсаты:**Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі:** Сабантой мерекесінің суреті
**Билингвалды компонент:** Күзгі мереке – осенний праздник
**Сабақтың барысы: «Колхоздағы той»әуені** (Е.Брусиловский) орындалып, Жетекші балаларды қарсы алып,көңілді әуен ырғағына өз беттерінше таныс би қимылдарын орындатып,шығармашылық қабілеттерін байқайды. «Тұмарша», «шабандоз», «малдас құру» қимылдарындұрыс жасауларын қадағалайды,үйретеді.

Көрші байтақ өңірінде
Қызыл қырман береке
Астық толы көңілді
Қызық-думан мереке.

Әуен аяқталысымен балаларға қырман басына, егістікке баруды ұсынады.
**«Балбырауын»** (Құрманғазы) күйінің ырғағымен құлыншақ шабысын көрсете шеңбер бойымен жүреді.Жетекші «Қырманды», «Күзгі жиын-терін» атты суреттерді көрсетіп,әңгімелейді.
-Міне, қырмандағы жиын-терін де аяқталды.Халық қоймаларын астыққа толтырып, енді демалып,
Сабантой жасайды. Сабантой –еңбек қуанышы,молшылық мерекесі.Халық ән айтып,би билеп, түрлі ойындар ойнап, көңіл көтереді. Бүгінгі сабантойымызды «Тойбастар» күйін тыңдаудан бастаймыз.
**«Тойбастар»** күйін шығарған күйші Дина апамыз тоғыз жасынан бастап домбырада ойнаған.Атақты күйші Құрманғазының шәкірті. Балалардан күйден алған әсерлері туралы әңгімелеуді сұрайды.
**«Сабантой» әні** (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) орындалып,балаларға әннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажыратып, анықтауды ұсынады.Ән әуенін шапалақпен көрсетіп, ауыспалы сипатын анықтау.

Әр жыл сайын қарсы алып,
Сабантойды тойлаймыз.
Өлең айтып, ән салып,
Қызығына тоймаймыз.

«Теңге алу», «Сақина салу», «Алтыбақан» ұлттық ойындарын ұсынады. Ойын шарттарынның сақталуын,балардың белсене қатысуын ескертеді,мадақтайды.
**Би: «Көкпар»** биінің («Билеп үйренейік» жинағынан) кейбір элементтерінін үйретеді.
-Сабантой қай мезгілде тойланады? Күз мезгілінде.

-Сабантой қалай тойланады? Астық мол,ән айтылады,би билейді.
Сұрақтар қойылып, оқу іс-әрекетін меңгеру деңгейін анықтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: күй сипатын, мазмұнын ажыратуды, шығармаларды кіріспесінен немесе үзіндісінен танып білуді, әнді сипатына сай орындауды,дұрыс тыныс алуды, күй мазмұнын түсіне білуі керек.
**Игереді**: күй сипатын, мазмұнын ажыратуды, күйші-композитор Дина Нұрпейісова туралы мәліметті, ұлттық би элементтерін ырғақпен билеуді игереді.
**Меңгереді**: биде және ойында өзіндік қимылдар ойлап табады. Сабантой туралы біліп түсінеді, әнді таза, әуенмен жеке және хормен айту білуді

**Күні:** 13.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сабантойды тойлаймыз» (қайталау)
**Мақсаты:**Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі:** Сабантой мерекесінің суреті
**Билингвалды компонент:** Күзгі мереке – осенний праздник
**Сабақтың барысы: «Колхоздағы той»әуені** (Е.Брусиловский) орындалып, Жетекші балаларды қарсы алып,көңілді әуен ырғағына өз беттерінше таныс би қимылдарын орындатып,шығармашылық қабілеттерін байқайды. «Тұмарша», «шабандоз», «малдас құру» қимылдарындұрыс жасауларын қадағалайды,үйретеді.

Көрші байтақ өңірінде
Қызыл қырман береке
Астық толы көңілді
Қызық-думан мереке.

Әуен аяқталысымен балаларға қырман басына, егістікке баруды ұсынады.
**«Балбырауын»** (Құрманғазы) күйінің ырғағымен құлыншақ шабысын көрсете шеңбер бойымен жүреді.Жетекші «Қырманды», «Күзгі жиын-терін» атты суреттерді көрсетіп,әңгімелейді.
-Міне, қырмандағы жиын-терін де аяқталды.Халық қоймаларын астыққа толтырып, енді демалып,
Сабантой жасайды. Сабантой –еңбек қуанышы,молшылық мерекесі.Халық ән айтып,би билеп, түрлі ойындар ойнап, көңіл көтереді. Бүгінгі сабантойымызды «Тойбастар» күйін тыңдаудан бастаймыз.
**«Тойбастар»** күйін шығарған күйші Дина апамыз тоғыз жасынан бастап домбырада ойнаған.Атақты күйші Құрманғазының шәкірті. Балалардан күйден алған әсерлері туралы әңгімелеуді сұрайды.
**«Сабантой» әні** (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) орындалып,балаларға әннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажыратып, анықтауды ұсынады.Ән әуенін шапалақпен көрсетіп, ауыспалы сипатын анықтау.

Әр жыл сайын қарсы алып,

Сабантойды тойлаймыз.
Өлең айтып, ән салып,
Қызығына тоймаймыз.

«Теңге алу», «Сақина салу», «Алтыбақан» ұлттық ойындарын ұсынады. Ойын шарттарынның сақталуын,балардың белсене қатысуын ескертеді,мадақтайды.

**Би: «Көкпар»** биінің («Билеп үйренейік» жинағынан) кейбір элементтерінін үйретеді.

-Сабантой қай мезгілде тойланады? Күз мезгілінде.

-Сабантой қалай тойланады? Астық мол,ән айтылады,би билейді.

Сұрақтар қойылып, оқу іс-әрекетін меңгеру деңгейін анықтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: күй сипатын, мазмұнын ажыратуды, шығармаларды кіріспесінен немесе үзіндісінен танып білуді, әнді сипатына сай орындауды,дұрыс тыныс алуды, күй мазмұнын түсіне білуі керек.

**Игереді**: күй сипатын, мазмұнын ажыратуды, күйші-композитор Дина Нұрпейісова туралы мәліметті, ұлттық би элементтерін ырғақпен билеуді игереді.

**Меңгереді**: биде және ойында өзіндік қимылдар ойлап табады. Сабантой туралы біліп түсінеді, әнді таза, әуенмен жеке және хормен айту білуді

**Күні:**18.10.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Күзгі серуен»

**Мақсаты:**Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Балалардың серуендеп жүрген суреті.

**Билингвалды компонент:** Күз – Осень

**Сабақтың барысы:** Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі.

Жетекші:

*Ай жапырақ, сары алтын,*
*Айналамның бәрі алтын,*
*Қуандырып біздерді*
*Сары алтын күз келді!*

- балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма? Ұнайды.

Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық.

**Марш** (Е.Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады.

- Күзгі баққа да келдік! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты. Жұмбақ шешіңдерші.

*Ағайынды бәрі,*
*Шықса көк,*
*Түссе сары.* Бұл не? (Жапырақ)

Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік.

**«Күзгі жапырақтар»** («Вальс» П.И.Чайковский) биін үйретеді.

Орыс композиторы П. И. Чайковский мен танысу.

Композитордың «Аққу көлі», «Гүлдер вальсі» және «Жыл мезгілдері» атты шығармалары

бар.
**Ән тыңдау: «Күзгі ән»** үнтаспада немесе күйсандықта орындалады.
Дауыс жаттығулары «Күзгі жапырақ», «Күзгі жел» әндеріне жасалады. Терең тыныс алып, дауысты еркін шығаруға үйретеді.
**«Күз»** (Қ.Шілдебаев) әнін қайталауды ұсынады. Әнді мәнерлеп айтуға үйретеді.
**Жаңа ән: «Күз»** (Ақтоты Райымқұлова, Қ. Жұмағалиев). Композитордың балаларға арнап жазған әндері өте көп. Мысалы, *«Торғай», «Жасыл шырша», «Тайтұяқ пен асатаяқ».*
Әнді орындап, сипатын ажыратуды, мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.
**Қимылды ән-ойын: «Етек-етек».** Ойын шартын, мәтінін алдын ала түсіндіріп үйретеді.
Құстар атрибуттары қолданылады. -
Балалар, сендерге күзгі бақ ұнады ма? Ұнады.
- «Күзгі ән» шығармасын жазған қай композитор? Ә.Тәжібаев.
- Үйренген жаңа әніміз қалай аталады? Күз әні
Балаларды мадақтайды. Сабақты қорытындылайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді бір қалыпты мәнерлеп айтуды, тыңдаған шығармаларды қабылдап сезінуді, сипаттауды білу керек.
**Игереді**: музыканы есту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратады.
Композиторлар П.И.Чайковский және А.Райымқұлова туралы түсінік алады.
**Меңгереді**: әнді табиғи дауыспен орындайды. Шығармалардың мазмұнын сипаттай алады. Әуенге ілесе мәнерлі қимылдай біледі.

**Күні:** 20.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі серуен» (қайталау)
**Мақсаты:**Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың серуендеп жүрген суреті.
**Билингвалды компонент:** Күз – Осень
**Сабақтың барысы:** Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі.
Жетекші:

*Ай жапырақ, сары алтын,*
*Айналамның бәрі алтын,*
*Қуандырып біздерді*
*Сары алтын күз келді!*
- балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма? Ұнайды.
Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық.
**Марш** (Е.Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады.
- Күзгі баққа да келдік! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты. Жұмбақ шешіңдерші.
*Ағайынды бәрі,*
*Шықса көк,*
*Түссе сары.* Бұл не? (Жапырақ)
Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік.
**«Күзгі жапырақтар»** («Вальс» П.И.Чайковский) биін үйретеді.
Орыс композиторы П. И. Чайковский мен танысу.
Композитордың «Аққу көлі», «Гүлдер вальсі» және «Жыл мезгілдері» атты шығармалары бар.

**Ән тыңдау: «Күзгі ән»** үнтаспада немесе күйсандықта орындалады.
Дауыс жаттығулары «Күзгі жапырақ», «Күзгі жел» әндеріне жасалады. Терең тыныс алып, дауысты еркін шығаруға үйретеді.
**«Күз»** (Қ.Шілдебаев) әнін қайталауды ұсынады. Әнді мәнерлеп айтуға үйретеді.
**Жаңа ән: «Күз»** (Ақтоты Райымқұлова, Қ. Жұмағалиев). Композитордың балаларға арнап жазған әндері өте көп. Мысалы, *«Торғай», «Жасыл шырша», «Тайтұяқ пен асатаяқ».*
Әнді орындап, сипатын ажыратуды, мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.
**Қимылды ән-ойын: «Етек-етек».** Ойын шартын, мәтінін алдын ала түсіндіріп үйретеді.
Құстар атрибуттары қолданылады. -
Балалар, сендерге күзгі бақ ұнады ма? Ұнады.
- «Күзгі ән» шығармасын жазған қай композитор? Ә.Тәжібаев.
- Үйренген жаңа әніміз қалай аталады? Күз әні
Балаларды мадақтайды. Сабақты қорытындылайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді бір қалыпты мәнерлеп айтуды, тыңдаған шығармаларды қабылдап сезінуді, сипаттауды білу керек.
**Игереді**: музыканы есту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратады.
Композиторлар П.И.Чайковский және А.Райымқұлова туралы түсінік алады.
**Меңгереді**: әнді табиғи дауыспен орындайды. Шығармалардың мазмұнын сипаттай алады. Әуенге ілесе мәнерлі қимылдай біледі.

**Күні:** 25 .10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдасырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жайлаудағы төлдер»
**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу.
**Көрнекілігі:** бұзау,қозы,құлыншақ.
**Билингвалды компонент:** Төлдер – детенуша животный.
**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды көңілді қарсы алады.Амандасу жаттығуы айтуды ұсынады,дыбыстарды таза айтуға үйретеді.Үнтаспада орындалған М.Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге,өз жұптарын табуға үйретеді.Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек,қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп,бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.
Б.Дәлденбай өңдеген **«Хайләйлім»** әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.
*Құлындарым кісінеп,боталарым боздайды.*
*Бұзауларым мөңіреп,қойым ерте қоздады.*
Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.
**Дидактикалық ойын:** «Анасын тап!»
*Ән салайық,шырқатайық,*
*Әуеніне тамсанайық*
*Ойыншықтар әнін біз,*
*Үйренейік,айтайық.*
**Би: «Шөжелерім»** (Қыздарға),
**«Тұлпарым»** (ұлдарға, «Б.Бисенова жинағынан») биін үйретеді («Билеп үйренейік»

жинағында үлгілері көрсетіледі).
Б.Дәлденбай өңдеген **«Хайләйлім»** әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.
*Құлындарым кісінеп,*
*Боталарым боздайды.*
*Бұзауларым мөңіреп,*
*Қойым ерте қоздады.*
Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.

**Қимылды ойын: «Кімге қай төл ұнайды?»**Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады.Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп,сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді.Бұл ойынды қайталап үйретіп,төлдер жарысын өткізуге болады.Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып,белгіні айналып келіп орнына тұрады.

Балалардан қайда барғанын сұрайды? Жайлауға деп, жауап береді.
-Хайләйлім шығармасының композиторы кім? Халық әні. -
Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар? Балалардың жауабы.
-Бүгін қандай ән үйрендік? «Шөжелерім, тұлпарым.»
Балаларды мақтайды, мадақтайды,қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әндә мәтінімен мәнерлеп айтуды.
**Игереді:**музыканы тыңдап,ойын арқылы төлдерді табуды.
**Меңгереді:**музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, «Шөжелерім», «Тұлпарым» биін билеуді.

**Күні:** 27.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдасырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жайлаудағы төлдер» (қайталау)
**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу.
**Көрнекілігі:** бұзау,қозы,құлыншақ.
**Билингвалды компонент:** Төлдер – детенуша животный.
**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды көңілді қарсы алады.Амандасу жаттығуы айтуды ұсынады,дыбыстарды таза айтуға үйретеді.Үнтаспада орындалған М.Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге,өз жұптарын табуға үйретеді.Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек,қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп,бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.
Б.Дәлденбай өңдеген **«Хайләйлім»** әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.
*Құлындарым кісінеп,боталарым боздайды.*
*Бұзауларым мөңіреп,қойым ерте қоздады.*
Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.
**Дидактикалық ойын:** «Анасын тап!»

*Ән салайық,шырқатайық,*
*Әуеніне тамсанайық*
*Ойыншықтар әнін біз,*
*Үйренейік,айтайық.*
**Би: «Шөжелерім»** (Қыздарға),
**«Тұлпарым»** (ұлдарға, «Б.Бисенова жинағынан») биін үйретеді («Билеп үйренейік» жинағында үлгілері көрсетіледі).
Б.Дәлденбай өңдеген **«Хайләйлім»** әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.
*Құлындарым кісінеп,*
*Боталарым боздайды.*
*Бұзауларым мөңіреп,*
*Қойым ерте қоздады.*
Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.

**Қимылды ойын: «Кімге қай төл ұнайды?»**Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады.Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп,сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді.Бұл ойынды қайталап үйретіп,төлдер жарысын өткізуге болады.Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып,белгіні айналып келіп орнына тұрады.

Балалардан қайда барғанын сұрайды? Жайлауға деп, жауап береді.
-Хайләйлім шығармасының композиторы кім? Халық әні. -Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар? Балалардың жауабы.
-Бүгін қандай ән үйрендік? «Шөжелерім, тұлпарым.»
Балаларды мақтайды, мадақтайды,қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әндә мәтінімен мәнерлеп айтуды.
**Игереді:**музыканы тыңдап,ойын арқылы төлдерді табуды.
**Меңгереді:**музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, «Шөжелерім», «Тұлпарым» биін билеуді.

**Күні:** 01.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Музыка әлеміне саяхат»
**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. таныс би қимылдарын қолдана отырып,ойдан би шығару іс-әрекеттерін мадақтау. Балаларды музыка әлеміне таныстыру арқылы ұлттық мәдениеті мізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.
**Көрнекілігі:**Абай атындағы опера және балет театрының ,опера әншілері Мен бишілерінің суреттері.
**Билингвалды компонент:** Саяхат - путешествовать
**Сабақтың барысы:** Бүгін біз балалардың арасынан ұйымдастырылған «Ән-би» жарысына саяхатқа барамыз,-деп, «Бақытты балалық шақ»әнімен қарсы алады. Балалар, музыка әлеміне саяхатқа «пойызбен» барамыз. Ең алдымен Абай атындағы Опера және

балет театрына барып көрейік, -деп, әнші қызға әннің кезегін береді. «Тәтті-тәтті» М.Жаутіковтың әнімен билеп барамыз.Әншіге тұруды, жүруді, әртістік қабілетін еркін айтуын көрсетіп, үйретеді. Зал төрінде үлкен теледидар немесе интерактивті тақта.
- Балалар, қош, келдіңдер Абай атындағы Опера және балет театрына. Қойылым қойылған кезде
шуламай,мұқият тыңдау керек.
**Ән тыңдау:** «Елім – ай» әнін (Н. Меңдіғалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды. Келесі тыңдайтындарыңыз «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.
- Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар? Абай атындағы опера.
- Әнші қандай ән айтты? «Елім-ай»
- Даусы қандай екен? Сабырлы айтты.
- Диапазоны жогары ма? Жоғары.
- Қандай биді көрдіңдер? Балет биін.
- Биді шапшаң немесе жәй ырғақта биледі ме? Жылдам,көңілді,жігерлі биледі.
- Сендер –өте белсенді қатыстыңдар,ондай болса пойызбен үйге қайтайық. Қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап,сипаттарын ажырата білу керек. Әнді мәнерлеп айтып, сезіне біледі.
**Игереді:** Музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанрдағы ойындарын.
**Меңгереді:** Музыка ырғағымен би түрлерін жасауды меңгерді.

**Күні:** 03.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Музыка әлеміне саяхат» (қайталау)
**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.
таныс би қимылдарын қолдана отырып,ойдан би шығару іс-әрекеттерін мадақтау. Балаларды музыка әлеміне таныстыру арқылы ұлттық мәдениеті мізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.
**Көрнекілігі:** Абай атындағы опера және балет театрының ,опера әншілері Мен бишілерінің суреттері.
**Билингвалды компонент:** Саяхат - путешествовать
**Сабақтың барысы:** Бүгін біз балалардың арасынан ұйымдастырылған «Ән-би» жарысына саяхатқа барамыз,-деп, «Бақытты балалық шақ»әнімен қарсы алады. Балалар, музыка әлеміне саяхатқа «пойызбен» барамыз. Ең алдымен Абай атындағы Опера және балет театрына барып көрейік, -деп, әнші қызға әннің кезегін береді. «Тәтті-тәтті» М.Жаутіковтың әнімен билеп барамыз.Әншіге тұруды, жүруді, әртістік қабілетін еркін айтуын көрсетіп, үйретеді. Зал төрінде үлкен теледидар немесе интерактивті тақта.
- Балалар, қош, келдіңдер Абай атындағы Опера және балет театрына. Қойылым қойылған кезде
шуламай,мұқият тыңдау керек.
**Ән тыңдау:** «Елім – ай» әнін (Н. Меңдіғалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды. Келесі тыңдайтындарыңыз «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.
- Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар? Абай атындағы опера.
- Әнші қандай ән айтты? «Елім-ай»
- Даусы қандай екен? Сабырлы айтты.
- Диапазоны жогары ма? Жоғары.
- Қандай биді көрдіңдер? Балет биін.

- Биді шапшаң немесе жәй ырғақта биледі ме? Жылдам,көңілді,жігерлі биледі.
- Сендер –өте белсенді қатыстыңдар,ондай болса пойызбен үйге қайтайық. Қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап,сипаттарын ажырата білу керек. Әнді мәнерлеп айтып, сезіне біледі.
**Игереді:** Музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанрдағы ойындарын.
**Меңгереді:** Музыка ырғағымен би түрлерін жасауды меңгерді.

**Күні:** 08.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қайырлы таң»
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату**.** Ұлттық домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру, жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрену.
**Көрнекілігі:** музыкалық аспаптар,асатаяқ, бубен.
**Билингвалды компонент:** аспаптар – инструменты.
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка әуенімен залда қарсы алады. Әрбір атқан таңымыз арайлы,бәріміздің жүзіміз жарқын, көңілді,құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса әрбір таңымыз жарқын болады. Музыка тыңдау: «Бұл-бұл» (Д.Нүрпейісова)Д.Нүрпейісова күйші композитор. Дина тоғыз жасынан күй тартып, Құрманғазыдан күй үйренген,кейін өзі күй шығаратын болған. Динаның «Әсем қоңыр»,«Бұл-бұл», «Жеңіс».
***Ән айту:*** өткен әндерді қайталау.
***Ән үйрену:*** «Қайырлы таң» (Е.Өміров,А.Тойшанұлы) Ән сабырлы,шырқай салынады. Музыкалық аспапта ойнау: домбыра,асатаяқ, бубен.Ұрмалы аспатың ойналататын техникасын көрсету. «Еркем-ай» әніне ырғақпен ұрып көрсету.Бірнеше балаларды шығарып асатаяқ,бубенмен әуенге ілесіп ойнау.Балалардың қалауы бойынша үйренген билерді қайталау.
- Бүгін қандай композитормен таныстық? Д.Нүрпейісова апамызбен.
- Қандай күй тыңдадық? «Саржайлау» күйі.
- Әнде не туралы шырқалды? Балалардың жауабы.
- Қандай аспаппен таныстық? Ұрмалы аспаптармен таныстық.
- Сендерге қандай әс- әрекет ұнады? Ән айту.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Түрлі табиғат құбылыстары аспаптың күй тілінде сайратынын білуі керек.
**Игереді:** асатаяқ,бубен деген түсініктерді.
**Меңгереді:** жаңа музыкалық аспапта ойнау.

**Күні:** 10.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық

**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қайырлы таң» (қайталау)
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату**.** Ұлттық домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру, жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрену.
**Көрнекілігі:** музыкалық аспаптар,асатаяқ, бубен.
**Билингвалды компонент:** аспаптар – инструменты.
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка әуенімен залда қарсы алады. Әрбір атқан таңымыз арайлы,бәріміздің жүзіміз жарқын, көңілді,құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса әрбір таңымыз жарқын болады. Музыка тыңдау: «Бұл-бұл» (Д.Нүрпейісова)Д.Нүрпейісова күйші композитор. Дина тоғыз жасынан күй тартып, Құрманғазыдан күй үйренген,кейін өзі күй шығаратын болған. Динаның «Әсем қоңыр»,«Бұл-бұл», «Жеңіс».
**Ән айту:** өткен әндерді қайталау.
**Ән үйрену:** «Қайырлы таң» (Е.Өміров,А.Тойшанұлы) Ән сабырлы,шырқай салынады. Музыкалық аспапта ойнау: домбыра,асатаяқ, бубен.Ұрмалы аспатың ойналататын техникасын көрсету. «Еркем-ай» әніне ырғақпен ұрып көрсету.Бірнеше балаларды шығарып асатаяқ,бубенмен әуенге ілесіп ойнау.Балалардың қалауы бойынша үйренген билерді қайталау.
- Бүгін қандай композитормен таныстық? Д.Нүрпейісова апамызбен.
- Қандай күй тыңдадық? «Саржайлау» күйі.
- Әнде не туралы шырқалды? Балалардың жауабы.
- Қандай аспаппен таныстық? Ұрмалы аспаптармен таныстық.
- Сендерге қандай әс- әрекет ұнады? Ән айту.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Түрлі табиғат құбылыстары аспаптың күй тілінде сайратынын білуі керек.
**Игереді:** асатаяқ,бубен деген түсініктерді.
**Меңгереді:** жаңа музыкалық аспапта ойнау.

**Күні:** 15 .11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Ақ әжем
**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау**.** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдау. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді,ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп,еске сақтауға дағдаландыру.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті
**Билингвалды компонент:** Әже – бабушка
**Сабақтың барысы:** Балаларға «марш» екпінімен кіріп,шеңбер бойымен жүруді ұсынады.Әуен аяқталысымен зал ішінде шашрап жүгіруді, «Марш» ойналғанда қайтадан өз орындарын тауып,әуен ырғағымен жүруді ұсынады. «Вальс» (П.Чайковский)орыдалып,балаларға жұптасып тұрып,өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасауды сұрайды.Әуен аяқталысымен отырып жайғасуды ұйымдастырады. «Менің әжем» атты суреттерді көрсетіп,өз әжелеріне арналған өлең тақпақтардан сайыс ұйымдастырылады.

Мейірімі-жел жібек,
Күндей ыстық құшағы.
Ет жүрегі елжіреп,
«Құлыным»деп құшады. (С.Мәуленов)

**Музыка тыңдау:** «Ақ әжем» (Қ.Қуатбаев,О.Әубәкіров) әнән орындап, балалардан ән сипатын,мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.

Құртпен майды жинаған,
Балаларға силаған.
Бұл әжемнің өмірі,
Таусылмайтын жыр маған.(Х.Талғаров)

**Дауыс жаттығуы**: «Әлди-әлди» және «Ән шырқайық» Дауыс диапазондарын ескеріп,дикциясына көңіл бөледі.

**Ән үйрену**: «Сағындым әжем» (Б.Бейсенова) Әуенді орындап,балаларға сұрақтар қояды.

- Әже деген кім? Ана,дана,қамқоршы.
- Сенің әжең кімнің анасы? Әкешімнің анасы.

Әуенді қимылды ойын: «Сырмақ жасайық»

Саусақтарым майысып,
Ою- өрнек оямын.
Төрімізге жанатын.
Сырмақ жасап қоятын.

**Дидактикалық ойын:** «Қай аспапта ойнаймын?» Ұлттық ішекті үрмелі аспаптарды қолдану. Дауысын тыңдап, ажыратуын,үлестірмелі текшелерден тауып көрсетуді сұрайды.Ұнаған аспаптарын тыңдап алып, оркестр құруды ұсынады. «Сәулем-ай» халық әніне оркестрде ойнауды жалғастыру.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** лирикалық сипаттағы әуендерді ажыратуды, дыбыс биіктігін анықтауды, ұлттық би қимылдарын билеуді, ою түрлерін есте сақтауды білуі керек.
**Игереді:** «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» оюлар түрі мен би элементтерін үйренеді,ән мазмұндағы көңіл күйді сезінеді.
**Меңгереді**:сабырлы әуенді созылта әндетеді, ырғақтың мәнерін түсінеді.

**Күні:** 17.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Ақ әжем (қайталау)
**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау**.** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдау. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді,ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп,еске сақтауға дағдаландыру.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті
**Билингвалды компонент:** Әже – бабушка
**Сабақтың барысы:** Балаларға «марш» екпінімен кіріп,шеңбер бойымен жүруді ұсынады.Әуен аяқталысымен зал ішінде шашрап жүгіруді, «Марш» ойналғанда қайтадан

өз орындарын тауып,әуен ырғағымен жүруді ұсынады. «Вальс» (П.Чайковский)орыдалып,балаларға жұптасып тұрып,өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасауды сұрайды.Әуен аяқталысымен отырып жайғасуды ұйымдастырады. «Менің әжем» атты суреттерді көрсетіп,өз әжелеріне арналған өлең тақпақтардан сайыс ұйымдастырылады.

Мейірімі-жел жібек,
Күндей ыстық құшағы.
Ет жүрегі елжіреп,
«Құлыным»деп құшады. (С.Мәуленов)

**Музыка тыңдау:** «Ақ әжем» (Қ.Қуатбаев,О.Әубәкіров) әнән орындап, балалардан ән сипатын,мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.

Құртпен майды жинаған,
Балаларға силаған.
Бұл әжемнің өмірі,
Таусылмайтын жыр маған.(Х.Талғаров)

**Дауыс жаттығуы**: «Әлди-әлди» және «Ән шырқайық» Дауыс диапазондарын ескеріп,дикциясына көңіл бөледі.

***Ән үйрену***: «Сағындым әжем» (Б.Бейсенова) Әуенді орындап,балаларға сұрақтар қояды.

- Әже деген кім? Ана,дана,қамқоршы.
- Сенің әжең кімнің анасы? Әкешімнің анасы.

Әуенді қимылды ойын: «Сырмақ жасайық»

Саусақтарым майысып,
Ою- өрнек оямын.

Төрімізге жанатын.
Сырмақ жасап қоятын.

**Дидактикалық ойын:** «Қай аспапта ойнаймын?» Ұлттық ішекті үрмелі аспаптарды қолдану. Дауысын тыңдап, ажыратуын,үлестірмелі текшелерден тауып көрсетуді сұрайды.Ұнаған аспаптарын тыңдап алып, оркестр құруды ұсынады. «Сәулем-ай» халық әніне оркестрде ойнауды жалғастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** лирикалық сипаттағы әуендерді ажыратуды, дыбыс биіктігін анықтауды, ұлттық би қимылдарын билеуді, ою түрлерін есте сақтауды білуі керек.
**Игереді:** «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» оюлар түрі мен би элементтерін үйренеді,ән мазмұндағы көңіл күйді сезінеді.
**Меңгереді**:сабырлы әуенді созылта әндетеді, ырғақтың мәнерін түсінеді.

**Күні:** 22.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Орманда серуендейміз»

**Мақсаты:** Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыкаға сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып,би ойластыру.
Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақың мәнерлігін түсініп, ажырату.
**Көрнекілігі:**үнтаспа, диск
**Билингвалды компонент:** Орман – лес
**Сабақтың барысы:** П.ИЧайковскийдің «Қаңтар» шығармасымен таныстырады.
- Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып,тыныс шығарамыз.
**Дауыс жаттығуы**:«Қыс».
**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев,Е.Елубай).
-Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?
-Енді П.И Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тағы да, тыңдап, салыстырыңдар.Қандай ерекшеліктері бар?
Қандай дыбыстарды естисіңдер?
-«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?Балалар әнді тыңдап,сипатын ажыратуға тырысады. У-у-у-у-у
«О» дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О-о-о-о-о
«У» дыбысын үзіп айтуға тырысады. Балалар,қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады? -Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі. Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық**.**
**Ән үйрену:** «Ақша қар» (Е.Өміров, Қ.Жәленов) әнін айтып үйренуді ұсынады. Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау,жалғастыру.
Би: «Ұлпақарлар» вальс ырғағына үйретеді.
-Қандай копмозитордың шығармасын тыңдадық? П.И.Чайковский
-Қандай әндер айттыңдар? Жаңа жыл туралы.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкадағы дыбыс жоғарылығын ырғақтың мәнерлілігін түсініп ажырату,әннің ырғағын сақтау.
**Игереді**:музыка мен дауыс жаттығуын айту,глиссандо жасауды,үзіп айтуды.Шығарманы дұрыс табуды.
**Меңгереді**: вальс ырғағымен жүруді.

**Күні:** 24-29.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Орманда серуендейміз» (қайталау)
**Мақсаты:** Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыкаға сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып,би ойластыру.
Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақың мәнерлігін түсініп, ажырату.
**Көрнекілігі:**үнтаспа, диск
**Билингвалды компонент:** Орман – лес
**Сабақтың барысы:** П.ИЧайковскийдің «Қаңтар» шығармасымен таныстырады.
- Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып,тыныс шығарамыз.

**Дауыс жаттығуы**:«Қыс».
**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев,Е.Елубай).
-Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?
-Енді П.И Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тағы да, тыңдап, салыстырыңдар.Қандай ерекшеліктері бар?
Қандай дыбыстарды естисіңдер?
-«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?Балалар әнді тыңдап,сипатын ажыратуға тырысады. У-у-у-у-у
«О» дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О-о-о-о-о
«У» дыбысын үзіп айтуға тырысады. Балалар,қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады? -Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі. Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық**.**
**Ән үйрену:** «Ақша қар» (Е.Өміров, Қ.Жәленов) әнін айтып үйренуді ұсынады. Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау,жалғастыру.
Би: «Ұлпақарлар» вальс ырғағына үйретеді.
-Қандай копмозитордың шығармасын тыңдадық? П.И.Чайковский
-Қандай әндер айттыңдар? Жаңа жыл туралы.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкадағы дыбыс жоғарылығын ырғақтың мәнерлілігін түсініп ажырату,әннің ырғағын сақтау.
**Игереді**:музыка мен дауыс жаттығуын айту,глиссандо жасауды,үзіп айтуды.Шығарманы дұрыс табуды.
**Меңгереді**: вальс ырғағымен жүруді.

**Күні:** 06.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сүйікті қалам Алматы»
**Мақсаты:** Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Алатаудың көрінісін бейнелейтін сурет.Н. Тілендиевтің портреті
**Билингвалды компонент:** Сүйікті қалам Алматы – Любимый город Алма-ата
**Сабақтың барысы:** Сазгер «Мерекелік марш» әуенімен Жамбыл атындағы филармонияға дирижер Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға барады. Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар барлығын естеріне сақтауларын сұрайды. Балаларға композитор Н.Тілендиевтің суретін көрсетеді. Н.Тілендиев –композитор, күйші, дирижер екенін айтып,көгілдір экранға назар аударады. Н.Тілендиевтің өмірінен «Отырар сазы» оркестірінің концертінен үзінділерді.
**Дидактикалық ойын:** «Үш би» Би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету**.**
**Музыка тыңдау:** «Вальс»(П.И.Чайковскийдің) шығармасын тыңдайды.

**Ән үйрену**: «Алатау»(Н.Тілендиев) Әннің мазмұнына тоқталады. Би: «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тыңдатады.Сазгер домбырада орындап береді. Викторина: «Аспаптардың дыбысын ажырат» Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады. Балаларды мақтау,мадақтау. Бүгінгі сазды әуеннен алған әсерін бейнелеу арқылы жеткізуін тапсырады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыкалық шығармаларды тыңдап, сипатын ажыраты білу керек.Әнді мәнерлеп айта біледі.
**Игереді:** дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалана білуді, аспаптарды тыңдап, дауысын ажырата білуді, аспапта ойнауды.
**Меңгереді:** музыканы тыңдап, би ырғақтарына қимылдауды меңгереді.

**Күні:** 08.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сүйікті қалам Алматы» (қайталау)
**Мақсаты:** Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Алатаудың көрінісін бейнелейтін сурет.Н. Тілендиевтің портреті
**Билингвалды компонент:** Сүйікті қалам Алматы – Любимый город Алма-ата
**Сабақтың барысы:** Сазгер «Мерекелік марш» әуенімен Жамбыл атындағы филармонияға дирижер Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға барады. Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар барлығын естеріне сақтауларын сұрайды. Балаларға композитор Н.Тілендиевтің суретін көрсетеді. Н.Тілендиев –композитор, күйші, дирижер екенін айтып,көгілдір экранға назар аударады. Н.Тілендиевтің өмірінен «Отырар сазы» оркестірінің концертінен үзінділерді.
**Дидактикалық ойын:** «Үш би» Би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету.
**Музыка тыңдау:** «Вальс»(П.И.Чайковскийдің) шығармасын тыңдайды.
**Ән үйрену**: «Алатау»(Н.Тілендиев) Әннің мазмұнына тоқталады. Би: «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тыңдатады.Сазгер домбырада орындап береді. Викторина: «Аспаптардың дыбысын ажырат» Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады. Балаларды мақтау,мадақтау. Бүгінгі сазды әуеннен алған әсерін бейнелеу арқылы жеткізуін тапсырады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыкалық шығармаларды тыңдап, сипатын ажыраты білу керек.Әнді мәнерлеп айта біледі.
**Игереді:** дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалана білуді, аспаптарды тыңдап,

дауысын ажырата білуді, аспапта ойнауды.
**Меңгереді:** музыканы тыңдап, би ырғақтарына қимылдауды меңгереді.

**Күні:** 13 .12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жомарт өлкем»
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұны, олардың сипаты, көңілді күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.
**Көрнекілігі:** ноталар, нота сызықтары.
**Билингвалды компонент:** Өлке - край.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Менің елім» (Н.Назарбаев,Б.Тілеухан) қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді.
Туған жердің жырларын,
Қызғалдақтай терейік.
Кең өлкенің қырларын,
Жүр, аралап келейік! – деп ақын М. Әләімбаев туған жерін осылай жырлапты.
Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін (Л. Хамиди)отырып тыңдайды - Әнді кім жазады? Ақындар жазады. Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.
**Дидактикалық ойын**: «Ноталарды орналастыр». -Қандай ноталар болады?
-Ән қанша нотадан құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбег і сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамилон жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы. Алтынсариннның «Кел, балалар, оқылық» өлеңінеән жазған, тағы да көп деген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады.(Нота сызықтары мен ноталар) Соль, фа, ми, ре, до, до, ре. Ән саламыз өз – ге – ше – деп әндетіп, күйсандықта тартады. Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды.Қолымен жоғарыдан төменгі сермеп көрсетеді.
- Ең жоғарғы қай нотадан басталады?
- Соль нотасымен айтамыз, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар.
- Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз,ал қалғанын өздерің орналыстырыңдар.
**Дауыс жаттығуы:** «Жаттығамыз өзгеше»(И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова)
**Ән үйрену:** «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев).

«Алатау», «Байтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап ойнауын ұсынады.
- Айтқан әндерің ұнады ма?
- Ол әнді қай композитор жазды?
Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.

**Игереді:** ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.
**Меңгереді:**ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді

**Күні:** 15.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жомарт өлкем» (қайталау)
**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұны, олардың сипаты, көңілді күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.
**Көрнекілігі:** ноталар, нота сызықтары.
**Билингвалды компонент:** Өлке - край.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Менің елім» (Н.Назарбаев,Б.Тілеухан) қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді.
Туған жердің жырларын,
Қызғалдақтай терейік.
Кең өлкенің қырларын,
Жүр, аралап келейік! – деп ақын М. Әләімбаев туған жерін осылай жырлапты.
Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін (Л. Хамиди)отырып тыңдайды - Әнді кім жазады? Ақындар жазады. Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.
**Дидактикалық ойын**: «Ноталарды орналастыр».
-Қандай ноталар болады?
-Ән қанша нотадан құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбег і сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамилон жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы. Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық» өлеңінеән жазған, тағы да көп деген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады.(Нота сызықтары мен ноталар) Соль, фа, ми, ре, до, до, ре. Ән саламыз өз – ге – ше – деп әндетіп, күйсандықта тартады. Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды.Қолымен жоғарыдан төменгі сермеп көрсетеді.
- Ең жоғарғы қай нотадан басталады?
- Соль нотасымен айтамыз, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар.
- Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз,ал қалғанын өздерің орналыстырыңдар.
**Дауыс жаттығуы:** «Жаттығамыз өзгеше»(И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова)
**Ән үйрену:** «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев).

«Алатау», «Байтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап ойнауын ұсынады.
- Айтқан әндерің ұнады ма?
- Ол әнді қай композитор жазды?
Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.
**Игереді:** ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.
**Меңгереді:**ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді

**Күні:** 20.12.21 ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Гүлдене бер, Астана!»
**Мақсаты**: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыкалық динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.
**Көрнекілігі:**Суреттер, дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер.
**Билингвалды компонент**: Қала – Город
**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды «Көңілді марш»ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені,жаттығуды бастаймыз.
Бір-екі,бір-екі, адымдап біз жүреміз,-деп, « Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады.Балаларға пойызға отырып,Нұрсұлтанға аттануды ұсынады.Рэп ырғағымен әндетеді:
Гүлдене бер, Нұрсұлтан!
Пыш, пыш,пыш,пыш.
Нұрсұлтанымыз-бас қала!
Гу,гу,гу,гу
Жасай берсін кең дала!
Бір,екі,үш,төрт, Тоқтатамыз пойызды,
Пыш,пыш,пыш,пыш. Екі рет қайталайды. Балаларға иллюстрацияны пайдаланып (көгілдір экранда) Нұрсұлтан қаласы туралы түсінік береді.
Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана!»(А.Әлиев, Н.Айтұлы)әнін тыңдауды ұсынады.Әннің мазмұнына, әуеніне,ырғағына көңіл бөлуді сұрайды.
-Нұрсұлтан қандай қала?Ғимараттары көп, үлкен әсем қала.
-Әннің сипатын ажырат. Дидактикалық ойын: «Сипатын ажырат» Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек таратып беріп,Қ.Құсайыновтың «Сәби қуанышы» шығармасын «Асқақта, Астана» әнін; П.Чайковскийдің «Қазан» шығармасын тыңдап,ажыратуды ұсынады.
Дауыс жаттығуы: «Менің елім» (Г.Абдрахманова)әнін бірнеше рет айтқызады. Ән үйрену: «Байтерек»(Б.Әлімжан, Ж.Маханбетова)
Байтерек туралы бірнеше сұрақтар қояды.Ән салғанда олардың сөзін анық айтуына назар аударады. Би: «Қара жорға»Балаларды тұрғызып,
би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын», қимылдары иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ырғатылып қимылдауын үйретеді. Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Ойын: «Мен күйшімін», Балаларды шеңберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді. Бастаушы үнтаспадан берілген күйге шеңбер ішімен айнала билеп жүреді, балалар бір орнында билеп тұрады. Күй тоқтағанда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра қалады, оң жақтағы бала оңға қарай, сол жақтағы бала солға қарай шеңбердің сыртымен билеп келіп, қай бастаушы баладан домбыраны алса, сол бала бастаушы болып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

- Музыканы тыңдаған ұнай ма? Ия, ұнайды.
- Кім әнді жеке айтқысы келеді?Балалардың жауабы.
- Қандай композиторларды білесіңдер?П.Чайковский деп жауап береді.
- Келесі жолы барлық тыңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз?
- Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер, жарайсыңдар бүгін барлықтарыңа күліп тұрған смайликті табыстаймын.Хош,сау,болыңдар!

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:музыканы,ырғақты сезіну, сипаттарды ажырата біліу керек.Музыканың динамикасына,қарқынын білуі керек.
**Игереді**: үлестірмелі дөңгелек-текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.
**Меңгереді:** музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді.

**Күні:** 22.12.21 ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Гүлдене бер, Астана!» (қайталау)
**Мақсаты**: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыкалық динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.
**Көрнекілігі:**Суреттер, дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер.
**Билингвалды компонент**: Қала – Город
**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды «Көңілді марш»ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені,жаттығуды бастаймыз.
Бір-екі,бір-екі, адымдап біз жүреміз,-деп, « Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады.Балаларға пойызға отырып,Нұрсұлтанға аттануды ұсынады.Рэп ырғағымен әндетеді:
Гүлдене бер, Нұрсұлтан!
Пыш, пыш,пыш,пыш.
Нұрсұлтанымыз-бас қала!
Гу,гу,гу,гу
Жасай берсін кең дала!
Бір,екі,үш,төрт, Тоқтатамыз пойызды,
Пыш,пыш,пыш,пыш. Екі рет қайталайды. Балаларға иллюстрацияны пайдаланып (көгілдір экранда) Нұрсұлтан қаласы туралы түсінік береді.
Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана!»(А.Әлиев, Н.Айтұлы)әнін тыңдауды ұсынады.Әннің мазмұнына, әуеніне,ырғағына көңіл бөлуді сұрайды.
-Нұрсұлтан қандай қала?Ғимараттары көп, үлкен әсем қала.
-Әннің сипатын ажырат. Дидактикалық ойын: «Сипатын ажырат» Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек таратып беріп,Қ.Құсайыновтың «Сәби қуанышы» шығармасын «Асқақта, Астана» әнін; П.Чайковскийдің «Қазан» шығармасын тыңдап,ажыратуды ұсынады.
Дауыс жаттығуы: «Менің елім» (Г.Абдрахманова)әнін бірнеше рет айтқызады. Ән

үйрену: «Байтерек»(Б.Әлімжан, Ж.Маханбетова)
Байтерек туралы бірнеше сұрақтар қояды.Ән салғанда олардың сөзін анық айтуына назар аударады. Би: «Қара жорға»Балаларды тұрғызып,
би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын», қимылдары иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ырғатылып қимылдауын үйретеді. Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Ойын: «Мен күйшімін», Балаларды шеңберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді. Бастаушы үнтаспадан берілген күйге шеңбер ішімен айнала билеп жүреді, балалар бір орнында билеп тұрады. Күй тоқтағанда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра қалады, оң жақтағы бала оңға қарай, сол жақтағы бала солға қарай шеңбердің сыртымен билеп келіп, қай бастаушы баладан домбыраны алса, сол бала бастаушы болып, ойынды әрі қарай жалғастырады.
- Музыканы тыңдаған ұнай ма? Ия, ұнайды.
- Кім әнді жеке айтқысы келеді?Балалардың жауабы.
- Қандай композиторларды білесіңдер?П.Чайковский деп жауап береді.
- Келесі жолы барлық тыңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз?
- Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер, жарайсыңдар бүгін барлықтарыңа күліп тұрған смайликті табыстаймын.Хош,сау,болыңдар!

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:музыканы,ырғақты сезіну, сипаттарды ажырата біліу керек.Музыканың динамикасына,қарқынын білуі керек.
**Игереді**: үлестірмелі дөңгелек-текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.
**Меңгереді:** музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді.

**Күні:** 27.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Біздің рәміздер»
**Мақсаты:**Музыка сипатына қарай анық ырғақты жүріспен,маршпен жүру. Фортопианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен айту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Рәміздердің суреті
**Билингвалды компонент:**Әнұран– Гимн,Рәміздер – Символы
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Елім менің» әнімен күтіп алады. «Жалаумен жаттығу»- 1,2,3, қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді. Герб пен ту туралы аңызды әңгімелеп береді. Ән ұранды айтуға ұсынады.
**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы»(Д.Омаров,Қ.Қалиев) балаларды отырғызып, әнді айтып береді. - «Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай?Балалардың жауаптары.
- Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма? Қай жерінде? Қысқа және ұзақ дыбыс бар ма? - «Паровоз, ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әндеде солай дыбыс береді. Әнде де ұзақ және қысқа дыбыстар бар»деп түсіндіреді. « Стаккато»дауыс жаттығуын айтқызады үйретеді. Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрып, ырғақты сезінуін ұсынады. Көк ас-пан-да көк ту бар. Қай жерінде ұзақ дыбыс бар? 2-3 мәрте негізгі буын, бас

буын, соңғы буынды айтады.
Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің»  (Д.Омаров.С.Қалиев)
«Қазақтың  қара  баласы» «Серілер» тобының  үнтаспасын  пайдалану.  Аспапта  ойнау. Халық  әні «Илигай» қайталанып  үйретіледі.
Ойын: «Қандай  ырғақ»(А.Асылбек)  Ойынды естеріне түсіреді.

- Балалар, сендер қандай  әуендер  тыңдадаңдар?Қазақстан  жалауы  әнін  тыңдадық.
- Герб  туралы  не білесіңдер?Елтаңбамызды  айтамыз.Балаларды мақтау,мадақтау.Балалармен  қош  айтысу.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы  тыңдап, ұзақ, қысқа,  жуан, жіңішке  дыбыстарды ажырату.
**Игереді**: жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау,музыканы тыңдап, жалаушаны көтеру.
**Меңгереді**:  музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын  жасауды.

**Күні:** 29.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы: «**Біздің  рәміздер» (қайталау)
**Мақсаты:**Музыка  сипатына қарай анық  ырғақты  жүріспен,маршпен  жүру. Фортопианоның  сүйемелдеуімен немесе  сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен айту. Музыканы  тыңдап, әнді  айту  арқылы патриоттық  сезімін ояту.
**Көрнекілігі:**  Рәміздердің суреті
**Билингвалды  компонент:**Әнұран– Гимн,Рәміздер – Символы
**Сабақтың  барысы:**  Сазгер балаларды «Елім  менің» әнімен  күтіп  алады.  «Жалаумен жаттығу»- 1,2,3, қатарға  тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап  үйренеді. Герб пен ту туралы аңызды  әңгімелеп береді. Ән  ұранды айтуға ұсынады.
**Музыка  тыңдау:**  «Қазақстан жалауы»(Д.Омаров,Қ.Қалиев) балаларды отырғызып, әнді айтып  береді. - «Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай?Балалардың  жауаптары.
- Бұл әнде жоғары  дыбыс бар ма? Қай  жерінде?  Қысқа және ұзақ дыбыс бар ма?  - «Паровоз, ұзақ  гуілдейді және  қысқа дыбыс  береді. Әндеде солай дыбыс  береді. Әнде де ұзақ және қысқа  дыбыстар  бар»деп түсіндіреді. « Стаккато»дауыс  жаттығуын айтқызады  үйретеді. Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін  айтады. Балаларға таяқшаны ұрып, ырғақты сезінуін  ұсынады. Көк ас-пан-да  көк ту бар.  Қай жерінде ұзақ  дыбыс бар?   2-3 мәрте  негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады.
Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің»  (Д.Омаров.С.Қалиев)
«Қазақтың  қара  баласы» «Серілер» тобының  үнтаспасын  пайдалану.  Аспапта  ойнау. Халық  әні «Илигай» қайталанып  үйретіледі.
Ойын: «Қандай  ырғақ»(А.Асылбек)  Ойынды естеріне түсіреді.

- Балалар, сендер қандай  әуендер  тыңдадаңдар?Қазақстан  жалауы  әнін  тыңдадық.
- Герб  туралы  не білесіңдер?Елтаңбамызды  айтамыз.Балаларды мақтау,мадақтау.Балалармен  қош  айтысу.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы  тыңдап, ұзақ, қысқа,  жуан, жіңішке  дыбыстарды ажырату.
**Игереді**: жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау,музыканы тыңдап, жалаушаны

көтеру.
**Меңгереді**: музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

**Күні:** 05.01.2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қыс қызығы».
**Мақсаты:** Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, әндерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** «Қысқы ойындар» суреті, бубен,барабан, басқада аспаптар.
**Билингвалды компонент:** Қыс өрнегі–зимние узоры.
**Сабақтың барысы:**
**«Полька» әуені** орындалып,балалар шеңбер бойымен полька жүрісімен секіре басып жүреді. Польканың адымын жеңіл секірулерін қадағалап,үйрету. Бір аяқтан келесі аяққа әуен ырғағымен жеңіл секіреді. Ұлдардың қолдары белдерінде, қыздар көйлек етектерінен ұстайды.Суреттерді қарап, әңгімелеуге тырысады.Қыс мезгілі ұнайды, қызықты ойындар ойнаймыз. Балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді. «Қысқы пейзаж» көрмесінен суреттер көрсетеді.
*Қалыңдасын қары бұл,*
*Келсін аяз мықты ма?*
*Қарсы аламын бәрібір,*
*Сағыныппыз қысты да.*(Ә.Қайыржанқызы)
- Қыс мезгілі кімге ұнайды, неліктен ұнайды? – деген сұрақтар қою арқылы қызығушылықтарын арттырады.
**Әуенді қимыл: «Көңілді полька»**(И.Штраус) орындалып, би қимылдарын көрсетіп, қайталауларын сұрайды. Екеуден қол ұстасып, жеңіл секіреді, қол шапалақтайды.Сазгер қыс көрінісін бейнелейтін суретті көрсетіп,өлең жолдарын оқиды. Суретті қарап, қызығушылықтары оянады. Не көріп тұрғанын баяндайды.
*Өстіп, міне қыс түсті,*
*Бола қалды дала аппақ .*
*Қар лақтырып, үсті-үсті,*
*Балалар жүр далақтап.*
**Қимылды ойын: «Шана тебеміз»**
- Сендерге қыста ойнаған ұнайма?
- Қандай ойындарды ұнатасыңдар?
«Қысқы ойындар» суретін көрсетеді.
**Музыка тыңдау: «Біз, шыдамды баламыз»** (Ә.Бейсеуов,С.Қалиев)
- Әннің көңіл күйі, сипаты қандай? -
Әнде не туралы айтылған? – деген сұрақтар қою арқылы ән мазмұнын ұғынуларына ықпал етеді.
- Балалар сендерге жұмбақ жасырып сендердің тапқырлықтарыңды сынайын .
Қыста жерді жауып кетеді,

Ал көктемде ағып кетеді. (Қар)
*Жаздай тынығады,*
*Қыстай зымырайды. (Шана)*
***Дауыс жаттығуы:* «Қыс»**
Аппақ күміс бар әлем ля-ля-ля.
Зымыраймыз шамамен ля-ля-ля.
Жаттығуды бірнеше рет айтқызып,
Балалардың дауыс ырғақтарын қадағалайды.
**Ән үйрену: «Ақша қар»(**Қ.Қуатбаев) Композитор Қ.Қуатбаев туралы әңгімелеп береді.Әнді айтып, мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді. Әнді зейін қойып тыңдап, мазмұнын түсініп,әңімелеуге еске сақтауға тырысады.Композитор туралы біліп, суретін көреді.Шеңбер бойы мен қол ұстаса жүре ән әуенін үйренеді, қайталайды. Балалар ойынға белсене қатысып, қызықты әсер алады. Аспаптардың даусын ажыратуды үйренеді. Ұнаған аспаптарды ырғақты сезіне ойнайды.
**Ойын: «Қай аспапта ойнаймыз?»** Бубен,қоңырау,барабан аспаптарында ойнауды ұйымдастырады. Аспаптардың даусын ажыратуды үйренеді.Ұнаған аспаптарды ырғақты сезіне ойнайды. Ойналған аспаптарды ажыратып береді.
«**Қыс қызығы»** (Б.Ғизатов) әнінің әуенін үйрету. Балалар әнді мұқият тыңдаймыз. Қолдарыңа аспаптарды алып,тартып көріңдер.
Торғайлар тон киеді,
Аяз беттен сүйеді
Жиналып ат бар бала,
Тұрғызамыз аққала!(И.Аманжолов)
- Қыста ауа райы қандай болады? Суық болады.
- Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады? Қар атыспақ, біз қалың киім киеміз, коньки,шаңғы тебеміз,шанамен сырғанаймыз. Қардан аққала жасаймыз. Бізге қыс мезгілі ұнайды.
Қар жауғанда топ бала
Соқтық келіп аққала,
Мұрны сәбіз, үп- үшкір,
Көзі көмір, қап- қара.(С.Қалиев)

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Танкыс шығармаларды ажыратуды,еске сақтауды мәтінін әңгімелеуді.
**Игереді:** балаларға арналған музыкалық аспатарда еркін ойнауды, ырғақты сезіне білуді.
**Меңгереді:** әнді сипатына сай нақышына келтіре айтуды, ойынға белсене қатысуды.

**Күні:** 10.01.2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қыс қызығы». (қайталау)
**Мақсаты:** Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, әндерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп

айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** «Қысқы ойындар» суреті, бубен,барабан, басқада аспаптар.

**Билингвалды компонент:** Қыс өрнегі–зимние узоры.

**Сабақтың барысы:**

**«Полька» әуені** орындалып,балалар шеңбер бойымен полька жүрісімен секіре басып жүреді. Польканың адымын жеңіл секірулерін қадағалап,үйрету. Бір аяқтан келесі аяққа әуен ырғағымен жеңіл секіреді. Ұлдардың қолдары белдерінде, қыздар көйлек етектерінен ұстайды.Суреттерді қарап, әңгімелеуге тырысады.Қыс мезгілі ұнайды, қызықты ойындар ойнаймыз. Балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді. «Қысқы пейзаж» көрмесінен суреттер көрсетеді.

*Қалыңдасын қары бұл,*
*Келсін аяз мықты ма?*
*Қарсы аламын бәрібір,*
*Сағыныппыз қысты да.*(Ә.Қайыржанқызы)

- Қыс мезгілі кімге ұнайды, неліктен ұнайды? – деген сұрақтар қою арқылы қызығушылықтарын арттырады.

**Әуенді қимыл: «Көңілді полька»**(И.Штраус) орындалып, би қимылдарын көрсетіп, қайталауларын сұрайды. Екеуден қол ұстасып, жеңіл секіреді, қол шапалақтайды.Сазгер қыс көрінісін бейнелейтін суретті көрсетіп,өлең жолдарын оқиды. Суретті қарап, қызығушылықтары оянады. Не көріп тұрғанын баяндайды.

*Өстіп, міне қыс түсті,*
*Бола қалды дала аппақ .*
*Қар лақтырып, үсті-үсті,*
*Балалар жүр далақтап.*

**Қимылды ойын: «Шана тебеміз»**

- Сендерге қыста ойнаған ұнайма?
- Қандай ойындарды ұнатасыңдар?

«Қысқы ойындар» суретін көрсетеді.

**Музыка тыңдау: «Біз, шыдамды баламыз»** (Ә.Бейсеуов,С.Қалиев)

- Әннің көңіл күйі, сипаты қандай? -
Әнде не туралы айтылған? – деген сұрақтар қою арқылы эн мазмұнын ұғынуларына ықпал етеді.

- Балалар сендерге жұмбақ жасырып сендердің тапқырлықтарыңды сынайын .

Қыста жерді жауып кетеді,
Ал көктемде ағып кетеді. (Қар)

*Жаздай тынығады,*
*Қыстай зымырайды. (Шана)*

***Дауыс жаттығуы:* «Қыс»**

Аппақ күміс бар әлем ля-ля-ля.
Зымыраймыз шамамен ля-ля-ля.
Жаттығуды бірнеше рет айтқызып,
Балалардың дауыс ырғақтарын қадағалайды.

**Ән үйрену: «Ақша қар»(**Қ.Қуатбаев) Композитор Қ.Қуатбаев туралы әңгімелеп береді.Әнді айтып, мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді. Әнді зейін қойып тыңдап, мазмұнын түсініп,әңімелеуге еске сақтауға тырысады.Композитор туралы біліп, суретін

көреді.Шеңбер бойы мен қол ұстаса жүре ән әуенін үйренеді, қайталайды. Балалар ойынға белсене қатысып, қызықты әсер алады. Аспаптардың даусын ажыратуды үйренеді. Ұнаған аспаптарды ырғақты сезіне ойнайды.

**Ойын: «Қай аспапта ойнаймыз?»** Бубен,қоңырау,барабан аспаптарында ойнауды ұйымдастырады. Аспаптардың даусын ажыратуды үйренеді.Ұнаған аспаптарды ырғақты сезіне ойнайды. Ойналған аспаптарды ажыратып береді.

«**Қыс қызығы»** (Б.Ғизатов) әнінің әуенін үйрету. Балалар әнді мұқият тыңдаймыз. Қолдарыңа аспаптарды алып,тартып көріңдер.

Торғайлар тон киеді,
Аяз беттен сүйеді
Жиналып ат бар бала,
Тұрғызамыз аққала!(И.Аманжолов)

- Қыста ауа райы қандай болады? Суық болады.
- Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады? Қар атыспақ, біз қалың киим киеміз, коньки,шаңғы тебеміз,шанамен сырғанаймыз. Қардан аққала жасаймыз. Бізге қыс мезгілі ұнайды.

Қар жауғанда топ бала
Соқтық келіп аққала,
Мұрны сәбіз, үп- үшкір,
Көзі көмір, қап- қара.(С.Қалиев)

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Таныс шығармаларды ажыратуды,еске сақтауды мәтінін әңгімелеуді.
**Игереді:** балаларға арналған музыкалық аспатарда еркін ойнауды, ырғақты сезіне білуді.
**Меңгереді:** әнді сипатына сай нақышына келтіре айтуды, ойынға белсене қатысуды

**Күні:** 12.01.2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Аңдардың айтысы»
**Мақсаты:** Ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға,музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** түлкінің,аюдың,кірпінің, суреті
**Билингвалды компонент:** Жабайыаңдар - дикие звери
**Сабақтың барысы:** Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген.Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден,қисық жолдардан өтіп,орындықтарға орналасады.

Халық «қу» деп,
Қылған күлкі,
Айласы көп, Бұл не? Түлкі

Жаңғақ жауған орманда,
Күндіз қорек айырып,
Жатады кеш болғанда.
Өз құйрығын жамылып. Бұл не? Тиын

Үсті толған ине,
Бірін берсең шіркін,
Қадар едім түйме. Бұл не? Кірпі
-Балалар,біз жақында ғана жаңа жыл мерекесін тойладық. Міне,қазір ескі жылда келді. Өздерің білесіңдер,жаңа жыл ертегі ғажайыптарына толы.Бізде ертеңгілікке қандай аңдар,ертегі кейіпкерлері келді?
Сол мерекені еске түсіріп,әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз,ойын ойнаймыз.
Музыка тыңдау: «Күлдіргіштер» П.И.Чайковский-орыстың ұлы композиторы,балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. «Аққу көлі», «Ұйқыдағы ару» балеттері бар. Өзіміз жиі тыңдайтын «Ойыншық» «солдаттар маршын» осы кісі жазған.Адам өмірінде күлкінің де алар орны ерекше.Міне, айналасын күлдіріп жүретін күлдіргіштерге де арнап осы музыканы шығарған. Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма? Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп,аңдардың айтысын бейнелеу.
Ән айту: «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаев,Ш.Құлманова).

Түлкінің әнін үйретіп,қимылдарын көрсету.Келесі топ Аю әнін айтып,әнмен бірге қорбаңдап жүру.Тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп,әнін айтқызу.Аңдар хорын барлығы түгел айтады. Би: «Қасқыр мен қояндар». Өткен сабақта үйренген көрініс биді жалғастыру (Билеп үйренейік). Ойын: «Аю мен қояндар». Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп,ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысталғанда қаша жөнеледі. -Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?
-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?
-Орманда өткен сабақ сендерге ұнады ма?
Қорытындылау,бағалау,аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі.
**Игереді:***кәрі емен,бұлаң-бұлаң, балпаң-балпаң*, сөздерінің түсініктерін.
**Меңгереді:**әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын

**Күні:**17. 01. 2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Аңдардың айтысы» (қайталау)
**Мақсаты:** Ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға,музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** түлкінің,аюдың,кірпінің, суреті
**Билингвалды компонент:** Жабайыаңдар - дикие звери
**Сабақтың барысы:** Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген.Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден,қисық жолдардан

өтіп,орындықтарға орналасады.
Халық «қу» деп,
Қылған күлкі,
Айласы көп,   Бұл не?  Түлкі

Жаңғақ жауған орманда,
Күндіз қорек айырып,
Жатады кеш болғанда.
Өз құйрығын жамылып. Бұл  не?  Тиын

Үсті толған ине,
Бірін берсең шіркін,
Қадар едім түйме.  Бұл  не?  Кірпі
-Балалар,біз жақында ғана жаңа жыл мерекесін тойладық.  Міне,қазір ескі жылда келді. Өздерің білесіңдер,жаңа жыл ертегі ғажайыптарына толы.Бізде ертеңгілікке қандай аңдар,ертегі кейіпкерлері келді?
Сол мерекені еске түсіріп,әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз,ойын ойнаймыз. Музыка тыңдау: «Күлдіргіштер»  П.И.Чайковский-орыстың ұлы композиторы,балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. «Аққу көлі», «Ұйқыдағы ару» балеттері бар. Өзіміз жиі тыңдайтын «Ойыншық» «солдаттар маршын» осы кісі жазған.Адам    өмірінде күлкінің де  алар орны ерекше.Міне, айналасын күлдіріп жүретін  күлдіргіштерге де арнап осы музыканы шығарған. Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма?  Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп,аңдардың айтысын бейнелеу. Ән айту: «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаев,Ш.Құлманова).

Түлкінің әнін үйретіп,қимылдарын көрсету.Келесі топ Аю әнін айтып,әнмен бірге қорбаңдап жүру.Тез, шапшаң қимылмен балаларға  Кірпі жүрісін көрсетіп,әнін айтқызу.Аңдар хорын барлығы түгел айтады. Би: «Қасқыр мен қояндар». Өткен сабақта үйренген көрініс биді жалғастыру (Билеп үйренейік). Ойын: «Аю мен қояндар». Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп,ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысталғанда қаша жөнеледі. -Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?
-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?
-Орманда өткен сабақ сендерге ұнады ма?
Қорытындылау,бағалау,аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі.
**Игереді:***кәрі емен,бұлаң-бұлаң, балпаң-балпаң*, сөздерінің түсініктерін.
**Меңгереді:**әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын

**Күні:**  19.01.22ж

**Білім  саласы:**  Шығармашылық
**Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:**  Музыка
**Тақырыбы:**«Құстар, біздің  досымыз!»
**Мақсаты:**Тыңдауды  қимыл  көрсету  арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық  бейне

мен қимыл тәжірибесінің арақатынысын анықтау. Музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.
**Көрнекілігі:** Құс пен оның балапанының суреттері.
**Билингвалды компонент:** Құстар – птицы.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Амандасу жаттығуын» айтып қарсы алады.Көңілді әуен ырғағымен жұптасып, жүруді үйренеді.Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.
«Құстар», «Құстар қайтып барады»(Ш.Қалдаяқов) әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүруді үйретеді. Балаларға зал бойымен ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шұқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға - артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді**.**
**Музыка тыңдау:** Балаларды музыка тыңдауға шақырады (үнтаспадан). Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді. Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді. Құстар әуенін (жуан-жіңішке) келтіріп, кезек- кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды. Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?» (Ж.Тұрсынбаев), «Бұлбұл» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек), «Бөдене әні» (Р.Байқоңыров, А.Асылбек)орындалып, ойын ұйымдастырылады. «Бозторғай» (Е.Құсайынов,А.Асылбек), «Көкек» (Б.Аманжолов,А.Асылбек) әр құстың әнінен бір шумағын орындатып үйретеді. Әуен дыбыстарын таза айтуға үйретеді.Әндердің бар мәтінімен танысып болған соң, топ балаларын үшке бөліп,берілген үлгіге қарап әнді таза айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға «Шөжелерім»биін қайталатады.Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «Тұлпарым» биін үйретеді.
**Дидактикалық ойын:«Қандай дауыс?»** Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дамытады.Текшеде мысық пен мысықайдың суреті болады,мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып,ажырата білулері керек. Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды.
- Құстың даусы қандай? - Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. - Балапанның даусы қандай? - Жіңішке
Балаларды мақтайды, мадақтайды,қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдап,жуан-жіңішке дыбыстарын ажыратуды.
**Игереді**: дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратады.
**Меңгереді**: музыканы тыңдап,би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 24.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Құстар, біздің досымыз!» (қайталау)
**Мақсаты:**Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынысын анықтау. Музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.

**Көрнекілігі:** Құс пен оның балапанының суреттері.
**Билингвалды компонент:** Құстар – птицы.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Амандасу жаттығуын» айтып қарсы алады.Көңілді әуен ырғағымен жұптасып, жүруді үйренеді.Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.
«Құстар», «Құстар қайтып барады»(Ш.Қалдаяқов) әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүруді үйретеді. Балаларға зал бойымен ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шұқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға - артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.
**Музыка тыңдау:** Балаларды музыка тыңдауға шақырады (үнтаспадан). Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді. Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді. Құстар әуенін (жуан-жіңішке) келтіріп, кезек- кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды. Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?» (Ж.Тұрсынбаев), «Бұлбұл» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек), «Бөдене әні» (Р.Байқоңыров, А.Асылбек)орындалып, ойын ұйымдастырылады. «Бозторғай» (Е.Құсайынов,А.Асылбек), «Көкек» (Б.Аманжолов,А.Асылбек) әр құстың әнінен бір шумағын орындатып үйретеді. Әуен дыбыстарын таза айтуға үйретеді.Әндердің бар мәтінімен танысып болған соң, топ балаларын үшке бөліп,берілген үлгіге қарап әнді таза айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға **«**Шөжелерім»биін қайталатады.Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «Тұлпарым» биін үйретеді.
**Дидактикалық ойын:«Қандай дауыс?»** Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дамытады.Текшеде мысық пен мысықайдың суреті болады,мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып,ажырата білулері керек. Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды.
- Құстың даусы қандай? - Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. - Балапанның даусы қандай? - Жіңішке
Балаларды мақтайды, мадақтайды,қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдап,жуан-жіңішке дыбыстарын ажыратуды.
**Игереді**: дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратады.
**Меңгереді**: музыканы тыңдап,би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 26. 01. 2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі**: Музыка
**Тақырыбы**: «Айнала ақша қар»
**Мақсаты**: Қолмен бағытын жоғары – төмен көрсете отырып, әуеннің жоғарғы – төменгі қозғалысын ажырату. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру.
**Көрнекілігі**: қыс көріністері салынған суреттер
**Билингвалды компонент:** Қар – снег
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка залында көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады.

Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек. (З.Шүкіров) -
Балалар,айналаға көз салыңдаршы,қандай құбылысты байқадыңдар?
-Қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс сендерге несімен ұнайды?
Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезеңді торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Балдырғандар ойнайды.
-Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?
**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады? Қыс» (Б.Ерзакович).

Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суреттеп отыр.Композитор жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған.Әр мезгілді өлеңе қосып жұмбақтаған.
**Жаңа ән:** «Айнала ақша қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов). Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды.Кейбір сөздерге түсінік беру.
Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік). Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау.Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.
-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық? Қыс мезгілін айттық
-Қандай ән үйрендік? Жаңа ән үйрендік
- Қандай әуенге қимылдар жасадық? Көңілді әуенге
-Бидің аты қалай? Қояндар биі
-Сендерге қай іс әрекет бөлімі ұнады? Ән айту бөлімі.
Қорытындылау бағалау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.
**Игереді:** зырлаймыз,тыңдаймыз,төтеп беру сөздерін түсінеді.
**Меңгереді:** би қимылдарын,әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

**Күні:** 31. 01. 2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі**: Музыка
**Тақырыбы**: «Айнала ақша қар» (қайталау)
**Мақсаты**: Қолмен бағытын жоғары – төмен көрсете отырып, әуеннің жоғарғы – төменгі қозғалысын ажырату. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру.
**Көрнекілігі**: қыс көріністері салынған суреттер
**Билингвалды компонент:** Қар – снег
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка залында көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады.
Айналамда ұшып жүр,

Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек. (З.Шүкіров) -
Балалар,айналаға көз салыңдаршы,қандай құбылысты байқадыңдар?
-Қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс сендерге несімен ұнайды?
Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезеңді торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Балдырғандар ойнайды.
-Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?
**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады? Қыс» (Б.Ерзакович).
Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суреттеп отыр.Композитор жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған.Әр мезгілді өлеңе қосып жұмбақтаған.
**Жаңа ән:** «Айнала ақша қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов). Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды.Кейбір сөздерге түсінік беру.
Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік). Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау.Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.
-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық? Қыс мезгілін айттық
-Қандай ән үйрендік? Жаңа ән үйрендік
- Қандай әуенге қимылдар жасадық? Көңілді әуенге
-Бидің аты қалай? Қояндар биі
-Сендерге қай іс әрекет бөлімі ұнады? Ән айту бөлімі.
Қорытындылау бағалау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.
**Игереді:** зырлаймыз,тыңдаймыз,төтеп беру сөздерін түсінеді.
**Меңгереді:** би қимылдарын,әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

**Күні:** 02.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жаңбыр»
**Мақсаты:**Қолмен бағытын көрсете отырып,әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату.Әннің сипатын түсініп, эмоциялармен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** үнтаспа, диск
**Билингвалды компонент:**Жаңбыр – дождь
**Сабақтың барысы:** «Вальс» әуенімен балаларды қарсы алады, ырғаққа ілесіп, аяқ ұшымен жүруді,жеңіл жүгіруді,екеуден қол ұстасып айналуды,бір орында ырғақты сезіне тербеліп,қол ұстасып шеңбер бойымен жүруді үйретеді. Үнтаспадан күннің күркірегені естіліп, сазгер қолшатырды алады.

Біз көңілді балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.

Қолшатырды ашамыз,
Жаңбырдан біз қашамыз!

**Музыка тыңдау:** «Жаңбыр жауды»
(Қ.Қуатбаев)әуені ойналып, балаларға тыңдатады. Әуендегі жаңбыр дыбысын, тамшылар тырсылын естіп, сезінгендері туралы әңгімелейді.

Жұмбақ жасырады:

Жауын жауса,
Тысқа шығады
Жаумаса оны,
Бұрышқа тығады. (Қолшатыр)

**Би:** «Көңілді қолшатырлар» биі орындалады.(Билеп үйренейік) жинағынан

Аспанда қаптаған,
Бұлт тыным таппаған.
Жөңкіліп көшеді,
Суық жел еседі.

**Музыка тыңдау**: «Жаңбыр шақыру»(Д.Ботбаев, Қ.Мырза Әли) әнін орындайды.

- Әннің сипаты қандай?
- Жаңбырдың қандай пайдасы бар?

**Дауыс жаттығуы:** «Жаңбыр»(М.Жаманбалинов)

Күркіреді күн – күн,
Терезелер шың – шың,
Жауды жаңбыр топ – топ,
Шелек – шелек, көп-көп,
Жон арқаңды тос – тос,
Күнбағыс, тез өс – өс.

**Ән үйрену:** «Жау,жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев, Ш.Сариев)

**Ойын:** «Жаңбыр әуені», «Жаңбыр»(Е.Андосов) әуеніне ойын ұйымдастыры лады. Әуенге ілесе саусақтарын тырсылдатып, шапалақтап, динамикалық белгілерін көрсетулерін бақылайды,үйретеді. «Тамшылар» (румын халық әні Т. Попатенко)әуеніне металлофонда ойнап үйрету.Таяқшаны дұрыс ұстап соңға білуге, әуенді тыңдап, қалыспай ойнауға дағдыландыру.

- Көктем мезгілінің құбылыстарын айтып беріңдер? Құбылмалы болады.
- Сендерге көктем жаңбыры ұнай ма? Ұнамайды.

Неліктен? Үстің су болады, аяқ – киімің лай болады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: естіген әннің сипатын , екпінін, динамикасын ажыратуды, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуді.
**Игереді**: металлофон аспабында біріге ойнауды,әнді бірге және жеке дауыста нақышына келтіре орындауды.
**Меңгереді**: әуеннің ауыспалы сипатын ажыратуды, әннің көңіл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

**Күні:** 07.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жаңбыр»   (қайталау)
**Мақсаты:**Қолмен бағытын көрсете отырып,әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату.Әннің сипатын түсініп, эмоциялармен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** үнтаспа, диск
**Билингвалды компонент:**Жаңбыр – дождь
**Сабақтың барысы:** «Вальс» әуенімен балаларды қарсы алады, ырғаққа ілесіп, аяқ ұшымен жүруді,жеңіл жүгіруді,екеуден қол ұстасып айналуды,бір орында ырғақты сезіне тербеліп,қол ұстасып шеңбер бойымен жүруді үйретеді. Үнтаспадан күннің күркірегені естіліп, сазгер қолшатырды алады.

Біз көңілді балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.
Қолшатырды ашамыз,
Жаңбырдан біз қашамыз!

**Музыка тыңдау:** «Жаңбыр жауды»
(Қ.Қуатбаев)әуені ойналып, балаларға тыңдатады. Әуендегі жаңбыр дыбысын, тамшылар тырсылын естіп, сезінгендері туралы әңгімелейді.
Жұмбақ жасырады:

Жауын жауса,
Тысқа шығады
Жаумаса оны,
Бұрышқа тығады.   (Қолшатыр)

**Би:** «Көңілді қолшатырлар» биі орындалады.(Билеп үйренейік) жинағынан

Аспанда қаптаған,
Бұлт тыным таппаған.
Жөңкіліп көшеді,
Суық жел еседі.

**Музыка тыңдау**: «Жаңбыр шақыру»(Д.Ботбаев, Қ.Мырза Әли) әнін орындайды.
- Әннің сипаты қандай?
- Жаңбырдың қандай пайдасы бар?

**Дауыс жаттығуы:** «Жаңбыр»(М.Жаманбалинов)

Күркіреді  күн – күн,
Терезелер  шың – шың,
Жауды жаңбыр топ – топ,
Шелек – шелек, көп-көп,
Жон арқаңды тос – тос,
Күнбағыс, тез өс – өс.

**Ән үйрену:** «Жау,жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев, Ш.Сариев)
**Ойын:** «Жаңбыр әуені», «Жаңбыр»(Е.Андосов) әуеніне ойын ұйымдастыры лады. Әуенге ілесе саусақтарын тырсылдатып, шапалақтап, динамикалық белгілерін көрсетулерін бақылайды,үйретеді. «Тамшылар» (румын халық әні Т. Попатенко)әуеніне металлофонда ойнап үйрету.Таяқшаны дұрыс ұстап соңға білуге, әуенді тыңдап, қалыспай ойнауға дағдыландыру.
- Көктем мезгілінің құбылыстарын айтып беріңдер?  Құбылмалы болады.
- Сендерге көктем жаңбыры ұнай ма? Ұнамайды.
Неліктен? Үстің су болады, аяқ – киімің лай болады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: естіген әннің сипатын , екпінін, динамикасын ажыратуды, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуді.
**Игереді**: металлофон аспабында біріге ойнауды,әнді бірге және жеке дауыста нақышына келтіре орындауды.
**Меңгереді**: әуеннің ауыспалы сипатын ажыратуды, әннің көңіл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

**Күні:** 09.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бағдаршам»
**Мақсаты:**Сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден айту**.** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннiңмәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.
**Көрнекілігі:** үнтаспа, дискілер, аңдардың атрибуттары.
**Билингвалды компонент:** Бағдаршам – светафор.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қарсы алады.«Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады. Б.Бейсенованың **«Жол ережесі тәртібі»** әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге өз орындарын табуға үйретуді. «Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесіне білмей, сендерді көмек сұрап келіпті», деп, Ж.Қалжованың «Қасқыр келді қалаға»көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. (Бұл сахналауды ата-аналарға көрсетеді).
Қасқыр: Еркін өсіп далада,
келдім бүгін қалаға.
Қиналдым көше тәртібін,
кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды.
Желаяқ: Бағдаршамға қараймын,Қараймын мен таңдана,
Өшіп – жанған көзінің,алмай сырын аңғара.
- Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмеймін бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін.
**Тұлпар:** Ережесін көшені,
Шемішкедей шағамын.
Болмай ма екен тұлпардай,
Баяу өте алатын.
**Қоян:** Ой – ой, мына қасқырды,
Көріп тұрмын тұңғыш рет,
Қайдан келген бұл өзі?
Қалалықтан емес бұл.
**Арыстан:** Әй, Қоян, бері кел, бері
Әрі – бері жүгіре берме,
Ауылдан келген қасқырға
Үйрет мына ережені!
**Қоян:** Арыстан аға, құп болады!

Тек қасқырға айтыңызшы,
Мені қуа бермесін,
Айтқанымды тыңдасын.
**Арыстан:** Кел бері, Қасқыр, қасыма,
Сенің құлағың – Қоянда,
Ал көзің бағдаршамда болсын! түсіндің бе?
**Қоян**: Үшбұрыш қызыл көрінсе –
«Абайла, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі)
Дөңелек көк шеңбер ме - «Жолыңыз ашық». Түсіндің бе, Қасеке? Ха - ха- ха!
**Қасқыр**:Түсіндім,болды енді,ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,күнім өзіме келер-р-р!
**Арыстан:** Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік.

**Қасқыр:** Барар жерге асықпай,

**Қоян:**Аман есен жетейік.

**Ән:** «Жолаушылар жыры» (Ж.Қалжанова). Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. -Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?Балалардың жауабы.
-Жол ережесін естеріңе сақтаңдар,жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.
-Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз? – Оңға қараймыз деп, балалар жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
**Игереді**: музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
**Меңгереді:** музыка әуенімен ауыспалы адам жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

**Күні:** 14.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бағдаршам» (қайталау)
**Мақсаты:**Сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден айту**.** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.
**Көрнекілігі:** үнтаспа, дискілер, аңдардың атрибуттары.
**Билингвалды компонент:** Бағдаршам – светафор.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қарсы алады.«Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады. Б.Бейсенованың **«Жол ережесі тәртібі»** әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге өз орындарын табуға үйретуді. «Бізге

қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесіне білмей, сендерді көмек сұрап келіпті», деп, Ж.Қалжованың «Қасқыр келді қалаға»көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. (Бұл сахналауды ата-аналарға көрсетеді).

Қасқыр: Еркін өсіп далада,
келдім бүгін қалаға.
Қиналдым көше тәртібін,
кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды.
Желаяқ: Бағдаршамға қараймын,Қараймын мен таңдана,
Өшіп – жанған көзінің,алмай сырын аңғара.

- Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмеймін бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін.

**Тұлпар:** Ережесін көшені,
Шемішкедей шағамын.
Болмай ма екен тұлпардай,
Баяу өте алатын.
**Қоян:** Ой – ой, мына қасқырды,
Көріп тұрмын тұңғыш рет,
Қайдан келген бұл өзі?
Қалалықтан емес бұл.
**Арыстан:** Әй, Қоян, бері кел, бері
Әрі – бері жүгіре берме,
Ауылдан келген қасқырға
Үйрет мына ережені!
**Қоян:** Арыстан аға, құп болады!
Тек қасқырға айтыңызшы,
Мені қуа бермесін,
Айтқанымды тыңдасын.
**Арыстан:** Кел бері, Қасқыр, қасыма,
Сенің құлағың – Қоянда,
Ал көзің бағдаршамда болсын! түсіндің бе?
**Қоян**: Үшбұрыш қызыл көрінсе –
«Абайла, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі)
Дөңелек көк шеңбер ме - «Жолыңыз ашық». Түсіндің бе, Қасеке? Ха - ха- ха!
**Қасқыр**:Түсіндім,болды енді,ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,күнім өзіме келер-р-р!

**Арыстан:** Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік.

**Қасқыр:** Барар жерге асықпай,

**Қоян:**Аман есен жетейік.

**Ән:** «Жолаушылар жыры» (Ж.Қалжанова). Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. -Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?Балалардың жауабы.

-Жол ережесін естеріңе сақтаңдар,жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.

-Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз? – Оңға қараймыз деп, балалар жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
**Игереді**: музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
**Меңгереді:** музыка әуенімен ауыспалы адам жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

**Күні:** 16.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры»
**Мақсаты:** лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармаларырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.
**Көрнекілігі:** бесік,қуыршақ.
**Билингвалды компонент:** Бесік жыры – колыбельная песня
**Сабақтың барысы:** «Вальс» (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ырғағымен балаларға би қимылдарын қайталауды ұсынады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербетілу, айналу, орын ауыстыру қимылдарын бекітеді. Балаларды шеңбер бойымен отырғызады. Жұмбақ жасырып,шешулерін сұрайды.
Тұрады ол әр үйде,
Жайлы орын сәбиге.
Шаңғы табан үйшік ол,
Тербететін, әрине. Бұл не? (Бесік)
**Ән үйрену**: «Бесік жыры» (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев). Әнді үйрете отырып,мазмұнын қысқаша таныстырады,лирикалық әуеніне мән береді.Орындау барысында балаларға қуыршақтарды алып, жұбатып, тербету қимылын ән ырғағымен бірге жасауды көрсетеді.
**Ойын:** «Қандай аспап?» (Б.Дәлденбай, А.Асылбек).Ойынға сылдырмақ, ысқырық,қоңырау,бубен,үшбұрыш,металлофон аспаптары қолданылады. Әуеннің тембрін дұрыс ажыратуларын қадағалайды.
**Би:** «Вальс» (Шуберт)
Қол ұстасып,жұптасып,
Шыркөбелек айналып,
Вальс биін билейік!- деп би элементтерін үйретеді.
**Аспапта ойнау:** «Сәулем-ай» (халық әні,өңдеген Б.Дәлденбай).
Кімде қандай аспап бар.
Тұяқтас пен қоңырау,
Асатаяқ, тоқылдақ,
Домбыра,сырнай тағы бар.
Металлофон бастайды,
Сырнайымыз қостайды,
Барлық аспап қосылса ,
Оркестр деп аталар!- деп, ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып,аспапта ойнап үйретеді.

Ән әуеніне ілесе,ырғақты сезіне ойнауға дағдыландырады.
-«Бесік жырының» әуені қандай екен? Баяу
-Қандай ойындар ойнадық? Қандай аспап. -
Әннің көңіл күйі қандай? Балалардың жауабы.
-Сендерге ұнады ма? Ұнады. Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әркетінде өткен, үйренген материалдарды пысықтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуен динамикасын,тембрін ажыратуды,лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.
**Игереді:** ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды,лирикалық әуенді тыңдап,сезінуді.
**Меңгереді:** дауысқа күш түсірмей әндетуді,динамикалық белгілерді ажыратуды.

**Күні: 2**1.02.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры» (қайталау)
**Мақсаты:** лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармаларырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.
**Көрнекілігі:** бесік,қуыршақ.
**Билингвалды компонент:** Бесік жыры – колыбельная песня
**Сабақтың барысы:** «Вальс» (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ырғағымен балаларға би қимылдарын қайталауды ұсынады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербетілу, айналу, орын ауыстыру қимылдарын бекітеді. Балаларды шеңбер бойымен отырғызады. Жұмбақ жасырып,шешулерін сұрайды.
Тұрады ол әр үйде,
Жайлы орын сәбиге.
Шаңғы табан үйшік ол,
Тербететін, әрине. Бұл не? (Бесік)
***Ән үйрену***: «Бесік жыры» (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев). Әнді үйрете отырып,мазмұнын қысқаша таныстырады,лирикалық әуеніне мән береді.Орындау барысында балаларға қуыршақтарды алып, жұбатып, тербету қимылын ән ырғағымен бірге жасауды көрсетеді.
**Ойын:** «Қандай аспап?» (Б.Дәлденбай, А.Асылбек).Ойынға сылдырмақ, ысқырық,қоңырау,бубен,үшбұрыш,металлофон аспаптары қолданылады. Әуеннің тембрін дұрыс ажыратуларын қадағалайды.
**Би:** «Вальс» (Шуберт)
Қол ұстасып,жұптасып,
Шыркөбелек айналып,
Вальс биін билейік!- деп би элементтерін үйретеді.

**Аспапта ойнау:** «Сәулем-ай» (халық әні,өңдеген Б.Дәлденбай).
Кімде қандай аспап бар.
Тұяқтас пен қоңырау,
Асатаяқ, тоқылдақ,
Домбыра,сырнай тағы бар.
Металлофон бастайды,
Сырнайымыз қостайды,
Барлық аспап қосылса ,
Оркестр деп аталар!- деп, ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып,аспапта ойнап үйретеді. Ән әуеніне ілесе,ырғақты сезіне ойнауға дағдыландырады.
-«Бесік жырының» әуені қандай екен? Баяу
-Қандай ойындар ойнадық? Қандай аспап. -Әннің көңіл күйі қандай? Балалардың жауабы.
-Сендерге ұнады ма? Ұнады. Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әркетінде өткен, үйренген материалдарды пысықтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әуен динамикасын,тембрін ажыратуды,лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.
**Игереді:** ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды,лирикалық әуенді тыңдап,сезінуді.
**Меңгереді:** дауысқа күш түсірмей әндетуді,динамикалық белгілерді ажыратуды.

**Мерзімі:** 23.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Домбыра сазы»
**Мақсаты:**Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.Әнді сергек,жігерлі орындауға талпындыру.
**Көрнекілігі:** қазақтың ұлттық аспабы домбыра
**Билингвалды компонент:** Аспап – инструмент
**Сабақтың барысы:** Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған,ғасырлар сырын сақтаған,қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.
**Музыка тыңдау:** «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы,ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев,Х.Талғаров). Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету). «Айналайын, ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды.Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.

**Ойын:** «Соқыртеке» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де,әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап,ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.
**Би:** «Апатайым-ай» («Билеп үйренейік»). Би өте көңілді,жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді. Домбыра-қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған,ғасырлар сырын сақтаған,қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.
**Музыка тыңдау:** «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған,жас келіннің жүріс-тұрысы,ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев,Х.Талғаров). Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету). «Айналайын, ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды.Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді. -Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ән тыңдадық, қандай ән үйрендік?
-Ән не туралы болды? Балалардың жауабы.
-Ойынымыздың аты қалай аталады? «Соқыр теке»
-Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі ұнады? Ойын қатты ұнады.
Қорытындылау,бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қазақтың музыкалық аспабы домбыра туралы білулері керек.
**Игереді:** «соқыртеке» деген түсінікті.
**Меңгереді:** жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасауды.

**Мерзімі:** 28.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Домбыра сазы» (қайталау)
**Мақсаты:**Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.Әнді сергек,жігерлі орындауға талпындыру.
**Көрнекілігі:** қазақтың ұлттық аспабы домбыра
**Билингвалды компонент:** Аспап – инструмент
**Сабақтың барысы:** Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған,ғасырлар сырын сақтаған,қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.
**Музыка тыңдау:** «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы,ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев,Х.Талғаров). Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету). «Айналайын, ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін

сұрайды.Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.
**Ойын:** «Соқыртеке» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де,әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап,ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.
**Би:** «Апатайым-ай» («Билеп үйренейік»). Би өте көңілді,жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді. Домбыра-қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған,ғасырлар сырын сақтаған,қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.
**Музыка тыңдау:** «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған,жас келіннің жүріс-тұрысы,ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев,Х.Талғаров). Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету). «Айналайын, ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды.Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді. -Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ән тыңдадық, қандай ән үйрендік?
-Ән не туралы болды? Балалардың жауабы.
-Ойынымыздың аты қалай аталады? «Соқыр теке»
-Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі ұнады? Ойын қатты ұнады.
Қорытындылау,бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қазақтың музыкалық аспабы домбыра туралы білулері керек.
**Игереді:** «соқыртеке» деген түсінікті.
**Меңгереді:** жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 02.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз – жыл басы»
**Мақсаты:** Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан.
**Билингвалды компонент:**Наурыз - март
**Сабақтың барысы:** Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт,ірім- шік, жент, бауырсақ, т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады. Дастарқанда дәніміз, Жайдарымыз бәріміз.
Көжесі көп, қыры көп,
Қандай жақсы наурыз.(Қ.Баянбай) Ата мен әже балаларды қарсы алады. Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан бүгін қандай мереке екенін сұрайды.
- Наурыз дегенді қалай түсінесіңдер?
- Наурызды халық қалай тойлайды ?

- Наурызға қатысты қандай ырымдарды білесіңдер? - Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжіскен адамдар бір- бірімен құшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастарқан жайылып,бір-бірінің үйіне қонаққа барады. -Міне, алдарыңда қазақтың ұлттық тағамдары тұр.Жеті түрлі дәм салып наурыз көже дайындалады. Ата қонақ кәде ретінде ән айтып береді.
**Музыка тыңдау:** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.
**Ән үйрену:** «Науыз-жыл басы». Музыка жетекшісі әнді орындайды.Ата мен әжеге қосылып үйренуін сұрайды.
-Әнде не туралы айтылған?
-Ән көңілді ме,әлде көңілсіз бе? Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйену. Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып беру.
**Ойын:** «Арқан тартыс». Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады.Қазақтың ұлттық ойыны-арқан тартуды екі командаға бөлініп ойнайды.
- «Міне,бүгін күн мен түн теңелді»,- деп, «Күн мен Түн» ойыны ұсынады. Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп,мадақтап,қоштасып, үйлеріне қайтады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**Наурыз мерекесі- күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін.
**Игереді:** қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:**арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын.

**Күні:** 07.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз – жыл басы» (қайталау)
**Мақсаты:** Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан.
**Билингвалды компонент:**Наурыз - март
**Сабақтың барысы:** Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт,ірім- шік, жент, бауырсақ, т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады. Дастарқанда дәніміз, Жайдарымыз бәріміз.
Көжесі көп, қыры көп,
Қандай жақсы наурыз.(Қ.Баянбай) Ата мен әже балаларды қарсы алады. Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан бүгін қандай мереке екенін сұрайды.
- Наурыз дегенді қалай түсінесіңдер?
- Наурызды халық қалай тойлайды ?
- Наурызға қатысты қандай ырымдарды білесіңдер? - Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжіскен адамдар бір- бірімен құшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастарқан жайылып,бір-бірінің үйіне қонаққа барады. -Міне, алдарыңда қазақтың ұлттық тағамдары тұр.Жеті түрлі дәм салып наурыз көже дайындалады. Ата қонақ кәде ретінде ән айтып береді.
**Музыка тыңдау:** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ата әнді орындап болып, балаларға

Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.
**Ән үйрену:** «Науыз-жыл басы». Музыка жетекшісі әнді орындайды.Ата мен әжеге қосылып үйренуін сұрайды.
-Әнде не туралы айтылған?
-Ән көңілді ме,әлде көңілсіз бе? Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйену. Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып беру.
**Ойын:** «Арқан тартыс». Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады.Қазақтың ұлттық ойыны-арқан тартуды екі командаға бөлініп ойнайды.
- «Міне,бүгін күн мен түн теңелді»,- деп, «Күн мен Түн» ойыны ұсынады. Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп,мадақтап,қоштасып, үйлеріне қайтады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**Наурыз мерекесі- күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін.
**Игереді:** қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:**арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын.

**Күні:** 09.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі
**Мақсаты:** Терция дыбыстарын ажырату. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттау білу.Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету.
**Көрнекілігі:** «Бауырсақ» ертеггісінің кейіпкерлерінің атрибуттары
**Билинггвалды компонент:** Бауырсақ – колобок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
Жан әжемнің жанында,
Тіпті рахат секілді.
Айтады ұйықтар алдында,
Ертегіні не түрлі.
- Сендер қай ертегіні білесіңдер? Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер? - Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші. Қандай кейіпкерлер бар? Балаларға әр кейіпкерлерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату. «Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады. Балаларды қалауы бойынша рөлге бөлу. - Баяғы да, кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпіріне бауырсақ пісіруін сұрапты.Кемпір бар ұнды ашытып терезенің алдына келтіреді. Жата – жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады.Қоян әндете, Бауырсақ , бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ (әндете)
Мен атамнан қаштым,
Апамнанда қаштым.
Ал сеннен қашу,қоян
Қиын емес маған.

Бауырсақ әрі қарай қашып кетеді.Алдынан Қасқыр шығады. Қасқыр: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Сонда бауырсақ қасқырға әнін айтып береді де, қашып кетеді.Келе жатса алдынан Аю шығады. - Аю: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ әнін айтып, қашып кетеді.Келе жатып қу Түлкіге кез келеді. Түлкі: - Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін депті. Сонда бауырсақ сен мені жеме мен саған ән айтып беремін депті.

- Түлкі менің құлағым естімейді менің мұрныма қонып айтып берші. Сазгер: түлкі сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді ән айтып береміз.

**Ән:** «Ертегілер» Балалар әнді айтып,көңілдене қоштасады. Балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** балалар ертегіні сомдай, сахналай білуі керек.

**Игереді:** рөлде ойнау дағдыларын.

**Меңгереді:** ертегіні сахналау дағдыларын.

**Күні:** 14.03.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі (қайталау)

**Мақсаты:** Терция дыбыстарын ажырату. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттау білу.Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету.

**Көрнекілігі:** «Бауырсақ» ертеггісінің кейіпкерлерінің атрибуттары

**Билинггвалды компонент:** Бауырсақ – колобок

**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.

Жан әжемнің жанында,
Тіпті рахат секілді.
Айтады ұйықтар алдында,
Ертегіні не түрлі.

- Сендер қай ертегіні білесіңдер? Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер? - Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші. Қандай кейіпкерлер бар? Балаларға әр кейіпкерлерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату. «Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады. Балаларды қалауы бойынша рөлге бөлу. - Баяғы да, кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпіріне бауырсақ пісіруін сұрапты.Кемпір бар ұнды ашытып терезенің алдына келтіреді. Жата – жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады.Қоян әндете, Бауырсақ , бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ (әндете)

Мен атамнан қаштым,
Апамнанда қаштым.
Ал сеннен қашу,қоян
Қиын емес маған.

Бауырсақ әрі қарай қашып кетеді.Алдынан Қасқыр шығады. Қасқыр: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Сонда бауырсақ қасқырға әнін айтып береді де, қашып

кетеді.Келе жатса алдынан Аю шығады. - Аю: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ әнін айтып, қашып кетеді.Келе жатып қу Түлкіге кез келеді. Түлкі: - Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін депті. Сонда бауырсақ сен мені жеме мен саған ән айтып беремін депті.
- Түлкі менің құлағым естімейді менің мұрныма қонып айтып берші. Сазгер: түлкі сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді ән айтып береміз.
**Ән:** «Ертегілер» Балалар әнді айтып,көңілдене қоштасады. Балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** балалар ертегіні сомдай, сахналай білуі керек.
**Игереді:** рөлде ойнау дағдыларын.
**Меңгереді:** ертегіні сахналау дағдыларын.

**Күні**: 16.03.2022ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы**: «Нота үйренейік»
**Мақсаты:** Әуеннің жоғарғы – төменгі дыбыстарды ажырату**.**Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.
**Көрнекілігі:** бес сызық,бес сызықта орналасқан нота суреттері.
**Билингвалды компонент**: Нота –нота
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп,аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау.
Үйренсек нотаны,
Ән де саламыз.
Барлығын оп-оңай,
Жаттап аламыз.
- Біз сөзді оқығанда әріптерді бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз - музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады.Нотаның астына әннің сөзін жазып,оны айтамыз.
**Ән тыңдау:** «Гүлдерайым» (қазақтың халық әні). «Гүлдерайым»-лирикалық ән.Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына, атына жер-суға арнап ән жазған.Ол әндер ауызша айтылып,әнді шығарған кісі ұмыт қалып,бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
**Ән айту**: «До ре ми» (музыкасы мен сөзін жазған Өмірбек Байділдаев).Нота аттарын атап өту: **до, ре,ми, фа,соль,ля, си.** Қазақ тілінде 42 әріп болса, музыкада 7нота болады. Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші боялған,таяғы бар, жалаушасы бар домалақ түрінде болады.Ө.Байділдаев осы 7 нотаны әнге қосып жырлаған. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.
Дидактикалық ойын: «Ноталарды үйренейік.Сольфеджио». Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып,нотаның орналасуына байланысты нота дыбысин табуға дағдыландыру. Би: «Жұптасу биі». Өткен сабақтарда үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау,есте сақтау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.
-Бүгін қандай ән тыңдадық? Халық әні «Гүлдерайым»

- Кім туралы? Арманына жете алмаған жігіт туралы.
- Ән де не туралы айтылды? Жақсы көретін адамына арналған. - Музыкада неше нота бар? 7 нота бар.
-Бүгінгі іс әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады. Жұптасу биі.
Қорытындылау, бағалау, марапаттау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: нота туралы мағлұматтарды
**Игереді:** нота,нота сызықтары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** нота туралы түсініктерді ұғына отырып ойнау дағдылары қалыптасады.

**Күні**: 28.03.2022ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы**: «Нота үйренейік» (қайталау)
**Мақсаты :**Әуеннің жоғарғы – төменгі дыбыстарды ажырату**.**Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.
**Көрнекілігі:** бес сызық,бес сызықта орналасқан нота суреттері.
**Билингвалды компонент**: Нота –нота
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп,аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау.
Үйренсек нотаны,
Ән де саламыз.
Барлығын оп-оңай,
Жаттап аламыз.
- Біз сөзді оқығанда әріптерді бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз - музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады.Нотаның астына әннің сөзін жазып,оны айтамыз.
**Ән тыңдау:** «Гүлдерайым» (қазақтың халық әні). «Гүлдерайым»-лирикалық ән.Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына, атына жер-суға арнап ән жазған.Ол әндер ауызша айтылып,әнді шығарған кісі ұмыт қалып,бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
**Ән айту**: «До ре ми» (музыкасы мен сөзін жазған Өмірбек Байділдаев).Нота аттарын атап өту: **до, ре,ми, фа,соль,ля, си.** Қазақ тілінде 42 әріп болса, музыкада 7нота болады. Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші боялған,таяғы бар, жалаушасы бар домалақ түрінде болады.Ө.Байділдаев осы 7 нотаны әнге қосып жырлаған. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.
Дидактикалық ойын: «Ноталарды үйренейік.Сольфеджио». Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып,нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Би: «Жұптасу биі». Өткен сабақтарда үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау,есте сақтау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.
-Бүгін қандай ән тыңдадық? Халық әні «Гүлдерайым»
- Кім туралы? Арманына жете алмаған жігіт туралы.
- Ән де не туралы айтылды? Жақсы көретін адамына арналған. - Музыкада неше нота бар? 7 нота бар.

-Бүгінгі іс әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады. Жұптасу биі.
Қорытындылау, бағалау, марапаттау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: нота туралы мағлұматтарды
**Игереді:** нота,нота сызықтары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** нота туралы түсініктерді ұғына отырып ойнау дағдылары қалыптасады.

**Күні**: 30.03.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** Көктем әндері
**Мақсаты:** Сезіммен,ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.
**Көрнекілігі:** көктемдегі көріністер,қараторғай суреті.
**Билингвалды компонент**: Көктемгі әндер – весенняя песня
**Сабақтың барысы:** -Балалар,бұл өлең жолдары қай мезгілін меңзеп тұр. Сендер қандай құбылыстарын байқадыңдар.Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері). Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды.Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен,тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады.Міне, сол әндердің бірі-осы ән. Құстың шырылдағанын үнін әнге қосқан.
**Ән айту:** өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып,бойды тік ұстау.
**Ән үйрену:** «Көктем» (Д.Гусинцев,Т.Исабеков). Бұл әнде де құстың келуін,өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды.Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.
**Ойын:** «Түлкі мен қаздар». Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады,алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады.
-Сонымен ,бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік? Көтем мезгілі.
-Көктем туралы не білдіңдер? Балалардың жауабы.
-Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білулері керек.
**Игереді:** жыл құстары, қараторғай туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

**Күні:** 04.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ғарыш әлеміне саяхат»

**Мақсаты:** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Шығамашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту,есту қабілеттерін әрі қарай дамыту.Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Ғарышкерлердің суреті.

**Билингвалды компонент:** Ғарышкер – космонавт.

**Сабақтың барысы:** Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді – ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В.Комарова ) ойнақы,көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір -біріне тигізе секіру. (боковой галоп) қимылдарын үйретеді. 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді.Сазгер балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады.

Сапар үшін келесі .
Дайын ғарыш кемесі,
Бұған ертең мініп ап,
Айға барамыз зымырап. (А.Сопыбеков)

Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады.Ал кәнеки,қазірден жаттығуға әзірленейік! – деп, жаттығулар жасауды ұсынады. Міне, енді шынығып,ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық жасалады.Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» Әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады.Міне белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би»(Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. - Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер,т.б)

- Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдадыңдар! Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай!» (Е.Өміров, Ө.Тұрманжанов) әнін орындап береді.
- Ғарыш деген не? Аспанды зерттейтін зымыран.
-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балалардың жауабы.
- Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Айда.

Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді,мәлімет береді.Ғарыш айдағы Байқоңырда орналасқанын ,алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді.

Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз» (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов)

**Әуенді – қимылды ойын**: «Роботтар кемесінде» Үнтаспадан роботтың қимылына сай әуен ойналып,балалар робот қимылын көрсетеді.Әуен тоқағанда өз кемелеріне отырулары тиіс.Ғарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады. «Айөлек» әуеннін оркестрде ойнауды жалғастыру(қоңырау,үшбұыш,металлофон) «Кел билейік» әуеніне көңілді би билеуді ұсынады.Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды мәнерлеп билеуді ұсынады.

Балаларды мақтап, мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.

**Игереді:** Ғарыш, ғарышкелер, ғарыш айлағы туралы түсініп, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.

**Меңгереді:** Әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды, шығарманы тыңдап, мағынасын түсіндіре алуды.

**Күні:** 06.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ғарыш әлеміне саяхат» (қайталау)
**Мақсаты:** Сюжетті ролдерді сахналау. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Шығамашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Өн айту,есту қабілеттерін әрі қарай дамыту.Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Ғарышкерлердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Ғарышкер – космонавт.
**Сабақтың барысы:** Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді – ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В.Комарова ) ойнақы,көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір -біріне тигізе секіру. (боковой галоп) қимылдарын үйретеді. 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді.Сазгер балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады.
Сапар үшін келесі .
Дайын ғарыш кемесі,
Бұған ертең мініп ап,
Айға барамыз зымырап. (А.Сопыбеков) Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады.Ал кәнеки,қазірден жаттығуға әзірленейік! – деп, жаттығулар жасауды ұсынады. Міне, енді шынығып,ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық жасалады.Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» Әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады.Міне белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би»(Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. - Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер,т.б) -
Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдадыңдар! Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай!» (Е.Өміров, Ө.Тұрманжанов) әнін орындап береді.
- Ғарыш деген не? Аспанды зерттейтін зымыран.
-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балалардың жауабы.
- Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Айда.
Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді,мәлімет береді.Ғарыш айдағы Байқоңырда орналасқанын ,алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді.
Өн үйрену: «Ғарышкер боламыз» (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов)
**Әуенді – қимылды ойын**: «Роботтар кемесінде» Үнтаспадан роботтың қимылына сай әуен ойналып,балалар робот қимылын көрсетеді.Әуен тоқағанда өз кемелеріне отырулары тиіс.Ғарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады. «Айөлек» әуеннін оркестрде ойнауды жалғастыру(қоңырау,үшбұыш,металлофон) «Кел билейік» әуеніне көңілді би билеуді ұсынады.Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап

табуды мәнерлеп билеуді ұсынады.
Балаларды мақтап, мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.
**Игереді:** Ғарыш, ғарышкелер, ғарыш айлағы туралы түсініп, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.
**Меңгереді:** Әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды, шығарманы тыңдап, мағынасын түсіндіре алуды.

**Күні:** 11.04 .22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Ән салып, би билейміз»
**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктің элементтерімен байланыстыру.Дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.
**Көрнекілігі:** металлофон аспабы, «етек-етек» ойынына қажетті атрибуттар.
**Билингвалды компонент:** Ән- песня, би – танец.
Сабақтың барысы: «Марш»(Е.Брусиловский)ойналып,балаларды қатармен жүруін қадағалайды. Түзу сызық бйымен жүруді үйретеді.
Үйренеміз өнер біз,
Шетімізден шеберміз,
Ән де айтып көңілді,
Би де билеп береміз,
Деп, «Тату достар»(И.Штраус) Полькасына биге шақырады.Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан,таныс би қимылдарыан қарастыруға,еркін билеуге мүмкіндік береді.
- Кімнің қандай өнері бар?
- Кім билегенді ұнатады?
- Ал кім бізге қалаған әнін орындап береді?- деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады. Домбырам күмбірлеп.
Күй шерте аламын.
Бұрыла би билеп,
Суретте саламын.
**Ән тыңдау:** «Балалығым – балғын шағым» (Т.Қажыбаев) атты әнді орындап,тыңдауларын сұрайды.Ұлттық музыкалық аспап-шертермен таныстыру.Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын үнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігі еске сақтауға ажыратуға үйрету. Дауыс жаттығулары: «Дабыл», «Шертер» орындалады. «Дабыл» әніндегі «дұң-дұң» буындарын дауысқа салмақ түсіре анық айтуға үйрету. «Шертер» ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне,регистріне көңіл аудару.Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.
Ән саламыз күнде біз,
Шаттық толы іргеміз.

Біз тату достармыз,
Біз үнемі біргеміз!
**Ән үйрену:** «Балдырғандар әні» (Б.Дәлденбай,Н.Жанаев)Авторлардың Балаларға арнап жазған көптеген әндерін орындап,айтып жүргендерін ескертеді.
Аспапта ойнау: «Полька» Бірнеше металлофон аспабында оркестрде ойнауға үйрету.Әуенді анық, таза ойнап, ырғақты сезінуге дағдыландырады.
Ойна,ойна ойнайық,
Биле,биле,билейік.
Ойын ойнап көңілді,
Қызыққа тоймайық!
Ойын: «Етек- етек» Ойын шартын қатаң сақтауларын қадағалау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білуі керек.
**Игереді:** жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.
**Меңгереді:** музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, металлофон аспабында еркін ойнауды.

**Күні:** 13. 04 .22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Ән салып, би билейміз» (қайталау)
**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктің элементтерімен байланыстыру.Дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.
**Көрнекілігі:** металлофон аспабы, «етек-етек» ойынына қажетті атрибуттар.
**Билингвалды компонент:** Ән- песня, би – танец.
Сабақтың барысы: «Марш»(Е.Брусиловский)ойналып,балаларды қатармен жүруін қадағалайды. Түзу сызық бйымен жүруді үйретеді.
Үйренеміз өнер біз,
Шетімізден шеберміз,
Ән де айтып көңілді,
Би де билеп береміз,
Деп, «Тату достар»(И.Штраус) Полькасына биге шақырады.Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан,таныс би қимылдарыан қарастыруға,еркін билеуге мүмкіндік береді.
- Кімнің қандай өнері бар?
- Кім билегенді ұнатады?
- Ал кім бізге қалаған әнін орындап береді?- деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады. Домбырам күмбірлеп.
Күй шерте аламын.
Бұрыла би билеп,
Суретте саламын.
**Ән тыңдау:** «Балалығым – балғын шағым» (Т.Қажыбаев) атты әнді орын-

дап,тыңдауларын сұрайды.Ұлттық музыкалық аспап-шертермен таныстыру.Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын үнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігі еске сақтауға ажыратуға үйрету. Дауыс жаттығулары: «Дабыл», «Шертер» орындалады. «Дабыл» әніндегі «дұң-дұң» буындарын дауысқа салмақ түсіре анық айтуға үйрету. «Шертер» ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне,регистріне көңіл аудару.Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.

Ән саламыз күнде біз,
Шаттық толы іргеміз.
Біз тату достармыз,
Біз үнемі біргеміз!

**Ән үйрену:** «Балдырғандар әні» (Б.Дәлденбай,Н.Жанаев)Авторлардың Балаларға арнап жазған көптеген әндерін орындап,айтып жүргендерін ескертеді.

Аспапта ойнау: «Полька» Бірнеше металлофон аспабында оркестрде ойнауға үйрету.Әуенді анық, таза ойнап, ырғақты сезінуге дағдыландырады.

Ойна,ойна ойнайық,
Биле,биле,билейік.
Ойын ойнап көңілді,
Қызыққа тоймайық!

Ойын: «Етек- етек» Ойын шартын қатаң сақтауларын қадағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білуі керек.

**Игереді:** жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.

**Меңгереді:** музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, металлофон аспабында еркін ойнауды.

**Күні:** 18.04. 22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Білім бөлімі**: Музыка

**Тақырыбы**: «Орманда»

**Мақсаты**: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру.Музыкадағы дыбыс жоғарлығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау.

**Көрнекілігі**: Орманның суреті.

**Билингвалды компонент:** Орман – лес

**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді әнмен залға кіреді. Балалар,айтыңдаршы, ненің дауысы шығып жатыр? Ал ондай болса, кәне құстарға ұқсап, қанатымызды қағайық.Орманда көптеген жыртқыш аңдар, көптеген құстар бар.Суреттен көрсету. Көгілдір зкраннан орманды,құстарды Оның дауысын тыңдап,ажырата білді. Музыка тыңдау: «Қарлығаш «(Б.Бейсенова)Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар. Енді Б.Бейсенованың «Қарлығаш» шығармасын тағы тыңдап, салыстырыңдар. Қандай

ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер? «Көктем келді» әнінен қандай айырмашылығы бар? - Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі Регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі. Енді дыбыстарды үзіп – үзіп айтуға тырысады. Қарлығаштың дауысын. Бұл ән көңілді, ойнақы. Балалар әнді тыңдап,сипатын ажыратуға тырысады.
«О» дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О – о – о – о –о
«У» дыбысын үзіп айтуға тырысады. У – у –у –у –у.
**Ән үйрену:** «Бүлдіршіндер әні» (Сөзі,әні: М.Жанузакова) әнін үйренуді ұсынады. Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.
**Аспапта ойнау:** «Полька»(А.Филипенко) Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау, жалғастыру. Би: «Қарлығаш» «Көктем келді» әніне билейді. Қандай композитордың шығармасын тыңдадыңдар? Қандай әндер айттыңдар? Музыканы тыңдап, Қарлығаштың қимылын жасайды. Б.Бейсенованың. «Көктем келді»Балаларды мақтап, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: «Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату, әннің ырғағын сақтау.
**Игереді:** Музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.
**Меңгереді:** Көңілді ырғақпен жүруді, сезіне билеуді.

**Күні:** 20 .04. 22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі**: Музыка
**Тақырыбы**: «Орманда» (қайталау)
**Мақсаты**: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену,қызығушылығын арттыру.Музыкадағы дыбыс жоғарлығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау.
**Көрнекілігі**: Орманның суреті.
**Билингвалды компонент:** Орман – лес
**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді әнмен залға кіреді. Балалар,айтыңдаршы, ненің дауысы шығып жатыр? Ал ондай болса, кәне құстарға ұқсап, қанатымызды қағайық.Орманда көптеген жыртқыш аңдар, көптеген құстар бар.Суреттен көрсету. Көгілдір зкраннан орманды,құстарды Оның дауысын тыңдап,ажырата білді. Музыка тыңдау: «Қарлығаш «(Б.Бейсенова)Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар. Енді Б.Бейсенованың «Қарлығаш» шығармасын тағы тыңдап, салыстырыңдар. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер? «Көктем келді» әнінен қандай айырмашылығы бар? - Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі Регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі. Енді дыбыстарды үзіп – үзіп айтуға тырысады. Қарлығаштың дауысын. Бұл ән көңілді, ойнақы. Балалар әнді тыңдап,сипатын ажыратуға тырысады.
«О» дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О – о – о – о –о
«У» дыбысын үзіп айтуға тырысады. У – у –у –у –у.
**Ән үйрену:** «Бүлдіршіндер әні» (Сөзі,әні: М.Жанузакова) әнін үйренуді ұсынады. Әнді

орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.
**Аспапта ойнау:** «Полька»(А.Филипенко) Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау, жалғастыру. Би: «Қарлығаш» «Көктем келді» әніне билейді. Қандай композитордың шығармасын тыңдадыңдар? Қандай әндер айттыңдар? Музыканы тыңдап, Қарлығаштың қимылын жасайды. Б.Бейсенованың. «Көктем келді»Балаларды мақтап, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: «Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату, әннің ырғағын сақтау.
**Игереді:** Музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.
**Меңгереді:** Көңілді ырғақпен жүруді, сезіне билеуді.

**Күні**: 25.04.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы**: «Ана – өмір шырағы»
**Мақсаты**: Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.Музыкалық қабілеттерін,шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.
**Көрнекілігі**: кітаптағы ананың суреті.
**Билингвалды компонент**: Ана-мать.
**Сабақтың барысы:** Вальс(Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылын қайталап үйренеді. Еске сақтап, биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды. Би элементтерін соңына дейін көрсетіп, бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды. «Гүлдермен би» қимылдары үйретіледі.Суретшілердің әйел – ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді. «Ана»Леонардо да Винчи.Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды.(қуанышты,салмақты,сабырлы)т.б
- Ал сендердің аналардың қандай көңіл күйде жүреді?
- Қуанғанда қандай болады?
- Көңілді ---
Сендерге ренжігенде не істейді? – Ұрысады.
- Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады?
- Түрі жылы болады.
Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.
Еркелеткен баласын,
Аман болшы, анашым.
**Музыка тыңдау:** «Аман болшы, анашым!» Бұл ән бәріміздің аналарымызға арналған.
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Көңілді
- Сендерге ұнады ма?
- Әрине ұнады.
**Дауыс жаттығуы:** «Әдемі ән», «Анашым»

**Ән үйрену:** «Анашым»(Е.Хасанғалиев,А.Асылбек) орындалады.Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.

Өтпесін әр кеш құр,

Ойнаймыз оркестр!

Аспапта ойнау: «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. «Өрнек» биінің элементтерін қайталап, еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. Қимылды ән – ойын: «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап,шапшаң қимылдауға, жұптасып,қақпа жасап тұруға дағдыландыру.

- Өз аналарына қандай тілек айтасыңдар? - Жақсы
- «Ана- біздің гүліміз»дегенді қалай түсінесіңдер?Балалардың жауабы.
- Аналарыңа қандай сыйлық ұсынасыңдар? – Раушан гүл берем.
- «Менің сүйікті анам» тақырыбына өз аналарын бейнелеп,суретін салуға тапсырма береді. Көрме ұйымдастырылады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза,тембірін сезіне орындау.

**Игереді:** Әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді,гүлдермен биді жеңіл, бір қалыпты билеуді,аспаптардың үндестігін естіп,бірге оркестрде ойнауды.

**Меңгереді:** Әнді таза орындап, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

**Күні**: 27.04.22ж

**Білім саласы**: Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы**: «Ана – өмір шырағы» (қайталау)

**Мақсаты**: Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.Музыкалық қабілеттерін,шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.

**Көрнекілігі**: кітаптағы ананың суреті.

**Билингвалды компонент**: Ана-мать.

**Сабақтың барысы:** Вальс(Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылын қайталап үйренеді. Еске сақтап, биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды. Би элементтерін соңына дейін көрсетіп, бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды. «Гүлдермен би» қимылдары үйретіледі.Суретшілердің әйел – ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді. «Ана»Леонардо да Винчи.Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды.(қуанышты,салмақты,сабырлы)т.б

- Ал сендердің аналардың қандай көңіл күйде жүреді?
- Қуанғанда қандай болады?
- Көңілді ---

Сендерге ренжігенде не істейді? – Ұрысады.

- Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады?

- Түрі жылы болады.
Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.
Еркелеткен баласын,
Аман болшы, анашым.
**Музыка тыңдау:** «Аман болшы, анашым!» Бұл ән бәріміздің аналарымызға арналған.
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Көңілді
- Сендерге ұнады ма?
- Әрине ұнады.
**Дауыс жаттығуы:** «Әдемі ән», «Анашым»
**Ән үйрену:** «Анашым»(Е.Хасанғалиев,А.Асылбек) орындалады.Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.
Өтпесін әр кеш құр,
Ойнаймыз оркестр!
Аспапта ойнау: «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. «Өрнек» биінің элементтерін қайталап, еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. Қимылды ән – ойын: «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап,шапшаң қимылдауға, жұптасып,қақпа жасап тұруға дағдыландыру.
- Өз аналарына қандай тілек айтасыңдар? - Жақсы
- «Ана- біздің гүліміз»дегенді қалай түсінесіңдер?Балалардың жауабы.
- Аналарыңа қандай сыйлық ұсынасыңдар? – Раушан гүл берем.
- «Менің сүйікті анам» тақырыбына өз аналарын бейнелеп,суретін салуға тапсырма береді. Көрме ұйымдастырылады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза,тембірін сезіне орындау.
**Игереді:** Әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді,гүлдермен биді жеңіл, бір қалыпты билеуді,аспаптардың үндестігін естіп,бірге оркестрде ойнауды.
**Меңгереді:** Әнді таза орындап, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

**Күні: 02** .05. 22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ел қорғауға дайынбыз!»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Балалардың париоттық сезімін ояту.Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Соғыс ардагерлердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Жеңіс – победа
**Сабақтың барысы:** Балаларды залда «Балдырғандар маршы»(Қ.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен

билейді.Сазгер балаларды Т.Қауымбаевтың музейіне шақырады. «9 – мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады.
«Ел қорғауға әзірміз»(Қ.Қуатбаев,М.Әлімбаев) әнін бірге орындайды.Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Сазгер көгілдір экраннан соғыс ардагерлердің суретін көрсетеді.
Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов,В.Харитонов) үнтаспадан тыңдайды. Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.
Би: «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады.
«Мәңгілік алау» гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза болғандарды еске алуды қайталайды.
Ән үйрену: «Батыр бала, Болатбек» ардагерлере арнап «Сарбаздар» әніне билеп, беруді ұсынады. Балалар«мәңгілік алау»басына ардагерлердің не үшін жиналғаннын түсінуге талпыады.»Жеңіс күні»әнін тыңдайды.Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, «Катюша» биіне қызыға қарайды.«Мәңгілік алау»басына гүл шоқтарын қояды. «Сарбаздар» әніне билеуге тырысады. Дидактикалық үлестірмелі ойын:«Жанрларды ажырат» Балаларға текшелер таратып беріледі. Балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.

- Қандай паркте болдық? - «Панфилов» паркінде.
  - Қандай ән тыңдадыңдар? - «Жеңіс күні»
  - Қандай би ансамбльдерін білесіндер? Балалардың жауабы.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдап, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды.
**Меңгереді:** әскери музыканы тыңдап, қосыла ырғақпен билеуді.

**Күні:** 04. 05. 22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ел қорғауға дайынбыз!»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Балалардың париоттық сезімін ояту.Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Соғыс ардагерлердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Жеңіс – победа
**Сабақтың барысы:** Балаларды залда «Балдырғандар маршы»(Қ.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді.Сазгер балаларды Т.Қауымбаевтың музейіне шақырады. «9 – мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады.
«Ел қорғауға әзірміз»(Қ.Қуатбаев,М.Әлімбаев) әнін бірге орындайды.Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Сазгер көгілдір экраннан соғыс ардагерлердің суретін көрсетеді.
Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов,В.Харитонов) үнтаспадан тыңдайды. Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.
Би: «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады.
«Мәңгілік алау» гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза болғандарды еске алуды қайталайды.
Ән үйрену: «Батыр бала, Болатбек» ардагерлере арнап «Сарбаздар» әніне билеп, беруді ұсынады. Балалар«мәңгілік алау»басына ардагерлердің не үшін жиналғаннын түсінуге талпыады.»Жеңіс күні»әнін тыңдайды.Бауыржан Момышұлы атындағы

ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, «Катюша» биіне қызыға қарайды.«Мәңгілік алау»басына гүл шоқтарын қояды. «Сарбаздар» әніне билеуге тырысады. Дидактикалық үлестірмелі ойын:«Жанрларды ажырат» Балаларға текшелер таратып беріледі. Балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.

- Қандай паркте болдық? - «Панфилов» паркінде.
- Қандай ән тыңдадыңдар? - «Жеңіс күні»
- Қандай би ансамбльдерін білесіндер? Балалардың жауабы.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдап, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды.
**Меңгереді:** әскери музыканы тыңдап, қосыла ырғақпен билеуді.

**Күні:** 11. 05 .2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** « Көңілді нота»
**Мақсаты:**Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.
**Көрнекілігі**. Бес сызық, бес сызықта орналасқан нота суреттері.
**Билингвалды компонент:** Нота – нота
**Сабақтың барысы**: Көңілді әуенмен музыка залына қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау.
Үйренсек нотаны,
Ән де саламыз.
Барлығын оп – оңай,
Жаттап аламыз. Біз сөзді оқығанда әріптерді бір – біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз- музыка дыбыстарына қағаз бетіне жазылатын белгі.Ән нота арқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жауып, оны айтамыз. Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» (Қазақтың халық әні) «Гүлдерайым»- лирикалық ән. Бұл арманына жетелмеген жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына,атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
***Ән айту:*** «До –ре – ми» (муз,сөзі: Өмірбек Байділдаев) Нота аттарын атап өту: до –ре – ми – фа –соль- ля – си. Қазақ тілінде 42 әріп болса, Музыкада 7 нота болады. Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші болған, таяғы бар, жалаушасы бар домалақ түрінде болады. Ө. Байділдаев осы нотаны 7 нотаны әнге қосып жырлаған. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.
**Дидактикалық ойын:** «Ноталарды үйренейік. Сольфеджио» Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру.

**Би: «Жұптасу биі».** Өткен сабақтарда үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау, есте сақтау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.
- Бүгін қандай ән тыңдадық? Халық әні
- Кім туралы? Сұлу қыз туралы.
- Музыкада неше нота бар? 7 нота бар.
- Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады?

Қорытындылау, бағалау, марапаттау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** нота туралы мағлұматтарды.
**Игереді:** нота, нота сызықтары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау дағдыларын қалыптасады.

**Күні:** 16.05.2022ж

**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** « Көңілді нота» (қайталау)
**Мақсаты:**Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту.Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.
**Көрнекілігі**. Бес сызық, бес сызықта орналасқан нота суреттері.
**Билингвалды компонент:** Нота – нота
**Сабақтың барысы**: Көңілді әуенмен музыка залына қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау.
Үйренсек нотаны,
Ән де саламыз.
Барлығын оп – оңай,
Жаттап аламыз. Біз сөзді оқығанда әріптерді бір – біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз- музыка дыбыстарына қағаз бетіне жазылатын белгі.Ән нота арқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жауып, оны айтамыз. Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» (Қазақтың халық әні) «Гүлдерайым»- лирикалық ән. Бұл арманына жетелмеген жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына,атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
**Ән айту:** «До –ре – ми» (муз,сөзі: Өмірбек Байділдаев) Нота аттарын атап өту: до –ре – ми – фа –соль- ля – си. Қазақ тілінде 42 әріп болса, Музыкада 7 нота болады. Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші болған, таяғы бар, жалаушасы бар домалақ түрінде болады. Ө. Байділдаев осы нотаны 7 нотаны әнге қосып жырлаған. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.
**Дидактикалық ойын:** «Ноталарды үйренейік. Сольфеджио» Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру.
**Би: «Жұптасу биі».** Өткен сабақтарда үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау, есте сақтау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.

- Бүгін қандай ән тыңдадық?    Халық әні
- Кім туралы?   Сұлу қыз туралы.
- Музыкада неше нота бар? 7 нота бар.
- Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады?

Қорытындылау, бағалау, марапаттау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** нота туралы мағлұматтарды.
**Игереді:** нота, нота сызықтары туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау дағдыларын қалыптасады

**Күні:** 18.05.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Домбыра сазы»
**Мақсаты:**Домбыраның дыбысталуы бейеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.
**Көрнекілігі:** қазақтың ұлттық аспабы – домбыра.
**Билингвалды компонент:** домбыра – домбыра
**Сабақтың барысы:** Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты қадаммен келеді. Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.
*Домбыра, қайда барсам тастамаймын,*
*Ән менен сенсіз өлең бастамаймын.*
*Екі ішек, он бір перне, бір тиектен*
*Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын.        (Кенен Әзірбаев)*
Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әр түрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды. Музыка тыңдау: «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев, Х. Талғаров) . Ибрагим нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету) «Айналайын ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды. Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.
**Ойын:** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де, әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап, ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.
**Би:** «Апатайым-ай» («Билеп үйренейік»). Би өте көңілді, жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді.
- Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ән тыңдадық, қандай ән үйрендік?
- Ән не туралы болды? «Домбыра сазы»
- ойынымыздың аты қалай аталады?    «Соқыртеке» ойыны

- Бүгінгі іс әрекеттің қай бөлімі ұнады? Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** қазақтың музыкалық аспабы домбыра туралы білулері керек.
**Игереді:**«соқыртеке» деген түсінікті.
**Меңгереді:** жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 23.05.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Домбыра сазы» (қайталау)
**Мақсаты:**Домбыраның дыбысталуы бейеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Музыкалық аспапқа бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.
**Көрнекілігі:** қазақтың ұлттық аспабы – домбыра.
**Билингвалды компонент:** домбыра – домбыра
**Сабақтың барысы:** Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты қадаммен келеді. Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.

*Домбыра, қайда барсам тастамаймын,*
*Ән менен сенсіз өлең бастамаймын.*
*Екі ішек, он бір перне, бір тиектен*
*Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын. (Кенен Әзірбаев)*

Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әр түрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды. Музыка тыңдау: «Келіншек» (халық күйі). Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.
**Ән үйрену:** «Домбыра сазы» (И.Нүсіпбаев, Х. Талғаров) . Ибрагим нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсету) «Айналайын ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды. Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.
**Ойын:** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де, әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап, ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.
**Би:** «Апатайым-ай» («Билеп үйренейік»). Би өте көңілді, жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді.
- Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ән тыңдадық, қандай ән үйрендік?
- Ән не туралы болды? «Домбыра сазы»
- ойынымыздың аты қалай аталады? «Соқыртеке» ойыны
- Бүгінгі іс әрекеттің қай бөлімі ұнады? Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. Қорытындылау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** қазақтың музыкалық аспабы домбыра туралы білулері керек.

**Игереді:**«соқыртеке» деген түсінікті.

**Меңгереді:** жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 25.05.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Білім бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз мектепке барамыз»

**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуыың сипаттамасына сүйене отыып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлікердің элементтер мен байланыстыру.Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.

**Көрнекілігі:** аспаптар,мектеп құралдары.

**Билингвалды компонент:** мектеп - школа

**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды «Гүлдер вальсі» (П.И.Чайковский) ырғағымен қарсы алады. Би ырғақтарын сезіне билеуге үйретеді. Шеңбермен жүріп,өз орындарына тұрып,жұптарымен ілесе жүруді үйретеді. Б.Бейсенованың «Ұстазға мың тағзым» әнін тыңдауға ұсынады. Балаларды ойынға ұйымдастырады. «Әуенді тап» ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап,жарысып айтуға үйретеді.
Ән үйрену: «Қош бол,балабақша» (Р.Төлендиева,С.Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балалардың жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетулерін ұсынады. Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады.Балаларды өздерін еркін ұстауға,әнді сезініп айтуға,биді бірдей билеуге үйретеді.Ұлдарды «рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп «Тіл туралы» жырлауды үйретеді және вальс ырғағына қайталауды ұсынады.Алдын ала дайындалған «Ирландық полька», «Гүлдер вальсі» билерін қайталайды («Билеп үйренейік» жинағынан). «КВН»,«Әзіл-сықақ» театры миниатюраларынан үзінді үйретеді.Балалардың рөлде ойнауын ұсынады. Ойын: «Алтын қақпа**».**

**Аспапта ойнау:** «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсынады.

**Музыка тыңдау:** «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев). Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды,мектепке дайындықтарының жоғары екенін айтып мадақтайды. Қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажыратуды,жанрларды білу керек.

**Игереді:** музыканы тыңдап, аспаптармен ырғақты сезіне ойнауды.

**Меңгереді:** музыкамен ырғақты сезіне би қимылдарын жасауды.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »
МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі :
_____________ М.А. Бибосынова

# Ересек «Күншуақ» тобының музыкадан 2021-2022оқу жылына арналған перспективалық оқу жоспары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықтарым»** | **«Жиһаздар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | « Менің балабақшам» | **Күні:01.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Балдырғандар әні»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. | **Күні:08.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Балдырғандар әні»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.<br>**Күні:10.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:**Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | **Күні: 15.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:**Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | **Күні:22.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br>**Мақсаты:**<br>Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ән айта отырып.сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.<br>**Күні: 24-29. 09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br>**Мақсаты:** Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ән айта отырып.сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. |

| | **Қазан**<br><br>**Апталық тақырып** | **«Менің отбасым, ата – аналар еңбегі»** | **«Менің көшем»** | **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **«Алтын күз»** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | | **Күні 01.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Атамның киіз үйі»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру<br><br>. | **Күні 06.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Атамның киіз үйі»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру<br><br>**Күні:08.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күз жомарт»**<br>**Мақсаты:** Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктермен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | **Күні: 13.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күз жомарт»**<br>**Мақсаты:** Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктермен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | **Күні: 20.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат»**<br>**Мақсаты:** Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембірі туралы ұғымын қалыптастыру.Күздің сұлулығын бимен көрсету.<br>**Күні: 22-29. 10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат»**<br>**Мақсаты**: Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Күздің сұлулығын бимен көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қараша** | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені - саудың жаны сау»** | **Күні:03.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Кел, билейік»**<br>**Мақсаты:**<br>Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. | **Күні:10.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Кел, билейік»**<br>**Мақсаты:** Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембірі туралы ұғымын қалыптастыру.<br><br>**Күні: 12.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күз байлығы»**<br>**Мақсаты:**<br>Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.Музыка-лардағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ,сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. | **Күні: 17.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күз байлығы»**<br>**Мақсаты:**<br>Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.Музыка-лардағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ,сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. | **Күні: 24.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біздің атай»**<br>**Мақсаты**: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу.Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды өз отбасы мүшелеріне жеткізе білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға үйрету.<br><br>**Күні: 26.11.21 ж**<br>**Тақырыбы: «Біздің атай» (Қайталау)**<br>**Мақсаты:** Ән сипатын ұғына отырып,өткен сабақтағы әндерді қайталау.Би қимылдарын музыканың бояуымен сезініп жасау. |
| | **Желтоқсан** | **«Менің Қазақста-ным»** | **«Туған өлкем»** | **«Астана – отанымыздың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Менің Қазақстаным» | **Күні**: **02.12.21ж**<br>**Тақырыбы: «Қазақстаным- кең байтақ елім»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге,<br>ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Күні**: **08.12.21ж**<br>**Тақырыбы: «Қазақстаным- кең байтақ елім»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге,<br>ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Күні: 10.12.21**<br>**Тақырыбы: «Менің Отаным»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттғу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер,<br>ауыл туралы әңгімелеу. | **Күні:**<br>**15.12.21**<br>**Тақырыбы: «Менің Отаным» (қайталау)**<br>**Мақсаты:**<br>Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттғу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу. | **Күні: 22.12.21 ж.**<br>**Тақырыбы: «Біздің Нұрсұлтан»**<br>**Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыру-ға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.<br>**Күні: 24-29.12.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біздің Нұрсұлтан»**<br>**Мақсаты**: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету |
| | **Қаңтар** | **«Айналамыздағы өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар,біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Табиғат әлемі»** | | **Күні:05 .01.22ж Тақырыбы: «Әдемі көбелек. Мақсаты:** көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br><br>**Күні:07 .01.22ж Тақырыбы: «Төлдер». Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету. | **Күні: 12. 01.22ж Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | **Күні: 19.01.22ж Тақырыбы: «Қысқы әуен» Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, би қимылдарын, музыкалық ойын қозғалыстарын орындауға дағдыландыру. Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайалай білу<br>**Күні: 21-26. 01.22ж Тақырыбы: «Қысқы әуен» Мақсаты:**. Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, би қимылдарын, музыкалық ойын қозғалыстарын орындауға дағдыландыру. Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайалай білу |
| | **Ақпан** | **«Өлі табиғат құбылыста-ры»** | **«Көліктер»** | **«Электроника әлемі»** | **«Мамандық-тың бәрі жақсы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Бізді қоршаған әлем» | **Күні:**<br>**02 .02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру. | **Күні:**<br>**09. 02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Пойыз»**<br>**Мақсаты**:<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.<br>**Күні: 11.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Пойыз»**<br>**Мақсаты**:<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. | **Күні: 16.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу.<br>Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. | **Күні: 23.02.22ж**<br>**Тақырыбы: Анам жайлы**<br>**Мақсаты:**<br>Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу.<br>Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.<br>**Күні: 25.02.22ж**<br>**Тақырыбы: Анам жайлы**<br>**Мақсаты:**<br>Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу.<br>Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Наурыз** | **«Салттар мен дәстүрлер»** | **«Ертегілер елінде, театр әлемі»** | **«Өнер көзі халықта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Салттар мен фольклор»** | **Күні: 02.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Наурызым – армысың!»**<br>**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру,салт – дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.<br>. | **Күні: 09.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Наурызым – армысың!» (қайталау)**<br>**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру,салт – дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру<br>**Күні: 11.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әуенді сандықша»**<br>**Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыкаға қызығушылығын арттыру, түиирлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету. | **Күні: 16.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әуенді сандықша»**<br>**Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыкаға қызығушылығын арттыру, түиирлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету. | **Күні:25.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көктем»**<br>**Мақсаты**: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен Қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту. |
| | **Сәуір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер-мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Біз еңбекқор баламыз»** | **Күні: 01 .04.22 ж** **Тақырыбы**: **«Шуақты көктем»** **Мақсаты**: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуен- ді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. | **Күні: 06 .04.22ж** **Тақырыбы: «Ас атасы - нан»** **Мақсаты**: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру, ,күйді тыңдап,сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету. **Күні: 08.04.22ж** **Тақырыбы: «Ас атасы - нан» (қайталау)** **Мақсаты**: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру,күйді тыңдап,сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету. | **Күні: 13.04.22ж** **Тақырыбы: «Әуенді-сиқырлы ормандағы құртақандар»** **Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып,музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету. | **Күні: 19.04.22ж** **Тақырыбы: «Әнші балапан»** **Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып,музыка-лық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету. **Күні: 22-27-29. 04.22ж** **Тақырыбы: «Әнші балапан» (қайталау)** **Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып,музыка-лық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету. |
| | **9-апта Мамыр** | **«Достық біздің тірегіміз»** | **«Отан қорғау шылар»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Әрқашан күн сөнбесін!» | **Күні:** 04 **.05. 22ж** **Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз»** **Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. | **Күні: 11.05. 22ж** **Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз» (қайталау)** **Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. **Күні: 13.05.22ж** **Тақырыбы: «Отан - біздің үйіміз»** **Мақсаты:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығар-маны сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу.Әнді сезіне арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу.Алдын ала қалалар,ту-ған жер,ауыл туралы әңгімелесу. баулу.Әнді сезіне арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу.Алдын ала қалалар,ту-ған жер,ауыл туралы әңгімелесу. | **Күні: 18.05.22ж** **Тақырыбы: «Отан - біздің үйіміз» (қайталау)** **Мақсаты:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығар-маны сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге | **Күні:25.05.22ж** **Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!»** **Мақсаты**: Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру **Күні:27.05.22ж** **Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!» (қайталау)** **Мақсаты**: Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру |

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »
МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі :
_____________ М.А. Бибосынова

# Ересек «Күншуақ»
# тобының музыкадан
# 2021-2022оқу жылына арналған күнделікті оқу жоспары

**Күні:** 01 - 08. 09. 2021ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Балдырғандар әні»
**Мақсаты:**Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Бала – мальчик.
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б)
**Ән тыңдау: «**Балабақша бағында» (С.Керімбаев, І. Шұғаев).
**Ән үйрену:** «Балдырғандар әні**»** (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді.
Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. Қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып, дөңгелене билейді. Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.
Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.
**Игереді**: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.
**Меңгереді**: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

**Күні:** 10-15.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің достарым»
**Мақсаты:** Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.
**Көрнекілігі:**Балалардың суреті.

**Билингвалды компонент:** Достар- друзья
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Амандасады.
Қуан, шаттан, алақай!
Қуанатын кез келді.
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң, балақай!
**Ән тыңдау: «Достық»** (И.Нүсіпбаев, Е.Елубаев)
- Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек.
**Ән үйрету: «Тату доспыз бәріміз»** (Е.Меңдешев, Ф.Оңғарсынова).
Ән айтар алдында ережелерді еске түсіру.Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенмен айтқызады.
**Әуенді-ырғақты қимыл:** «Серуендейміз,билейміз» (А.Тоқсанбаев).
Әуен ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету. Балалар ережелерді еске түсіріп, оларды сақтайды.
Қол ұстасып айналады. Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.
**Игереді**: татулық, достық түсініктерін.
**Меңгереді**: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

**Күні:** 22 – 24-29.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым»
**Мақсаты:** Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.
**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Ойыншықтар – игрушки.
**Сабақтың барысы:** Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу.Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау. Амандасады.
Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.
Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С. Керімбаев, І.Шұғаев).
Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров)
Ән айту ережелерін еске түсіреді. Музыка тыңдау:«Би»(Е.Андосов). Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталау.

Ән үйрену: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) Музыка жетекшісі әнді мәтініне мән бере орындап, әуенін үйретеді.Әуенді-қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді. Қорытындылау. Балаларды бағалау, марапаттау.
**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді.
**Игереді**: іркілмейік, деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды.
**Меңгереді**: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауға.

**Күні:** 01 - 06. 10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Атамның киіз үйі»
**Мақсаты:** Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Темрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.
**Көрнекілігі:** Атаның суреті
**Билингвалды компонент:** Ата - дедушка
**Сабақтың барысы:** Жетекші балаларды қарсы алып (әшенов, Ә. Тәжібаев), **«Марш»** (Л.Хамиди) әуеніне, жүруді ұсынады.
*Бір, екі, үш, төрт,*
*Аяқты нық басайық*
*Бір, екі, үш, төрт,*
*Асулардан асайық,*
- деп әуен сипатын бере, ырғақты сезіне қозғалуларын бақылайды. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп**, «Жайлау таңы»** (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады. Балалармен **«Жайлауда»** атты әңгіме-сұхбат жүргізеді.
*Атамызды қуантып,*
*Жайлауға біз барамыз*
*Құлыншақпен шабамыз,*
*Бұған жетер шамамыз,* - деп
**«Құлыншақ» (**Е. Тәнінің)екпіндеп құлыншақ шабысын келтіріп жүруді ұсынады. Залға ата киімін киген педагог кіреді.
Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Педагог киіз үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді. Киіз үйдің жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ,

қамшы, көрпе, т.б.)  Домбыраның сүйемелдеуімен ән айтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойны, шертіп ойнайтын екі ішегі бар, - деп мағлұмат береді.
**Халық күйі** «Кеңес» - ті орындап береді немесе үнтаспадан тыңдатады.
**Ән тыңдау:** «Қасиетті  домбыра» (әнімен,сөзі:Б. Бейсенованікі).
Балалардың мұқият тыңдауын сұрайды. Сұрақтар қойып, шығарма туралы әңгімелейді.
**Дауыс жаттығуы:**
«Домбыра үні»
*Дығы-дығы, дың-дың*
*Домбырада ойнаймыз.*
*Дығы-дығы, дың-дың*
*Ішектерді қосамыз,*
*Пернелерін табамыз.*
**Ән үйрену**:«Домбыра»(Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) балалардың ән сөздерін дұрыс, анық айтуын қадағалайды.
**Ойын ойнайық**: **«Киіз үй»**
Музыка жетекшісі балаларды ойынға шақырады.
*Дөңгелене тұрайық,*
*Киіз үйді құрайық,* - деп ойынның мәтініне сәйкес    қимылдарды көрсетіп,бақылайды.
- Қандай заттарды көрдіңдер? Баалардың  жауабы.
-Қандай аспаппен таныстық?-деген сұрақтар қойып,оқу іс-әрекетін қорытындылайды.
Балаларды құлыншақ шабысымен топтарына шығарып салады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды,таныс әуендерді ажыратуды.
**Игереді**: музыканы тыңдап,домбыра аспабымен танысады.
**Меңгереді**: домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді. Әнді жеке және хормен орындай алуды.

**Күні:** 08 – 13.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Күз жомарт»
**Мақсаты:** Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктермен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.

**Көрнекілігі:** Күздің суреті
**Билингвалды компонент:**Күз жомарт- щедрая осень
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады.
**Ән тыңдау:** «Тамшылар» (М.Жәутіков)Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады.
**Қимылды ойын:** «Өз орныңды тап!» Бұл балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. «Өз жұбыңды тап!» Ойыны да осылай ұйымдастырылады. «Музыка бояулары» ойынында балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минор ладтары мен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз. Балаларға музыканың, әртүрлі бояулардан құралатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды.
**Музыка тыңдау:**
- Е. Брусиловский «Би»,
- М. Глинка «Полька»
- Қазақтың халық әні «Қамажай» (өңдеген Н.Меңдіғалиев)

Балалардың қолына түрлі түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Баяудан бірте- бірте көтеріледі – ақшыл жасыл. Көтеріңкі – жасыл. Жоғары дыбыс – қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген)
Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді.
**«Күз»** жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.
**Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? «Күз»** (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов).
Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді.
**Би: «Кел, билейік»** (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев)
Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген)
- балалар, біз қандай музыка бояуларын кездестірдік?
- Қандай би түрлерін көрдіңдер?
- Сендер өте керемет қатысыңдар, рақмет. Сау болыңдар!

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.
**Игереді**: Музыканы тыңдап, түстері арқылы табуды.
**Меңгереді**: «Кел, билейік» би элементтерін жасауды.

**Күні:** 20 – 22-29.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «Орманға саяхат»**
**Мақсаты:** Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық

сипатын-жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Музыкалық шығармалардың сезімдік мамұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Орманның суреті
**Билингвалды компонент:** Орман - лес
**Сабақтың барысы:**Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.
**«Біз үшін»** (М.Жәутіков,үнтаспаны пайдалану).Балаларға би қимылдарын үйретеді.Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.
Ал балалар, балалар,
Саяхатқа шығайық.
Ормандағы аңдарға
Көлікке мініп барайық!
**«Саяхат»** (С.Мұхамеджанов) шығармасын тыңдай жүріп, балалар көлікке мініп, орманға барады. Балаларды отырғызып, «Вальс» (Қ.Шілдебаев) шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады.
Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады. Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті.Тапсырманы алып, үйге келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.
Көлікке бірге мінейік,
Әрі қарай кетейік,
Жылдамдатып жетейік.
Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.
**«Көңілді би»** (Ө.Байділдаев) шығармасын тыңдауды ұсынады.
«Мерекелік марш» (И.Леви) шығармасын тыңдатады.
Әндетейік, жырлайық,
Әсем әнге салайық.
Жаттықтырып даусымызды,
Әйбат бала болайық.
**Дауыс жаттығуы:«Көктем».**
**Ән үйрену: «Бақшаға келемін»** (Ө.Байділда, К. Сүлейменов).
**Би: «Қосарланып билеу»** (Литваның халық әні, өңдеген Г.Потапенко).
**Дидактикалық ойын: «Бұл не?»** Аңдар бейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу.Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды.
Өз анасын тауып береді.
- Балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер? Аюмен
-Аюлар қалай биледі? Қорбаң - қорбаң
-Қояндар қалай биледі? Секіреді
Балалардың бүгінгі Іс-шараға белсене қатысқандарын айтып мадақтайды
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкалық шығармаларды сезінуді, сипатын ажыратуды, әнді сезіне

айтуды.
**Игереді**:  музыкалық  шығарма,  мазмұнына бейнеленген суреттердің сипатын ажыратуды, музыкалық-дидактикалық ойынды, музыканы тыңдап, төлдердің анасын табуды.
**Меңгереді**: музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғақтарды сезіне би қимылдарын жасауды.

**Күні:** 03 – 10.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, билейік»
**Мақсаты:** Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембірі туралы ұғымын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:**  Билеп жүрген балдардың суреті
**Билингвалды  компонент:**Би - танец
**Сабақтың  барысы:** Марш музыкасына ілесіп,аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып,бір-біріне жылы ықыластарын,қолдарының жылуын беруін қадағалау.

Армысың,асыл күн!
Армысың,асыл жан!
Армысың,көк аспан!
Армысың,жер-ана!
Армысың,жан досым!
Жылуыңа жылу қос,
Міне, менің қолым бос.

Аппақ көйлек киемін,
Қос етегі бүрмелі.
Камзол кидім қынай бел,
Толған ою-өрнекке.
Білесің деп сұрайды ел
Өнерімді көрмекке.
О.Асқар.

Балалар өлеңде кім туралы айтылып тыр.Биді кім билейді.Теледидардан,концерттерден,өздеріңнің араларыңнан да бишілерді көріп жүрсіңдер.Сәнді киім киіп,түрлі биді билейтін адамдарды биші деп атайды.
Сендердің де билегілерің келе ме.
Музыка тыңдау:Би
(Е.Адосов)

-Музыканы ести отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарыңа елестеттіңдер ме.      Ырғақпен алақанды соғуға аяқты топылдатуға,атқа шапқан секілді шабуға,серіппелі отыруға болады.Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп,қайталату.

**Ән үйрену: «Кел,билейік»** (Б.Байқадамов,М,Әлімбаев).

-Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты.Бұл әнде баланың билемей отырған досын биге шақыратыны жайлы айтылады.Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп риза болуын қалайды. Музыка жетекшісі әнді мәтініне мән бере орындап,әуенін үйретеді.

Әуенді-қимылды ырғақ:Қандай «Қосарланып билеуді» жалғастыру.
Бірінші шумағында орындарында тұрып,әуенге қосылып ән айтуды ұсынады.Содан кейін биге үйретеді. Қорытындылау.Балаларды бағалау,марапаттау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді.

**Игереді**: жалығу жабығу деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды

**Меңгереді**: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

**Күні:** 12- 17.11.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Білім бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** Күз байлығы

**Мақсаты:** Күш салмай ән айту,хормен,күш түсірмей,сөздер мен дыбыстарды таза және анық,музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ,сергек,сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.

**Көрнекілігі: «**Жеміс бағы» суреті,күз жемістері,қоңыраулар

**Билингвалды компонент:**Күз байлығы- осенни богатства.

**Сабақтың барысы:** Балаларды амандасу жаттығуын жасап қарсы алу.Ө.Байділдаевтың «Көңілді би»шығармасымен балаларды қарсы алады,жүреді,әртүрлі ырғақты қимыл жасап үйретеді.  -Балалар,біз өткен жолы «күзгі орманға»барып,әртүрлі аңдарды көрдік.  Ал бұл жолы біз «Бақша сыйын»тамашалаймыз. «Жеміс бағында»дейтін әдемі өлеңді суреттен оқып көруге шақырамын.

-Балалар,жемістер қай кезде піседі?     - Жемістер жазда,күзде піседі.

-Қандай жемістерді білсіңдер?     -  Алма,алмұрт,жүзім,өрік,сары өрік.

Музыка тыңдау: «Жеміс бағында» (Ж.Қалжанова)өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады.Екінші рет суретке қарап,әнді балаларға қайталапғайтуды ұсынады.Енді «Бұл қай кезде болады?«Күз»әнін (Б.Ерзакович,Ш.Ахметов)есімізге түсірейік.

Дидактикалық ойын**:** Қоңыраулардың  дыбысын  ажырат.Тыңдату.

-Айтыңдаршы,балалар қандай дыбыс естідіңдер?
Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін,дыбысын ажыратуды түсіндіреді.
Ән үйрену: «Жаңбыр» (Ә.Телгозиев,Қ.Мүсірепов)
Би: «Аңдар»биі.
«Кел билейік» биін қайталап айту. Ойын: «Саусақ сезімін оят»Дорбаның ішіне салып алмұрт,қара өрік,сары өрік салып қояды.Балалар қарамай,қолмен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табуы керек.
-Балалар,бүгін қай мезгілге арналған әнді айттыңдар?
Күз мезгілінің әні.
-Қандай ойын ойнадыңдар.? Қоңыраулардың дыбысын ажыратуды.
-Сендер өте жақсы қатыстыңдар.
-Сау болыңдар!
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**музыканың сабырлы,мұңды,ширақ,сергек сипатын ажыратуды.
**Игереді:**қоңыраулардың дыбысын ажыратуды,әнді суретке қарап көрсетіп есте сақтауды.
**Меңгереді:**би қимылдарын ажыратуды,сюжеттік рөлдерде ойнауды.

**Күні:** 24- 26.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** **«**Біздің атай»
**Мақсаты:** Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білуі. Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды отбасы мүшелеріне жеткізуге білуге үйрету,әнді ынтамен айтуға үйрену.
**Көрнекілігі:** отбасы мүшелерінің суреті.Атжарыс, көкпар,құлыншақтың суреті.
**Билингвалды компонент:** Менің атам- мой дедушка
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка бөлмесіне «Марш» (Е.Андасов)музыкасымен келеді.Музыка ырғағына ілесіп,аяқты нық басуға,тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып,бір-біріне жылы лебіздерін жеткізу.
Шапқылауға тоймайды,
Жүйрік құлын бұл неткен.
Тыным таппай ойнауды,
Өзіне кім үйреткен. ( Е.Ескендіров.)
- Балалар,бұл өлеңде не жайында айтылып отыр(фланеграфқа шауып келе жатқан құлыншақтың суретін ілу).
-Құлын қай жануардың төлі. Жауап беруге көмектесу.Құлыншақ күні бойы шапса да шаршамайды.

**Музыка тыңдау:** «Құлыншақ» (Ж.Тұрсынбаев) Балалар,көздеріңді жұмып,тыңдаңдаршы,нені елестеттіңдер.Дұрыс,аттың шабысын. Ат (жылқы)қайда өмір сүреді,қалада ма,әлде ауылда ма. Жылқыға көбінесе аталар күтім жасайды. Енді сол аталар туралы ән үйренейік.
**Ән үйрену**: «Біздің атай»(К.Қуатбаев,Ә.Дүйсенбиев).Атаның қолынан бәрі келеді: егін де егеді,мал да бағады,үй де салады.Ол кісіні барлығы жақсы көреді.Ән көңілді атаға арналған.Сендердің аталарың бар ма.Аталарың сендерді қалай атайды.Әннің мәтінін тыңдаған соң,әуенге қосылып айтуды үйренеді.Өткен әндерді еске түсіріп қайталап айту. Ойын: «Бәйге». Балалар,біз құлыншақ туралы музыка тыңдағанбыз,енді сол музыкаға екі-екі баладан шығып,бәйгеге түсіп жарысамыз. Белгіленген жерге кім бұрын келсе,сол бала жеңіске жетеді.Ойын бірнеше рет қайталанады. Би: «Сайыс би», «Келіншек» («Билеп үйренейік»жинағынан).
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** ата туралы үй жануары жылқының төлі құлыншақ туралы.
**Игереді:** қамқор,бағбан,ұста сөздерінің мағынасын.
**Меңгереді:** аттың шабысын салып жарысу дағдыларын.

**Күні:** 02 – 08.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Қазақстан – кең, байтақ елім!»
**Мақсаты:** Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.
**Көрнекілігі:** Қазақстан рәміздерінің суреті, сәулетті қалалардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Кең байтақ –широкий край.
**Сабақтың барысы;**«Қазақстан» (Қ.Есмуратов,Х.Балшабеков) Әнін ойнатып, балаларды көңілді қарсы алады. Балаларға қолдарына жалаушаны таратып беріп, әуенді - қимылға шақырады. Балалар қуана келісіп, жалаушаларды алады, дұрыс ұстауға талпынады.
Босқа қарап тұрмаймыз,
Ән айтамыз, жырлаймыз
Жалаушаны көгілдір
Оңды – солды бұлғаймыз.
**Әуенді қимыл:** «Жалаушамен жаттығу» (Е.Брусиловский) орындалып, балаларға еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Жаттығуларды жасап, жалаушаларды желбірете қозғауларын қадағалайды. Біздің еліміз өз гербі,туы, гимні бар егеменді ел.Рәміздер туралы тақпақ айта білді.
Көк аспанда, көкпеңбек,
Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен тек –
Елдің ашық қабағы.
Елтаңбасы елімнің,
Неткен айбат әдемі,
Тұнығындай көңілдің,
Ортада – аспан әлемі!

- Біздің Қазақстанымыз кең – байтақ жері бай өте үлкен мемлекет. Әдемі қалалары бар, табиғаты сұлу, таулары, өзендері көрікті.

Музыка тыңдау: «Қазақстан»(С.МҰхамеджанов,Ғ.Жұмабаев)

- Әннің сипаты қандай?
- Әнде не туралы айтылады?

Сендерді Қазақстанымызды аралап,танысуға саяхатқа шақырамыз. Пойызбен барамыз. «Пойыз»(ЖТұрсынбаев,А. Асылбек)әннің ырғағымен вагондар қозғалады.

Мен,паровоз,от алам.
Астанаға бет алам,
Пуп-пуп, пыш-пыш.

- Біз Шымкент қаласына жақындап қалдық.(Қала суретін слайдпен көрсету) Міне Шымкенткеде келіп қалдық.

«Бүлдіршіндер әні» (Е.Тәшенов,О.Көлжанов) орындалады. Әнді мұқият тыңдауларын сұрайды. Саяхатымызды жалғастырамыз,- деп пойызға қайта отыруды ұйымдастырады.

Бірте- бірте тездейміз,
Тез жетуді көздейміз.
Пуп-пуп, пыш-пыш.

- Келесі станция Түркістан қаласы! – деп қабарлайды. Үнтаспадан «Түркістан» әні (Р.Рымбаеваның орыдауында) естіледі.

Қаладан көп өтеміз,
Астанаға жетеміз.
Пуп – пуп, пыш –пыш.

Саяхат әрі қарай жалғасады.

- Міне ,Нурсултан қаласына да жеттік.(Суреттер көрсетіледі) Көшелері қандай әдемі! Биік үйлері көп екен. Ал мынау жарқырап тұрған «Бәйтерек» кешені, - деп таныстырады.

Біз көңілді баламыз,
Ойнап асыр саламыз.
Ән де айтып, көңілді,
Би де билей аламыз. Би: «Кел, билейік» биін билеуге шақырады.

- Қандай рәміздерді білесіндер? Ту,елтаңба,ән ұран.
- Қай мемлекетте тұрасыңдар? Қазақстан мемлекетінде.
- Қандай қалаларға бардық?Шымкент,Түркестан,Нұрсұлтан қалаларына бардық.
- Кімге қай қала ұнады? – деген сұрақтар арқылы оқу іс- әрекетін қорытындылайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Әнді сезіне тыңдауды, мәтінін әңгімелей білуді.
**Игереді:** жалаушалармен еркін жаттығулар жасауды, ойын саяхатын белсене қатысуды, ән әуенін, ырғағын шапалақпен келтіруді.
**Меңгереді:** мемлекеттік рәміздермен танысып, Қазақстан туралы мәліметтерді ұғынуды.

**Күні:** 10 –15.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармышылық
**Ұйымдасырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Менің Отаным»
**Мақсаты:** Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттғу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу.
**Көрнекілігі:** Еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер.
**Билингвалды компонент:** Менің Отаным – Моя Родина.
**Сабақтың барысы: «Марш»** (А.Затаевич) әуценін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады.
*Бір, екі, үш!*
*Бойға жинап күш,*
*Ағалардай Отанға,*
*Ұлан болам мен ертең*! Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзү ұстауларын қадағалайды. Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді.
**«Жалаушамен би»** (Е.Брусиловский) орындалып,би қимылдарын көрсетеді.Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды.
**«Марш»(**А.Затаевич)қайта ойналып, балаларға әуен екпенімен жүруді ұсынады.Маршпен адымдап жүреміз, ержетіп, өсіп келеміз!-деп марш екпінімен жүріп, орындықтарға отыруларын сұрайды. Қалалардың еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді.Балаларды суретке қарап әңгімелеуге,ойларын толық жеткізуге дағдыландырады.
*Жайнаған сансыз қаласы,*
*Жайқалған жомарт даласы,*
*Ел-Отан біздің кең-байтақ,*
*Отанның біздер баласы.* (Қ.Шаңғытаев) Балалардан Отан туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап,белсене қатысқан балаларды мақтайды. Кең-байтақ Отанымыз туралы ақын ағаларымыз осылай жырлайды.
**Ән тыңдау: «Отан-ортақ үйіміз»** (Д.Ботбай,Е.Өтетілеуұлы).
-Бұл әннің көңіл күйі қандай?

-Ән мазмұнында не туралы айтылады?
-Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе?-деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік ұғымын кеңейте түседі.
**Ән үйрену: «МеніңОтаным»**(Ө.Байділдаев,Б.Ысқақов). Әнді орындап сипатын мәтінін әңгімелеуге ықпал етеді.
-Ән не туралы?
-Сендерге ән ұнады ма?
Бірге айтуды ұсынады.
Қысылып еш саспайық,
Қызық ойын бастайық!
**Ойын: «Тақия тастамақ»** Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады.
-Туған жерің қандай?
-Қай қалада тұрасың?
-Отан туралы қандай тақпақ білесің?
Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:шығарманы сезіне тыңдап,әнді табиғи дауыспен орындай білуді.
**Игереді :** әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді,әнді әуенімен айтуды
**Меңгереді:** әнді тыңдап,мәтінін әңгімелеуді,ырғақпен қозғалуды.

**Күні:** 22 – 24-29.12.21 ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің Нұрсұлтан!»
**Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау.әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.
**Көрнекілігі**: «Нұрсұлтан» атты сурет көрмесі немесе слайд,тролейбус макеті.
**Билингвалды компонент**: Менің Нұрсұлтаным – мой Нурсултан.
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Астанам» әні орындалып,жетекші балаларды қарсы алады. Балалар,бүгін біз әсем қала Нұрсұлтанды аралап, қыдырайық. Қала өте үлкен.Сондықтан да көлікке отыруды ұсынамын. Ал ондай болса бірінші көгілдір экранға назар аударыңдар. (слайд көрсету) Қандай көлікке отырамыз,жұмбақтың шешуін табыңдар:
*Дыз- дыз етіп жүрегі,*
*Сымнан ұстап жүреді.*
*Өзіне адам мінеді,*
*Ол не ал кім біледі?* (Троллейбус) Балаларға троллейбус макетіне жалғастыра қойылған орындықтарға отыруын ұсынады.
Бәрі: *Дыз дыз етіп жүрегі, сымнан ұстап жүреді.*
Бип-бип! Міне циркке де жеттік. (Суретін көрсетеді). Циркте не көруге

болады? Күлдіргіштерді көреміз. Сендерге цирк ұнады ма? Ия,ұнады.
**Әуенді қимыл:** «Күлдіргіштер» (Д.Кабалевский) биінің қимылдары көрсетіліп,балалардың қайталауы сұралады. Бізде сүйікті қаламыз туралы ән тыңдайық.
**Ән тыңдау:** «Астана» (Е.Хасанғалиев,А.Асылбек). Әнде Астана қаласы туралы не айтылған?-деп, балаларды әңгімеге тартады.
Қала көшелерін аралап,қызықтадық.Енді көңілді әнге кезек берейік.
**Дауыс жаттығуы:** «Жоғары-төмен»
*Гүл-гүл жайнап бәріміз,*
*Кіреді біздің сәніміз.*
*Әдемі де әуенді,*
*Ән салайық бәріміз.*
**Ән үйрену:** «Біз, өмірдің гүліміз!» (Б.Ғизатов, Ә.Дүйсенбиев) әнін орындап, ән сипатын ажыратуды,ән мәтінін әңгімелеуді сұрайды. Ойын: «Жұбыңды тап!» (орыс халық әуені). Ойынды 6,8 жұпқа бөлініп ойнайды.Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді,әуеннің басталуы мен аяқталуына сай бірге қимылдауларына мән беріп қадағалайды.
*Көңіліміз көтеріліп,*
*Ойын ойнап,биледік*.
*Қаламыздың көшесінде*,
*Серуендеп көп жүрдік.* Енді троллейбусқа отырып, бақшамызға оралайық,-деп көлікке отырады.
Бақшамызда арайлы,
Күн шуағы тарайды.
Апайлар мен балалар,
Қол бұлғап бізге қарайды.
-Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма? Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып,қалаға жасаған саяхатты естеріне түсіреді. Қуана қоштасып шығады.
-Қандай көлікке отырдық? Троллейбусқа
-Қайда бардық? Циркке бардық.
-Нелерді көрдік? Күлдіргіштерді көрдік.
Жауаптарын тыңдап, балаларды мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:әуен екпінін сезіну,әнді сипатына сәйкес айту, әуенді таза айта білуді.
**Игереді**:музыканы тыңдай отырып,көлікте жүруді әуенге сәйкес қимыл жасауды,түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.
**Меңгереді**:сүйікті қаласы туралы, сәулетті жерлері туралы біледі, әңгімелей алады, әнді нақышына келтіре айтуды.

**Күні:** 05.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әдемі көбелек»
**Мақсаты:** көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.
**Көрнекілігі:** Көбелектің суреті
**Билингвалды компонент:** Көбелек – Бабочка
**Сабақтың барысы**: Зал ішінде гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады.
**«Гүлдермен би»** (Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды. Гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады. Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін таңдап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет жасайды. Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.
*Көктем қандай көрікті,*
*Балақайлар көріпті.*
*Дала гүлге толыпты,*
*Көбелек гүлге қоныпты!* – Деп, көбелекті гүлге қондырады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.
**Ән тыңдау: «Көктем»** (муз. жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған А. Асылбек) әннің 2ші шумағын орындап береді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл – қозғалыс жасауларын бақылайды.
**«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* – Деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – Деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке

жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады. Балалар әнді шаттана қабылдап, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектер қанатын бейнелеуге әрекеттенеді.Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналып, гүлге жақындап отырады.Көбелектер «гүлге қонады». Балалардың қызығушылығын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. «Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс-әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.
**Игереді:** музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.
**Меңгереді:** көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

**Күні:** 07.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдасырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** Төлдер
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Текшелер
**Билингвалды компонент:** Төлдер – детеноша животных
**Сабақтың барысы: «Марш»(**Е.Брусиловский) 1-2 тактілерде «Сәлем, сәлем, балалар!»- деп марш ырғағымен амандасу. Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Текшелерді бөліп беру. Барлық төлдерді айтқызып, орындарын ауыстырып қайталалатады.
**«Төлдерді тап» ойыны.** Балаларға төлдердің енелері салынған суретті беру. Бірінші топ: - Қойдан жуас бозымды шақырамын қозымды.

Екінші топ: - Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге қарап, төлдер текшесін қолына алып,енесіне апаруға тырысады. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін , сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.
**«Тұлпарым»** әніне қамшы ұстап билеуге үйрету. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. 3-4 тактілері Музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. Балалар, орнымызға жайғасып отырайық.
**Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру».(**Д.Ботбаев) Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру. Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы. Келесі жолы төлдерді, енелерін өздерін ойнайсыңдар. Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман сау, болыңдар. Балалар көңілдене топқа қайтты.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төменен» дыбыстарын айыруды.
**Игереді:** текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды.
**Меңгереді:** би ырғақтарын қайталауды.

**Күні**: 12 . 01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Торғайлар»
**Мақсаты:** әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент:** Торғай – воробей.

**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз, Бір, екі, үш!*

*Көңілді жүреміз, Бір, екі, үш!* – деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.

*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
**«Құстар жем шоқиды»** (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды. **«Торғай»** (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.
**«Құстар»** (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*
*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды. Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады.
**«Мысық пен торғайлар» ойыны** ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды*

*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** торғайдың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді**: қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 19-21-26.01.22ж.
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Білім бөлімі**: Музыка
Т**ақырыбы**: «Қысқы әуен»
**Мақсаты**: Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, би қимылдарын, музыкалық ойын қозғалыстарын орындауға дағдыландыру. Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайалай білу. **Көрнекілігі:** Қыс көрінісінің суреті. **Билингвалды компонент**: Қысқы әуен – Зимняя мелодия **Сабақтың барысы:** Балаларды көңіл күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады.
*Міне сұлу шыршамыз,*
*Қуанамыз баршамыз.*
*Әсем сұлу жұлдызша,*
*Жарқырайды құлпыра.*
*Ойыншықтар әртүрлі*
*Ілініпті қараса, -* деп шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақырады.
- Кәне, балалар, мен сендерге **«Шыршамызға арнаймыз»** әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е. Тиличеева , сөзін жазған Г.Абдрахманова). Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады)
**Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі»** (музыкасы Г. Филаровский сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, педагог ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды.Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусақ театрын

көруге шақыру.
**(Халық әні «Хайләйлім»,** музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай, сөзі. Г. Абдрахманова).«қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертедегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу. Мысалы, Тышқан, Бақа қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.
**«Сөйлейтін бубен» ойыны.** Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаларға «Жа-рай-сың», «ө-те жақ-сы» деп жетекшісі бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауыстары мен қимылдарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. Қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне мұқият болуды.
**Игереді:**кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды
**Меңгереді:**аңдар жүрісін секіруін, дұрыс сөйлеуін.

**Күні:** 02.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.
**Көрнекілігі:** Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.
**Сабақтың барысы:** Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді:

*Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды.*
- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын

үнтаспадан тыңдатады).
**Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр**» (Г. Абдрахманова).Балалар әнді тыңдап, соған лайық қимылдар жасайды.
**«Орамалмен билейміз»** (Е. Брусиловский). Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене қатысады. Музыка әуені басталғанда қуанады, шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуға тырысады. - Балалар сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шықса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады).
**«Күн»** (М.Т.Потапенко. көңілді шығарма) **«Жаңбыр»** (А.Меңжанова).
- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар. Балалар Күнге бас иеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**көңілді әуенді сезінуге үйренеді.
**Игереді:** музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.
**Меңгереді:**музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

**Күні:** 09 – 11.02.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** Пойыз
**Мақсаты:** Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.
**Көрнекілігі**: Пойыздың суреті
**Билингвалды компонент:** Пойыз – поьезд.
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа пойызбен барамыз. Қоңыр қонжық орманда тұрады. Кәне бәріміз пойызға мінеміз.
«Пойызға біз барайық ,
Вагоннан орын алайық»,- деп «вагондарға»- тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
«Ал паровоз бастайды,

Пыш-пыш,пух-пух,
Ән айтып біз қостайық»,-деп. «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев,Ж.Смақов)
Ал,балалар міне бізде орманға келіп жеттік. Пойыздан түскенде бізді ойыншық қоян қарсы алады.
Мен қоянмын, қоянмын,
Сәбізге мен тоямын.
Қыста жейтін азықты,
Күзде жинап қоямын, - дейді. Балалар қоянша секіріп, қимыл жасайды.
**Ән тыңдау:** «Сұр қоян» (А.Филипенко, Қ.Ұбанұлы)
**Ән айту:** «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып,
Үйшіктен сазгер ойыншық аюды алып шығады.
**Аю:** «Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай.
Омартаны көргенде,
Бас қоямын ойланбай» (А.Асылбек)
-Сәлеметсіңдер ме, балалар Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап қимыл жасайды.Музыка жетекшісі балалаға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады.
«Қонжық және қоянмын,
Ойын ойнап күлейік.
Достарымыз қуансын,
Тату болып жүрейік.»- Деп «Қояндар мен аю»ойынын ұйымдастырады.
Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып жолға шығатындарын айтты.
Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** паровоз,пойыз туралы ұғынып білуі керек.
**Игереді:** пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу,бірге қуану,риза болу.
**Меңгереді:** сөздерді қосыла айту,қайталау,

**Күні:** 16.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ғажайып сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген

қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.
**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.
**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып : Қызыл, жасыл, сылдырмақ, Үн қатады сылдырлап, деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.
«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)
Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!
***Ән тыңдау:*** **«Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қайталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.
Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады.
**«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады. Апайларды тыңдаймыз, Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
–Сылдырмақтардың даусы қандай? Сылдыр – сылдыр.
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Иә, ұнады!
Сұрақтар қойып,балалардың өйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.
**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.
**Меңгереді:** сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні: 23-25.02.22**
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Анам жайлы»
**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.
**Көрнекілігі**: кітаптағы ананың суреті.
**Билингвалды компонент**: Ана-мать.
**Сабақтың барысы:** Вальс(Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылын қайталап үйренеді. Еске сақтап, биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды. Би элементтерін соңына дейін көрсетіп, бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды. «Гүлдермен би» қимылдары үйретіледі.Суретшілердің әйел – ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді. «Ана»Леонардо да Винчи.Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды.(қуанышты,салмақты,сабырлы)т.б Ал сендердің аналардың қандай көңіл күйде жүреді? Қуанғанда қандай болады? - Көңілді
Сендерге ренжігенде не істейді? – Ұрысады.
Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады? - Түрі жылы болады.
Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.
Еркелеткен баласын,
Аман болшы, анашым.
**Музыка тыңдау:** «Аман болшы, анашым!» Бұл ән бәріміздің аналарымызға арналған.
- Әннің көңіл күйі қандай? - Көңілді
- Сендерге ұнады ма? - Әрине ұнады.
**Дауыс жаттығуы:** «Әдемі ән», «Анашым»
**Ән үйрену:** «Анашым»(Е.Хасанғалиев,А.Асылбек) орындалады.Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.
Өтпесін әр кеш құр,
Ойнаймыз оркестр!
Аспапта ойнау: «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. «Өрнек» биінің элементтерін қайталап, еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету.
Қимылды ән – ойын: «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап,шапшаң қимылдауға, жұптасып,қақпа жасап тұруға дағдыландыру.
- Өз аналарына қандай тілек айтасыңдар? - Жақсы

- «Ана- біздің гүліміз»дегенді қалай түсінесіңдер?Балалардың жауабы.

- Аналарыңа қандай сыйлық ұсынасыңдар? – Раушан гүл берем.

- «Менің сүйікті анам» тақырыбына өз аналарын бейнелеп,суретін салуға тапсырма береді. Көрме ұйымдастырылады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза,тембірін сезіне орындау.
**Игереді:** Әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді,гүлдермен биді жеңіл, бір қалыпты билеуді,аспаптардың үндестігін естіп,бірге оркестрде ойнауды.
**Меңгереді:** Әнді таза орындап, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

**Күні:** 02 – 09.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурызым – армысың!»
**Мақсаты:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру,салт – дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.
**Көрнекілігі:** Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер.
**Билингвалды компонент:** Салт-дәстүр – традиция
**Сабақтың барысы:** Балаларды үнтаспада орындалған «Сарыарқа» күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады.Әже арнайы ауылдан келгенін айтады.
Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда жүрсең жол болсын! - Балалар, наурыз- жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурыз көже даярланады.Жұрт бір-бірін мерекемен құттықтайды.Жастар алтыбақан құрып, ән салады би билейді. Сендер наурыз туралы не білесіңдер? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Сазгер музыка тыңдауды ұсынады. **Музыка тыңдау:** «Қамажай»
**Ән үйрену:** «Наурыз»(А. Досмұғамбет, Ж.Мұхамеджанов) Әнді айтып болған соң әже балаларды ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.

**Ойын:** «Сылдырмақтар»(С.Майкапар) Балалар музыкаға ілесіп,залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді.Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарынан тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты жасырып, жайлап әжеге жақындайды.Музыка соңында әже балаларды қуады, балалар қашады.

**Би:** «Қамажай» әнге ілесіп, әже би қимылдарын көрсетеді.Қыздар қайталайды: қолды білезік буынынан бұрау, жүн сабау, айнаға қарау. Әже балаларға риза болып, рахмет айтып, мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі :** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт – дістүр туралы

**Игереді:** Наурыз, наурызкөже туралы түсініктіреді.

**Меңгереді:** Қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды меңгерді.

**Күні:** 11 – 16.03.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Әуенді сандықша»

**Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыкаға қызығушылығын арттыру, түиирлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету.

**Көрнекілігі:** Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар.

**Билингвалды компонент:** Сандық – сундук

**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады.Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап, шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.

Ал, кәнекей, тұрайық,
Шеңберді біз құрайық.

Балаларға сандықшаны көрсету. Сандықшаны ашып, ішінен аспаптарды (барабан, бубен, қоңырау) алады.

Аспаптарды алайық,
Біз оркестр құрайық, -- деп «Барабаншы» (М. Красев) әуеніне аспаптарда ойнауға үйрету. – Жарайсыңдар, балалар! Енді аспаптарды жинауық, отырып, демалайық! Жайғасып отырыңдар. Әуенді сандықшаны ашып көрейік ашып көрейік. Сандықша ашылып,әсем әуен естіледі.Музыка жетекшісі сандықшаға құлағын тосып тыңдағандай болады. Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап, ажырат» - деген тапсырма ұсынады. Әуенді мұқият тыңдап,сипатын анықтайық.

**Әуенді – дидактикалық ойын:** «Ырғағын ажырат», (С. Рахманинов), «Бесік жыры»(халық әні), «Жалаушамен жаттығу»(Е.Брусиловский) музыкалары ойналып,балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.

**Дауыс жаттығуы:** «Сағат пен елек» айтылып, балалардың дауыс

ырғақтарын бақылайды. Сандықшаны қолына алып, келесі тапсырманы ұсынады.
Мен өнерпаз баламын,
Шырқап әнге саламын.
Өскенімде ертең – ақ,
Әнші, биші боламын.
**Музыка үйрену:** «Жан сырым» (Е.Өміров,Х.алғаров)әнін орындап,тыңдайды. Әнді екінші рет орындағанда ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрайды.Балалар, ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шақырады.
**Ойын:** «Бәсең және көтеріңкі» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Ойын шартын түсіндіріп,қуыршақтарды жай, ақырын және ашық – жарқын дауыспен әндете тербетулерін сұрайды. Би: «Біздің ойыншықтар».
Аю, қасқыр, жолбарыс,
Арыстан мен піл, барыс,
Ойыншықтар, тұрыңдар.
Ойын – сауық құрыңдар, - деп ойыншықтармен биге шақырады.Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.Би кезінде ойыншықтарды дұрыс ұстауларын,бірге қозғалып, қимылдатуларын қадағалайды.
Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар берді? «Әуенді тыңдап, ажырат» тапсырмасын берді.
Әуені қандай екен? Көңілді.
Бүгін сендерге не ұнады? Ән, ойын балалардың жауабы.
Балаларды мақтап, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** түрлі сипаттағы әндерді орындауды фраза арасында тыныс алуыды, би жанрларын ажыратуды.
**Игереді:**сылдырмақ, бубен, қоңырау аспаптарында әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимыл – қозғалыс жасауды.
**Меңгереді**: әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді.

**Күні:** 25.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Көктем»
**Мақсаты**: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту.

**Көрнекілігі**:көктем көріністерінің суреттері.
**Билингвалды компонент:** Көктем – весна
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алады.Амандасады.Шаттық шеңберіне тұрғызады.

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де,
Келіп шыққан күнге,
Күніміз жарық болсын!
Ауамыз таза болсын!
Суымыз мөлдір болсын!
Көктем, көктем,көктемде
Құстар келіп жеткенде,
Біз қуанып қаламыз,
Әнмен қарсы аламыз. Көктем көріністері бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жыл мезгілі бейнеленгенін сұрайды.

**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады. Көктем» (Б.Ерзакович,Ш.Ахметов).

-Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?
-Көктемде қандай құбылыстар болады?
-Қар,мұз қай кезде ериді?Ағаштар қай кезде бүршік атады?Сендер тағы қандай құбылыыстарды байқадыңдар?
-Дұрыс айтасыңдар,күн жылиды,мал төлдейді,жауын жауады. Өткен әндерді қайталау.Ән айтар алдындағы ережелерді еске түсіріп, бойды тік ұстап,қатты айғайламай, еркін айту.Дауысты жаттықтыру.Әндердің мәтінін қайталап,нақышына келтіріп орындау. Ән үйрену: «Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек). Музыка жетекшісі әнді нақышына келтіріп орындап береді.Алдымен мәтінін қайталап,содан кейін әніне қосып айтады.Педагог балалардан ән не туралы екенін сұрайды.Ән көңілді,жеңіл орындалады.

**Әуенді –қимылды ырғақ:** «Қақпа» (өңдеген Р.Рустамов).
Бірінші бөлімінде балалар қақпа жасап,шеңбер бойында қолдарын жоғары ұстап тұрады.Ортада бір қақпадан кіріп-шығып жүгіріп жүреді.
Музыка аяқталғанда қақпа жабылып,балалар қолдарын түсіреді.Бала қақпаның ішінді қалып қойса, екінші бөліміндегі музыка әуенімен билейді. Шеңбердегі балалар қол шапалақтайды. Ойын қайталанады.
Сонымен,бүгін қандай жыл мезгілі туралы сөз болды?
Балаларды мадақтайды,қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** көктем құбылыстарын айта біледі.
**Игереді:** бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.
**Меңгереді:** «Қақпа»ойынын ойнауды,әнді нақышына келтіріп орындауды.

**Күні:** 01.04.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы**: «Шуақты көктем»
**Мақсаты**: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер.
**Билингвалды компонент**: Шуақты көктем – яркая весна.
**Сабақтың барысы:** Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады.Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап,нық басып жүруді ұсынады.(«Марш» М.Рухвергер)
Біз адымдап жүреміз, бір, екі, үш!
Серуендеп келеміз, бір,екі, үш! – деп балалардың қосыла айтуын сұрайды.
- Балалар, баққа жету үшін енді жарыса жүгірейік,- деп ынталандырады. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарева)әуені ойналып,балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды. Әуен соңында:
Міне,баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап,қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ көрінісін жақындайды.Қараңдаршы,балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл,жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!
Бақ іші қандай тамаша,
Алуан гүлдер тұр тұнып.
Демалайық отырып! –деп демалуға жайғастырады.Үнтаспадан құстың даусы естіледі.
- Балалар ненің даусын естіп тұрсыңдар?
Бұл құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Шиқ – шиқ деп, дыбыстайды. Құстар қалай ұшады? Биікке қатты ұшады.
Қолымызды жаяйық,
Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.
Қандай қызық көктемде,
Күн шуағын төккенде.
Гүл тереміз алуан
Шығып алып бөктерге, - деп «Көктем» Әннің музыкасын жазған(Қ.Қуатбаев, А.Асылбек)
1 – шумағын орындап береді. Ән аяқталысымен балаларды «гүлдер өсіп тұрған»гүлзарға шақырып:
Қызыл, жасыл, сары, көк
Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.
Достығымыз жарасып,
Көңілді би билейік! «Гүлдермен би» қимылдарын көрсетіп, Балаларды

биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп, жеңіл жүгіруді,бір орында тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.

Көктем келіп шуақты,
Балаларды қуантты
Алақай-ау, алақай,
Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты!

-Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Өте қатты ұнады.Құстар қалай әндетеді екен? Бұл- бұлдың дауысындай сайрайды екен.
Гүлдер қандай? Алуан – алуан әр- түрлі гүлдер бар екен.Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын,-деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ырғақты сезіне қозғалу,ән мазмұнын түсіну көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету,жеке сөздерді әндете айту.

**Игереді**: әнді әуенімен және табиғи дауыспен орындауды, баяу,сазды әуенді сезінуді.

**Меңгереді:** гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды,кіші, үлкен шеңберлер жасауды,ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

**Күні**: 06 -04. 22 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы**: «Ас атасы - нан»

**Мақсаты**: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, Ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру,күйді тыңдап,сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

**Көрнекілігі**: Ұрмалы музыкалық аспаптар, ойыншық таяқша ат.

**Билингвалды компонент:** Нан – хлеб

**Сабақтың барысы:** «Кеңес» күйі ойналып,сазгер балаларды қарсы алып, ауылға тойға баруға шақырады,балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады.Ұлдарға «ат» беріліп, қыздарға асатаяқ ұстатылады.Ұлдар ат шабу биін көрсетсе,қыздар асатаяқ биін көрсетеді. Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Үнтаспадан «Ғажап көбелек» әні орындалады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды.

Дауысымыз ашылды.
Бұл-бұлдай сайраймыз.
Көңілді ән айтып,

Жадырап жайнаймыз.

**Ән айту: «Домбыра»(**Ж.Тұрсынбаев) **Ойын:** «Тақия тастамақ»,»Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Би: «Асатаяқпен би» «Кел,билейік» билері қайталанады.Балаларға далада өсетін гүлдермен таныстырды. Суретте гүлге қонып тұрған көбелектің суретімен таныстырды.

- Қандай ән, күйлер тыңдадыңдар? «Кеңес» күйін тыңдадық.
- Қандай би биледіңдер? «Асатаяқ» биін биледік.
- Қандай ойын ойнадыңдар? «Тақия тастамақ»
- Қандай гүлдермен таныстыңдар? Дала гүлдерімен таныстық.

Қойылған сұраққа жауап беруге тырысады. Қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Гүлге қонған көбелектің қимылын билеуді игерді.

**Меңгереді**: ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды

**Күні:** 13.04.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Әуенді- сиқырлы ормандағы құртақандар» **ауыстыру пойыз сабағына**

**Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемедей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылыққабілетін дамыту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.

**Көрнекілігі:** жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар, қоңырау, бубен, маракас, металлофон.

**Билингвалды компонент:** Жәндіктер- насекомы.

**Сабақтың барысы**: Балаларды көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады.

**Музыка тыңдау: «Вальс»** (П.Чайковский, үнтаспадан тыңдау). Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.

**«Табиғат құбылысы»** (үнтаспадан тыңдатады). Балаларға жауып тұрған қар ұшқындарын көз алдарына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен сазгер жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.

- Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.Құртақандар көмекке шақырады,

Орманға барамыз,
Құртақандарды табамыз.
Жылдам жүгіреміз,

Адымдап жүреміз, - деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.
**Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»** (Е.Тиличеева). жаттығуды айтқызады, үйретеді. Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.
**Ән үйрету: «Қыс»** (Б.Жүсібалин, А.Асылбек) Балаларға әнді жаттатып үйретеді.
**Әуенді-қимылды қозғалыс: «Қоңыраулармен билейміз».** Балаларды жеке шығарып айтқызады.

1-бала: Келіңдер, келіңдер,
Бізбен ойнап көріңдер.
2-бала: Келіңдер, келіңдер,
Бізбен ойнап көріңдер.
3-бала: Шапалақтап қағыңдар,
Айналыңдар, билеңдер.
4-бала: Топылдатып аяқты,
Кезек-кезек соғыңдар!

Жетекші қуыршақ құртақанды көрсетеді. Құртақандардың балаларға қоңырау, металлофон, үшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жібергенін айтады.
**Аспапта ойнау:** «Сылдырмақ» (Орыстың халық әні) Жетекші балаларға музыкалық аспаптармен қосылып ойнауды үйретеді.

*Аспаптарда ойнайық,*
*Шыршаға барайық,*
*Бір-екі, бір-екі,*
*Ырғақты бұзбайық.*

**Ойын:** «Шаңғы тебеміз» (Е.Тиличеева).

Асыр салып ойнаймыз,
Шаңғыларды байлаймыз.
Ырғақпенен қозғалып,
Жаттығуды жасаймыз.

- Бүгін бізге кімдер келді? Құртақандар
- Сендерге аспапта ойнаған ұнады ма? Балалардың жауабы.

Балаларды мақтайды, мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы сезіне тыңдауды, ән айтуды.
**Игереді**: музыкалық аспаптарда ойнауды.
**Меңгереді**: музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ ұруды, аяқ топылдатуды.

**Күні:** 19-22-27-29. 04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әнші балапан»
**Мақсаты:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып,музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету.
**Көрнекілігі**: Балапанның суреті.
**Билингвалды компонент**: Балапан – цыпленок.
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады.Шаттық шеңберін жасау,жүірту,би қимылдарынан үзінділер жасату.Балалар мына суретке көңіл бөліңдерші,суретте нені көріп тұрсыңдар. Бұл балалапан кәдімгі балапан емес, әнші балапан. Кәне балалапаннан ән сұрайық. Балалар балапаннан ән сұрамай тұрып, балапан туралы тақпақ айтып беіңдерші.

Балапан ау, балапан,
Айтқанымды ұқпайсын.
Жем берейін өзіңе,
Ақылды болып тұрғайсың.

Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады.Шаттық шеңберін жасау,жүірту,би қимылдарынан үзінділер жасату.Балалар мына суретке көңіл бөліңдерші,суретте нені көріп тұрсыңдар. Бұл балалапан кәдімгі балапан емес, әнші балапан. Кәне балалапаннан ән сұрайық. Балалар балапаннан ән сұрамай тұрып, балапан туралы тақпақ айтып беріңдерші.

Балапан ау, балапан,
Айтқанымды ұқпайсын.
Жем берейін өзіңе,
Ақылды болып тұрғайсың.

**Музыка тыңдау:** «Әнші балапан» (сөзі:қ.Қалыбеков, М. Омаров) Музыканы естіп, балапанның қимылын жасайды. Ән үйрену: «Әнші балапан» бұл ән көңілді ме, немесе баяу ма? Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп,қайталату. Әуенді – қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді» жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып,әуенге қосылып ән айтуды ұсынады.Содан кейін биге үйретеді. Әнді үйренеміз.

«Әнші балапан». (Әні: М.Омаров,сөзі: Қ.Қазыбековтікі)
Білім, ғылым, өнерге,
Қанат қағар кездерің.
Ата салтын ертеңге,
Жеткізетін өздерің.
Қ – сы

Әнші, биші, әнші, балапан.
Әнші, жыршы,күйші, бала –балапан.
Әнші, биші, әнші, балапан.
Әнші, жыршы, күйші балапан.
Қорытындылау. Балаларды бағалау,марапаттау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Әуенді айта отырып, қимыл жасай білуді.
**Игереді**: Балапанның қимылын жасауды игереді.
**Меңгереді:** Әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

**Күні:** 04-11. 05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі**. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында балаларды қарсы алады.
Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.
Бір шаңырақта табысқан,
Дос бауыр көп, туысқан.
Отан – ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.(Е.Өтетілеуұлы) **-** Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ,орыс,өзбек,тәжік т.б. Бірақ бір - бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішеміз,бірге ұйықтаймыз.Әрқашан осындай тату болуымыз керек.Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.
**Музыка тыңдау:** «Жайдарман» (халық әні) ән көңілдеме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады.
**Ән үйрену:** «Ағайынбыз бәріміз» (М.Әубәкиров, Ә. Дүйсенбиев)
Ортақ болсын асқар тау,
Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған? Бәріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. «Қоңыраумен ойын»(Т.Ломова)Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады.Сазгер қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.

Айырмашылығына тоқталады.Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды.Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді. Би: «Биге шақыру»(орыс халық әні)Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады.Осылайша бәрі түгел биге шығады. Қорытындылау, балаларды марапаттау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

**Игереді:** ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

**Меңгереді:** үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

**Күні:** 18-05.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Білім бөлімі**: Музыка

**Тақырыбы**: «Отан - біздің үйіміз!»

**Мақсаты:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу.Әнді сезіне арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге ба улу.Алдын ала қалалар,туған жер,ауыл туралы әңгімелесу.

**Көрнекілігі:** Қалалардың көрнекі жерлерінің, еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер.Түрлі түсті жалаушалар.

**Билингвалды компонент:** Отан – Родина

**Сабақтың барысы:** «Марш» (А.Затаевич)әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады.

Бір,екі,үш!
Бойға жинап күш,
Шынығамыз таңертең
Ағалардай Отанға,
Ұлан болам мен ертең!

Тізені жоғары көтере нық басып,арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.
Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді.

**«Жалаушамен би»** (Е.Брусиловский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді.Жалаушаны бірдей қозғап,бірге қозғауларын бақылайды.

«Марш» (А.Затаевич) қайта ойналып,балаларға әуен екпінімен жүруді ұсынады. Маршпен адымдап жүреміз,
Ержетіп,өсіп келеміз!-деп марш екпінімен жүріп,орындықтарға отыруларын

сұрайды.Қалалардың,еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді.Балаларды суретке қарап әңгімелеуге,ойларын толық жеткізуге дағдыландырады.
Жайнаған сансыз қаласы,
Жайқалған жомарт даласы,
Ел-отан біздің кең-байтақ
Отанның біздер баласы. (Қ.Шаңғытбаев) Балалардан Отан,туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап,белсене қатысқан балаларды мақтайды.

Отан-менің ата анам,
Отан-досым,бауырым.
Отан-өлкем,астанам,
Отан-туған ауылым.
Кең-байтақ Отанымыз туралы ақын ағаларымыз осылай жырлайды.
**Ән тыңдау:** «Отан-ортақ үйіміз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы).
-Бұл әннің көңіл күйі қандай? Жігерлі.
-Ән мазмұнында не туралы айтылады? Отан, Туған жеріміз,еліміз туралы.
-Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе?-деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік-ұғымын кеңейте түседі.
Дауысымыз әдемі,
шықсын созыла
Әндетейік енді біз, бірге қосыла!
**Дауыс жаттығуы:** «Алтын күз».Дауыс ырғақтарына мән бере тыңдалады.
**Ән үйрену:** «Менің Отаным» (Ө.Байділдаев,Б.Ысқақов). Әнді таныстырып,балалар композиторы Ө.Байділдаев туралы әңгімелейді,суретін көрсетеді. Әнді орындап, сипатын,мәтінін әңгімелеуге ықпал етеді. -Ән не туралы?
-Сендерге ән ұнады ма?
Бірге айтуды ұсынады.
Қысылып еш саспайық,
Қызық ойын бастайық!
**Ойын:** «Тақия тастамақ». Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. Туған жерің қандай? Әдемі,сұлу қала.
Қай қалада тұрасың? Жетісай қаласы,Жылы-су ауылында. Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:шығарманы сезіне тыңдап,әнді табиғи дауыспен орындай білуді.
**Игереді:** әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды.
**Меңгереді:** әнді тыңдап,мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

**Күні:** 25 -27.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әрқашан күн сөнбесін!»
**Мақсаты:**Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Бейбітшіліктің сураті
**Билингвалды компонент:**күн – солнце
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.) Балаларға сурет көрсету.Әр ұлттың өзінің ұлттық киімдерін суреттен көрсету.Балалар бейбітшілік туралы тақпақтар үйренді.Отан туралы тақпақтар айтты.Отан туралы мақал – мәтелдер айта білді.
**Ән тыңдау: «Ақ кептерлер»** (М.Мақатаев,Н. Тілендиев). Балалар тыдаған әндерің қай жанрға жатады? Балалардың жауабы марш жанрына жатады.
**Ән үйрену:«Әрқашан күн сөнбесін»** (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров)
Ән айту ережелерін еске түсіреді.
Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді.
Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді.Балалар бұл әнді бақырмай, пианинаның сүйемелдеуімен жігерлі,айтуға талпынады.
**Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу»** (Литваның халық әні)
Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді есті алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау. Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.
Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.
**Игереді**: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.
**Меңгереді**: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

**МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы**

**«БЕКІТЕМІН »**

**МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай**

**балабақшасының меңгерушісі :**

**________________М.А.Бибосынова**

# Ортаңғы «Қарлығаш», «Аққөгершін» топтарының музыкадан 2021-2022 оқу жылына арналған перспективалық оқу жоспары

| **Музыка(1,5с)** | **Қыркүй-ек** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықтарым** | **«Жиһаздар»** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Күні:02.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Бақшаға барамын.»**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Бала лардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. | **Күні: 07.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді достар».**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. Қуыршақ кеіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру. | **Күні: 14.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br><br>**Мақсаты:** Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.<br><br>**Күні: 21.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br><br>**Мақсаты:** Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. | **Күні: 16.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар».**<br><br>**Мақсаты:**Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.<br><br>**Күні: 28.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар».**<br><br>**Мақсаты:**Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану. |

| Музыка(1,5с) | қазан | «Менің отбасым,ата-аналар еңбегі» | «Менің көшем» | «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Алтын күз» |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің отбасым» | **Күні:05.10.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Дыбыстаудың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру.<br>Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. | **Күні: 07.10.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кәне, қызық ойын бар»**<br>**Мақсаты:**Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын әрекеттерімен көрсетеді.Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру. | **Күні: 12.10.21ж**<br>**Тақырыбы: « Жау жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыканы тыңдау, естесақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.<br><br>**Күні: 21.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Жау жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыканы тыңдау, естесақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. | **Күні: 19.10.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жаңбыр жауды себелеп»**<br>**Мақсаты**:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.<br>**Күні: 26.10.20ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жаңбыр жауды себелеп»**<br>**Мақсаты**:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қараша** | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені саудың жаны сау»** | **Күні: 02.11.21ж**<br>**Тақырыбы: Күзгі қойма**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.**Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау. | **Күні: 04.11.21ж**<br>**Тақырыбы: Күзгі қойма**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.** Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау. | **Күні:09.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»**<br>**Мақсаты:**Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету<br><br>**Күні:16.11.21ж**<br>**Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»**<br>**Мақсаты:**Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету | **Күні: 18.11.21ж**<br>**Тақырыбы: Жемістер бағында**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.** Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады,музыкаға деген сезімін ояту.<br><br>**Күні: 23.11.21ж**<br>**Тақырыбы: Жемістер бағында**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.** Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады,музыкаға деген сезімін ояту. |
| | **Жел-тоқсан** | **«Тарихқа саяхат»** | **«Туған өлкем»** | **«Астана- отанымыздың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Мненің Қазақстаным»** | **Күні: 02.12.20 ж**<br>**Тақырыбы: «Әй –әй ата»**<br>**Мақсаты:** Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру. | **Күні: 07. 12.21ж**<br>**Тақырыбы: Орманға саяхат**<br>**Мақсаты:** Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні :14.12.21ж**<br>**Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту, дауыстың<br>биік және төмен ырғақтарын ажырату. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта<br>аяқпен тарсылдату, жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелу<br><br>**Күні :(17.12-демалыс) 30.12.21ж**<br>**Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту, дауыстың<br>биік және төмен ырғақтарын ажырату. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта<br>аяқпен тарсылдату, жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелу | **Күні: 21.12.21ж**<br>**Тақырыбы: Отаным**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту.<br><br>**Күні: 28.12.21ж**<br>**Тақырыбы: Отаным**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту. |
| | **Қаңтар** | **«Айналамызда-ғы Өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Табиғат әлемі» | | **Күні:06.01.22ж** **Тақырыбы: «Әдемі көбелек»** **Мақсаты:** көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. | **Күні: 11.01.22ж** **Тақырыбы: «Төлдер»** **Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету. **Күні: 18.01.22ж** **Тақырыбы: «Төлдер»** **Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету. | **Күні: 20.01.22ж** **Тақырыбы : «Торғайлар»** **Мақсаты**: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. **Күні:25.01.22ж** **Тақырыбы**: **«Торғайлар»** **Мақсаты:** әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. |
| | **6-апта Ақ-пан** | **«Ғажайыптар әлемі»** | **«Көліктер»** | **«Электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Бізді қоршаған орта» | **Күні:01.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Күн мен Жаңбыр»**<br>**Мақсаты:**Музыка-лық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру. | **Күні: 03.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Пойыз»**<br>**Мақсаты**:Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні: 08.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді би»**<br>**Мақсаты**: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.<br><br>**Күні: 15.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді би»**<br>**Мақсаты**: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру | **Күні: 17.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сылдымақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.<br>**Күні:22.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ғажайыпты сылдымақ-тар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. |
| | **Наурыз** | **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **«Ертегілер елінде.Театр әлемі»** | **«Өнер көзі халықта»** | **«Нұр төккен,гүл Көктем»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Салттар мен фольклор» | **Күні:01.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?»**<br>**Мақсаты:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру. | **Күні: 03.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»**<br>**Мақсаты:** қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың биқимылдарын ұқсату. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу. | **Күні: 15.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем»**<br>**Мақсаты:** музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.<br><br>**Күні: 17.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем»**<br>**Мақсаты:** музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. | **Күні (22.03-демалыс)**<br><br>**Күні: 24-29.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем»**<br>**Мақсаты:** музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. |
| | **8-апта Сә-уір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Біз еңбекқор баламыз» | **Күні: 05.04.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. | **Күні: 07.04.21ж**<br>**Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. | **Күні: 12.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру<br>**Күні: 19.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру | **Күні: 21.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Мысық қашады, күшік қуады»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.<br>**Күні: 26.04.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Мысық қашады, күшік қуады»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу. |
| | **9-апта Ма-мыр** | **«Достық – біздің тірегіміз»** | **«Отан қорғау-шылар»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Әрқашан күн сөнесін» | **Күні: 03.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»**<br>**Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажыра та білуге үйрету. | **Күні: 05.05.21ж**<br>**Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»**<br>**Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажыра та білуге үйрету. | **Күні: 10.05.21ж**<br>**Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»**<br>**Мақсаты:** қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 17.05.21ж**<br>**Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»**<br>**Мақсаты:** қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. | **Күні: 19.05.22 ж**<br>**Тақырыбы**: **«Доп»**<br>**Мақсаты**: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.<br>**Күні: 24.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Доп»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. |

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай бақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі :

_______________М.А. Бибосынова

# Ортанғы «Қарлығаш», «Аққөгершін» топтарының музыкадан 2021-2022оқу жылына арналған күнделікті оқу жоспары

**Күні:** 02 .09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бақшаға барамын»
**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Балабақшаның суреті.
**Билингвалды компонент:** Балабақша- детский сад.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу.

Бізге тәртіп үйреткен,
Ән салдырып билеткен,
Әріптермен, суретпен
Таныстырған біздерді
Педагог тәтеміз.
(О. Асқар)

**Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы»** (Е. Құсайынов)
- Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе?
- Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?

**Ән айту.** Өткен әндерді қайталау.
**«Бақшаға барамын»** (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады.
**Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық»** (Р. Рустамов) Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады. Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады. Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау. Балалар қуана қоштасып шығады.
**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**: сүйікті балабақшалары туралы.
**Игереді**: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді
**Меңгереді**: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

**Күні:** 07.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді достар»
**Мақсаты:** Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. Қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру
**Көрнекілігі:** Балалалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Дос – друг
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Кеш жарық»әні орындалады.Жетекші балаларды қорапқа салынған сылдырмақпен қарсы алады. Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп, шеңбер бойымен тұруға талпынады.Қолдарына сылдырмақты алып сылдырлатып көреді.

Қараңдаршы сылдырмаққа,
Сылдыр – сылдыр етеді,
Қолымызға алып, ап.
Ән шығардық билеп ақ.
Деп ойынға шақырады.

Сазгер балалардан жан достарын сұрайды. Бір – біріне достарын айтады.
**Ән айту: «Бүлдіршіндер»** әні. Балалар көңілдене айта білді.
**Әуенді – ырғақты қимыл**. «Биге шақыру» Сазгер бір баланы ортаға шақырып, өзіне сыңар іздетеді. Балалар өз достарын жасырмай айта білді. Әнді көңілдене айта білді. Әннің мәтінін жаттап, әуенмен айтуға тырысады.Бала қалаған досын биге шақырып,аяқтарын бірге топылдатады. Музыка тез ойнағанда бірге айналады. Музыка аяқталғанда,екеуі қайтадан екі баланы шақырады.Осылай балалар түгел биге қатысады.Түлкіні қуана қарсы алады. Жеңіл жүгіріп түлкіден қашып кетуге тырысады.Қимылды ойынды қайталап ойнады. Балаларға қонаққа Түлкі келеді. Сәлемдесіп, өзінің өлеңін айтады.

Мен сұлу түлкімін,
Жәй өтпес бір күнім.
Ішінде жүремін,
Айғай-шу, күлкінің!

- Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! **«Қояндар мен қу түлкі»** ойыны ұйымдастырылады.
- Балалар, қонақтармен қоштасып, шығарып салайық.
- Балалар сендерге ән, ойындар ұнады ма? Балалардың жауабы.

Түлкімен қош айтысады. Балалар шамасы келгенше жауап беруге тырысады.Балаларды мақтап, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Әнді тыңдап, мазмұнын түсіну, қимылмен көрсете білу.
**Игереді**: Музыканың сипатын ажыратуды, ырғақты сезіне еркін қимылдауды. **Меңгереді**:Өз еркінше кейіпкерлердің жүрісін, қимылын салуды.

**Күні:** 14-16.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым»
**Мақсаты:**Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті
**Билингвалды компонент:** Ойыншықтар – игрушки
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті-басы лас.
Жуын, жуын, жуынсақ,
Қандай жақсы, қуыршақ!
Әйтпегенде, бөпешім,
Кірлеп кеткен екенсің.
Қазір аппақ баласың,
Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов)
Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.
**Музыка тыңдау: «Бесік жыры»** (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы).
Бесік жыры қай кезде айтылады? Оны орындағанда қалай отыру керек? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі. Баланы ұйқтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жәй тербетеді.
**«Кір қуыршақ» әні** (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу. Әнді айта отырып, балаларға адамершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру. Әрқашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек.
**«Бала уату» ойыны.** (Е.Өміров). Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады. Әуен

ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтарды қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады. Ән саз жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: әнді барынша таза айтуды.

**Игереді**: бала уату, қуыршақ, бесік жыры деген түсініктерді.

**Меңгереді**: шеңбер жасап отыруды, көздерін жұмып, музыка әуенін тыңдай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 21 -28.09.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ғажайып сылдымақтар»

**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.

**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка

Са**бақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды. - Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

**Ән тыңдау: «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға

сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойы-нды екі рет қайталауға болады.
Апайларды тыңдаймыз,
Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады. **Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

**Меңгереді:**сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 05-07.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Менің отбасым»
**Мақсаты:** Дыбыстаудың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.
**Көрнекілігі:** Отбасының суреті
**Билингвалды компонент:** Отбасы - Семья
**Сабақтың барысы:** Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже

балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Жауап беруге мүмкіндік жасау. *Мамам, папам* деген сөздерді алдымен айтқызып, *әже, ата* сөздерін айтуға жетелейді. Балалар, мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің не туралы екенін айтасыңдар.
**Музыка тыңдау: «Бауырсақ»** (муз. Ә.Бейсеуов,Н.Арынова).
-Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма? Әркім өз әжесі туралы айтады.Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Балалардың жауабы. Өткен сабақта үйреткен **«Кәне, қызық ойын бар»** әнін қайталау.Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.
**Жаңа ән: «Топ-топ,балақан»**(муз. М.Арынбаев, сөзі А.Асылбек) әні орындалады.
- Ән кімдер туралы айтылған? Балалар туралы.
Әже әнді алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдатып, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды. «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде – екі қолды аспанға көтереді. **«Айна» ойынын** ойнау. Қазақтың халық әні **«Қамажай»** (өңдеген К.Қуатбаев) Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басу, ұршық иіру, айнаға қарау қимылдарын көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. Ойынды балалар жалғастырады.Балалар әженің көрсеткен қимылдарын: жүн сабауды, ұршық иіруді, айнаға қарауды қайталайды. Әже балалармен қоштасып, әже балаларды мақтайды, марапаттайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін біледі.
**Игереді**: Отбасы деген түсінікті.
**Меңгереді**: Би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 12-19 .10.20ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар**»
**Мақсаты:** Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын

әрекеттерімен көрсетеді.Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Ойын – Игра
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдарды нақты, дәл жасауға талпыну. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.
- Балалар, мына суреттерге қараңдаршы, кімдерді көріп тұрсыңдар?
- атқа мінген адамдар, ат шабысын көріп тұрсыңдар.

**Музыка тыңдау: «Төрттаған»** (музыкасын жазған Б.Дәлденбай).
- аттың шабысына ұқсай ма? Аттың шабысын көз алдарыңа елестетіңдерші.

Аттың төрт аяғының шабысын музыка тілінде беруге тырысады.Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында денені түзеп, басты тік ұстап, қатты айғайламай, әуенді дұрыс айтуға тырысу. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп, мәтінін анық, толық айту.
**Ән үйрену: «Кәне, қызық ойын бар»** (эстонның халық әні, өңдеген А.Ромере, аударған И.Сапарбай) Әннің мәтінін жаттап, әуенін үйрену. Әуенді айта отырып қимыл жасау. Қайырмасында қолдарын буыннан қозғалтып, орындарында тұрып айналу.
«Қолымызды жаяйық, құстай қанат қағайық» деген жерінде қолды жайып, қанат секілді қағу керек. Қимылдарды бірдей жасауға үйрету.
**«Атжарыс» ойыны.** «Төрттаған» музыкасымен балалар жарысып ойнайды. Екі-екі баладан жарысады, кім бірінші болып мәреге келсе, сол бала жеңіске жетеді. Музыка жетекшісі сабақты қорытындылап, балаларды мақтайды, мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Әнмен қосылып қимыл жасауды.
**Игереді**: төрттаған, атжарыс деген ұғымдарды түсінуді игеруді.
**Меңгереді**: аттың шабысын, атқа отырып шабу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 21.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жау жаңбыр»
**Мақсаты:**Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру.

Музыканы тыңдау, естесақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.
**Көрнекілігі:** Жаңбырдың суреті.
**Билингвалды компонент:**Күн – солнце, күз – осень.
**Сабақтың барысы:** Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру. Балаларға **«Жау жаңбыр» әнін** (Г. Абдрахманова) қайталату.
Зал іші көктем мезгілі бейнеленген және Күннің жарқырап күліп тұрған суреттерімен безендіріледі.
Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау.Шуақтарменырғақтарды қайталап көрсету.Жаңбыр жайлы «тырс-тырс» деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдатуды естеріне түсіреді, үйретеді, қайталатады. Әнді еркін айтуды сұрайды.
**«Күн мен жаңбыр» ойыны**
(«Ақ желкен СД). Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу.Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау.
Ойын екі-үш рет қайталанады. - Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер?
- Сендер жақсыән айтып, билеп бердіңдер, - деп мақтайды.
Қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.
**Игереді**: әуеннің ыңғайына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғуды.
**Меңгереді**: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

**Күні:** 26 .10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жаңбыр жауды себелеп»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті.
**Билинвалды компонент:** Жаңбыр – Дождь
**Сабақтың барысы:** Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.

*Күн болып жанайық,*
*Жаңбыр болып жауайық,*
*Гүл болып жайнайық,*
*Жүгіріп- жүгіріп алайық.*
Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б. Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.
- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.
**«Жаңбыр»** (Муз. Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай)
Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді.
«Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.
*«Біз ойнайтын аулаың,*
*Тазартасың ауасын»,* - Дегенде қолдарын жоғары көтереді.
**«Жаңбыр мен күн» ойыны.** Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.
**Игереді**: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.
**Меңгереді**: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні:** 02 -04.11.21ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Күзгі қойма
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.**Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.
**Көрнекілігі:** Күзгі қойманың суреті
**Билингвалды компонент:**Күзгі қойма- осеннее хранилище
**Сабақтың барысы:** Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу.
- Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық,ертегімізді бастайық. Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік . Балаларды үш топқа отырғызу.(Қояндар, кірпілер,қарғалар) «Балалар биі»(муз. А.Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу,қимылдату.
**Ән айту**; «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз»,
1- Жаттығу ырғақтарын көрсету.
Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны
Қысқа қайырып,төрттік нотада тұрып қалып,қолдарын жоғарыға көтереді.
2. –жаттығу Қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады.
3-жаттығу «Кірпінің келуімен»басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді. Тағыда бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтқызып үйрету.
4.-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (.Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады.

Аю,аю, аюдың
Ақылы көп басында
Ынтымақпен аңда жүр
Тірлігін жасап қасында,
Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді.

Алманы кім түсірді?
Алманы кім ұстап алды?
Аю: Бәріңдер, бәріңдер,
Бірдей бөліп көрейін,
Бәрің де, бәрің де,

Т ату-тәтті жүріңдер.

«Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады.Қолын дорбаға салып,қарамай, нені ұстағанын айтады. « Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды.Балалар, өте кермет ойнадыңдар,
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте – бірте көтеруді біледі.
**Игереді:** Музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді игеруді.
**Меңгереді:**Аю болып қорбаңдап жүруді, қоян болып секіруді,кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

**Күні:** 09 - 16.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Мерекелік ән мен би»
**Мақсаты:**Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету
**Көрнекілігі:** Бишілердің суреті
**Билингвалды компонент:** Мереке – Праздник
**Сабақтың барысы:** Музыка залына қолдарына жалауша алып, көңілді маршпен кірген балаларды қарсы алады.Атша шабуға үйрету. Он аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын айту,қимылмен көрсету.
-Балалар, біз аттың шабысын салдық.Сендер кішкентай адамсыңдар,яғни баласындар. Ал аттың кішкентайын құлыншақ дейді.
**Музыка тыңдау:** «Құлыншақ»(муз. Қ.Шілдебаев,И.сапарбай )
-Құлышақ өздеріңдей балалардың досы әрі серігі. Ән айту: Балалар музыка тыңдайды. Құлыншақ туралы әңгімелейді. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіреді. Балалар сазгерге қарап,көрсеткенін қайталап, бірге жасауға тырысады.Өткен әндерді қайталау. Дауысты қатты айғайламай шығару.
**Ән үйрену:** «Мерекелік ән мен би».Әннің мәтінін үйрету. Жалаушалармен жаттығу жасату.

1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру,қайта түсіру.
2.Қолды жоғары көтеріп,денені оңға,солға иілу.
3.Жалаушаны ұстап жүру.
- Бүгін қандай ән айтылды,ән ұнады ма? Ия, ұнады.
- Қандай малдың төлі туралы ән тыңдалды? Құлыншақ
Қорытындылау, мақтау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Мерекелік көңіл күйді сезінуді.
**Игереді**: Мерекелік жалаушаның түсін ажыратуды.
**Меңгереді**: Жалаушалармен қимыл жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 18- 23.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі :** Музыка
**Тақырыбы:** Жемістер бағында
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау**.** Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады,музыкаға деген сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** алма ағашы, алма, аю, қоян, кірпі, қарға жылжымалы суреттер,жемістер.
**Билингвалды компонент:** Жемістер – фрукты.
**Сабақтың барысы:** Балалармен көңілді амандасу.
Балалар, келіңдер,
Ертегі тыңдап көріңдер! («Алма» В.Сутеева)
- Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жемістер жиналады.(Фланелеграф бойынша суреттерді жылжыта отырып әңгімелейді)
- Күздің соңында ағаштардың бәрі босаған,ал мына ағаштың басында жалғыз алма қалыпты.Қоян секіріп,алмаға жете алмайды.Содан кейін ұшып бара жатқан қарғаға: «Маған алманы алып бер!» - деп бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда жерге түсіріп алады. Алма жорғалап бара жатқан Кірпінің үстіне түсіп, оны Кірпі алып кетеді. Ал, балалар ,жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер,- деп Г.Абдрахманованың ертегіге арнап жазылған «Алма,саған ризамыз дөңгелене қоршаймыз» әнін орындау.Балаларды шеңбермен алып жүру, қимылын көрсетіп, әнді айтуға үйрету. -
Балалар,алманы алуға не келді?
- Онда қоян болып секірейік.
- Одан кейін не келді?

- Кәне, кәне,ұшайық, қанатымызды қағайық.
- Тағыда не келді?
- Алманы қайсысы алып кетті?

**Музыка тыңдау:** «Күз»(С.Кибирова) Балалар, ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап,не болғанын білейік. Бұл шығарма өте баяу,созыңқы,нәзік екен. Сөйтіп,Кірпі алманы алып бара жатса ,Қоян мен Қарға жібермей «Менікі,менікі»,-деп аласыпты.Осы кезде алдынан Аю шыға келіпті.
- Мені оятып жіберген кім, а-а-а?!
- Балалар, кәне бәріміз орнымыздан тұрып, Аюмен бірге қорбаңдап жүріп ән айтайық.

**Музыка тыңдау:** «Қоңыр аю қорбаңбай»(Муз.Б.Дәлденбай) Аю ойланып алманы бәріне бөліп береді.

Ойнаймыз, ойнаймыз,
Ойынға біз тоймаймыз.

«Қандай жеміс жетпейді?» ойыны. Қоян бізге жемістер беріп жіберіпті. Балаларға жемістерді көрсетіп, атап айтқызу. Бәрін көрсетіп, барып бетін орамалмен жабады. Сездірмей бір жемісті алып қояды да, қайталап сұрайды. Бұл есте сақтау қабілетіне арналған ойын.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Музыканы тыңдауды,әңгімелеп айтуды.
**Игереді:** музыка әуенімен Аю, Қоян, Қарға қимылдарын жасауды, жемістерді ұстауды.
**Меңгереді:**Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту,

**Күні** : 02.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әй –әй ата»
**Мақсаты:** Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.
**Көрнекілігі:**домбыра аспабы, аркан.
**Билингвалды компонент**: аспап – инструмент
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенмен қарсы алу. Шеңбер

бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасу, музыка әуеніне сай қимылдар жасау.Күй келген себебін айтады ойналып,ішке ата кіреді, балалармен амандасып,. Ата:Балалар, бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үйрренгендеріңді көру үшін келдім. Ал балалар, мен сендерге құралақан келген жоқпын, өзім қолдан жасаған киелі домбырамды да,ала келдім. Бұл домбыра арқылы халқымыз қуанышпен, қайғысын бөлісіп отырған. Ата дмбыраны шертіп көрсетеді.Музыка тыңдау:«Қосалқа» күйі (Даулеткерей)Бұл күйде қыздың әдемі жүрісін, сыңғырлаған сырғаларын бейнелеп отыр..Сазгер атаға балалардың әнін тыңдауды ұсынады.Ана туралы, әже туралы әндерін айтып береді. - Ата бүгін біз өзіңіз туралы ән айтуды үйренеміз.
**Ән айту:** «Әй-әй ата»(Муз.Ө.Байділда,сөзі Ж.Смақов.)
Сазгер әнді орындап береді. Балалардан ән кім туралы екенін сұрайды.Алдымен мәтінін қайталап, әуенді бөліп үйретеді. Әуенді мәтінімен қосып айтады. Ата өзі туралы айтылған әнге алғысын білдіреді.
- Рахмет,балалар, өнерлерің өрге сүйресін. Енді күштеріңді сынап көрейін. Өзіммен бірге арқан алып келдім.Бала кезімде арқан тартысып,күш сынасатын едік. Кәне, екіге бөлініп арқанды тартайық, «Арқан тартыс» ойыны. Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қазақтың киелі аспабы домбыра туралы білулері керек.
**Игереді:** күй деген ұғымды игереді.
**Меңгереді:** арқан тарту дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 07. 12. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** Орманға саяхат
**Мақсаты:** Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:** Қысқы орман көрінісінің суреті.

**Билингвалды компонент:** Орман – лес.

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз .Орманның алыста екенін түсіндіреді. Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз.Пойызға біз барайық ,вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»- тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды. Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Сазгер «Пойыз» әнін(Қ.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Ән аяқталысымен сазгер балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отқан аңды танисыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян, жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді. «Қояндар биі» ойналып,балаларға өз еркінше секіруді ұсынады. «Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай»(Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог - аю шығады.

Аю: Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай.
Омартаны көргенде ,
Бас қоямын ойланбай.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

Кел, ойнайық, ойнайық,
Қызығына тоймайық.
Қоян, аю қуансын ,
Біз көңілді тойлайық.

«Қояндар мен аю» ойыны. Сазгер балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді.Бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып,балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

**Игереді:** пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл -қозғалысын көрсетуді қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру,қорбаңдап жүру.

**Күні:** 14-21.12.21 ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Гүлжазира - Қазақстан»
**Мақсаты:** Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Бубен, Еліміздің суреті
**Билингвалды компонент:** Отан – Родина

**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру,жеңіл секіру т.б.
Жайнап өскен гүліңдей,
Ұлымын кең даланың.
Өзім өскен үйімдей,
Аунап – ойнап аламын.
Музыка тыңдау: «Гүлжазира – Қазақстан!»(сөзі:Ә.Тәжібаев )
- Балалар, Отан деген сөздің мағынасы Өзіңнің кіндік тамған жерің деген сөз. Ән айту: «Отаным» сазгер әнді орындап береді. Ән орындау ережелерін естен шығармау.Бірін-бірі ести отырып,үндесіп айтуға үйрету.Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» жаңа әнді сазгер орындап береді.Не туралы айтылғанын сұрайды.Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады.Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау.Ән баяу айтылады,бубенді баяу ұрамыз. Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап,қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады. Қандай аспапбен таныстыңдар? Бубенмен
- Қандай ән айттыңдар? Отаным әнін айттық.
- Қандай ән тыңдадыңдар? Гүлжазира – Қазақстан!
Қорытындылау, мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.
**Игереді:** музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.
**Меңгеруді:** әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

**Күні:** 28- 30.12.21ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Отаным»
**Мақсаты:** Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата

біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Бубен, Еліміздің суреті
**Билингвалды компонент:** Отан – Родина
**Сабақтың барысы:** Балаларды көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру,жеңіл секіру т.б.Балалармен шттық шеңберін жасау.
Жайнап өскен гүліңдей,
Ұлымын кең даланың.
Өзім өскен үйімдей,
Аунап – ойнап аламын. Музыка тыңдау: «Атамекен» (сөзі: Е.Хасанғалиев)
Балалар, Отан деген сөздің мағынасы : Өзіңнің кіндік тамған жерің деген сөз. Ескендір аталарың «Атамекен» әнінде, өзіңнің туған жерің, жайлауың,өскен елің туралы айтылған. Ән айту: «Отаным» сазгер әнді орындап береді. Ән орындау ережелерін естен шығармау.Бірін-бірі ести отырып,үндесіп айтуға үйрету.Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» жаңа әнді сазгер орындап береді.Не туралы айтылғанын сұрайды.Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады.Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау.Ән баяу айтылады,бубенді баяу ұрамыз.Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап,қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қал. Қандай аспапбен таныстыңдар? Бубен.
- Қандай ән айттыңдар? Отаным.
Қорытындылау, мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.
**Игереді:** музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.
**Меңгеруді:** әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

**Күні:** 04-06.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әдемі көбелек»
**Мақсаты:** көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, əн айту қабілеттерін əрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.
**Көрнекілігі:** Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.
**Сабақтың барысы:** Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, əндетеді:

*Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды.*

Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, əндетеді:

*Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды.*

- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар. Балалар Күнге бас иеді.

**Күтілетін нəтиже:**

**Біледі:** көңілді əуенді сезінуге үйренеді.
**Игереді:** музыка əуенімен күннің шуақтарын ұстауды.
**Меңгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

**Күні:** 11 – 18.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдасырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** Төлдер
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы

дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Текшелер
**Билингвалды компонент:** Төлдер – детеноша животных
**Сабақтың барысы:** **«Марш»(**Е.Брусиловский) 1-2 тактілерде «Сәлем, сәлем, балалар!»- деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. 3-4 тактілері музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. .
- Балалар, орнымызға жайғасып отырайық.
**Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру».(**Д.Ботбаев) Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру. Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Текшелерді бөліп беру. Барлық төлдерді айтқызып, орындарын ауыстырып қайталалатады.
**«Төлдерді тап» ойыны.** Балаларға төлдердің енелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. Бірінші топ: Қойдан жуас бозымды шақырамын қозымды. Екінші топ: Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге қарап, төлдер текшесін қолына алып,енесіне апаруға тырысады. Балалар әнге қосылады. Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін , сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.
**«Тұлпарым»** әнініне қамшы ұстап билеуге ұйрету. Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы.
- Келесі жолы төлдерді, енелерін өздерін ойнайсыңдар.
- Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман сау, болыңдар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төменен» дыбыстарын айыруды.
**Игереді:** текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды.
**Меңгереді:** би ырғақтарын қайталауды.

**Күні**: 20 – 25.01.22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Торғайлар»
**Мақсаты:** әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент:** Торғай – воробей.
**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз,*
*Бір, екі, үш!*
*Көңілді жүреміз,*
*Бір, екі, үш! –* деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.
*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
**«Құстар жем шоқиды»** (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.
**«Торғай»** (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. **«Құстар»** (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*

*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды.*
*Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады.
**«Мысық пен торғайлар» ойыны** ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды.*
*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** торғайдың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді**:қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 01-03.02.2022ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:**Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.
**Көрнекілігі:** Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.
**Сабақтың барысы:** Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді:

*Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды.*
- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын үнтаспадан тыңдатады).
**Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр**» (Г. Абдрахманова). Балалар әнді тыңдап, соған лайық қимылдар жасайды.
**«Орамалмен билейміз»** (Е. Брусиловский). Балалар сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шықса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады). Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене қатысады. Музыка әуені басталғанда қуанады, шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуға тырысады.
**«Күн»** (М.Т.Потапенко. көңілді шығарма) ,**«Жаңбыр»** (А.Меңжанова).
- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** көңілді әуенді сезінуге үйренеді.
**Игереді:** музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.
**Меңгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

**Күні:** 08.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Пойыз»
**Мақсаты:**Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:**Пойыздың суреті
**Билингвалдыкомпонент:**Пойыз – поьезд
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы

алады. Балалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз.Қонжыққа жету үшін мына *«Көңілді пойызға»*отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді.
*«Пойызға біз барайық,*
*Вагоннан орын алайық»,* - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
*«Ал паровоз бастайды,*
*Пыш-пыш, пух-пух,*
Ән айтып біз қостайық», - деп, **«Пойыз»** әнін
(муз. К. Қуатбаев, сөзі Ж. Смақов) орындайды. Ән айтылғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар *«Көңілді пойыздан»* түсіп, қысқы орманда «қыдырады» Балалар «Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтайық.
**«Сұр қоян» әнін** (музыкасы А. Филиппенко, сөзі К. Үбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.
**«Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б. Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен сазгер ойыншық аюды алып шығады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады.
*«Қонжық және қоянмен,*
*Ойын ойнап күлейік.*
*Достарымыз қуансын,*
*Тату болып жүрейік»,* - деп, **«Қояндар мен аю»** ойынын ұйымдастырады. Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.
**Игереді**: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білуі, бірге қуану, риза болу
**Меңгереді**: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету.

**Күні:**15-17. 02.22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық
**Білім бөлімі:**Музыка
**Тақырыбы:**Көңілді би
**Мақсаты:** Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын

қалыптастыру. **Көрнекілігі:**үстел үсті қуыршақ театры,ойыншық қоян,түрлі түсті әшекейлер(қағаз немесе лентадан жасалып,таяқшаға бекітіледі). **Билингвалды комп:**Би – танец.

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды есік алдынан қарсы алып,қуыршақ театрына шақырады.Театр шымылдығы ашылып,ішінен қуыршақ қоян көрінеді.Қоян балалармен сәлемдеседі.

-Балалар мені танисыңдар ма.

Мен қоянмын,қоянмын,
Сәбізді жеп тоямын.
Жемістерді көп жинап,
Қысқа сақтап қоямын.

-Балалар,менің сендермен танысқым келеді.Сенің атың кім? –деп бір баладан сұрайды.Ал сенің ше? –деп барлық балаларды өз аттарын айтуға ынталандырады.

-Балалар,сендер мен сияқты қатты қол шапалақтай аласыңдар ма?Енді жай шапалақтап көрсетіңдерші.Аяқтарыңды тез топылдата аласыңдар ма?Ал енді ақырын ,жай топылдатыңдаршы,-деген ұсыныстар арқылы балаларды дыбыс ұзақтығын,тембрін ажырата білуге үйретеді.

-Балалар,қоянға арнап тақпақ айтып берейік:

Ақ қоян,ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян,

Ақ қоян,ақ қоян,

Жүйрік аяқ сақ қоян!- Деп балалардың қимылмен көрсетулерін сұрайды.Қоян балаларды әрі қарай көңілдендіру мақсатымен:

-Сендер мен сияқты секіре аласыңдар ма?Кәне,бірге секірейікші!-деп ұсыныс жасайды. «Қояндар»(Е.Тиличеева)әуеніне ілесе секірулерін сұрайды.

-Рақмет,балалар!Мен әдемі әшекейлер ала келдім,сендерге сыйлаймын,-деп балаларға шымылдық ішінен ұсынады.

Әшекейлер әдемі
Бірге тербеледі,
Қолымызда жарқырап,
Сәнге бөленеді,- Деп әндетеді.Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.

«Әшекейлермен би»(А.Жилинский). Педагогтің көрсетуімен би екі рет қайталанады.Әшекейлерді дұрыс ұстап,қозғап, айналу үйретіледі.

-Ал енді қоянды көңілді биге шақырайық,балалар.

«Отырып-тұру»(эстон халық әуені,өңдеген А.Роомере,сөзін жазған Ю.Энтин,аударған И.Сапарбай)әнін орындап,педагог қоянды ұстап,балаларға

би қимылдарын көрсетеді.Балалардың жұптасып тұруларын,би қимылдарын ырғақты сезіне орындауларын бақылайды. Қоян(қайтадан театр ширмасынан көрініп):Балалар,маған сендермен бірге болған ұнады.Өнерлі,әнші,биші балалар екенсіңдер! Музыка жетекшісі:Қояннан не үйрендіңдер?Қоян қалай қол шапалақтайды екен?-деп сұрайды.
-Ақ қоянға рақмет айтып,қоштасайық.
Ақ қоян,ақ қоян,
Ұзын құлақ,сақ қоян.
Ақ қоян,ақ қоян
Сау болып тұр,ақ қоян! Тақпақты бірге айтып,қол бұлғап қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**әннің сөзін анық айтуды,көпшілікпен әнді бірге бастап,аяқтауды,би қимылдарын қайталап көрсете білу.

**Игереді:**қатты және ақырын,тез және жай ырғақтарын сезінуді,ауыспалы сипаттағы әнді орындауды.

**Меңгереді:**кейіпкер қоянмен «әңгімелесу»-диалог құруды,әшекейлер ұстап билеуді,ырғақпен айналу,иілуді.

**Күні:** 22 .02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ғажайып сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.
**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады.Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол

ұстасып жүрулерін сұрайды.
**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды. - Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,
Үн қатады сылдырлап.

деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.
«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!

***Ән тыңдау:* «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1- шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.

Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойы-нды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,
Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.

-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма?

Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.
**Игереді:** Жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.
**Меңгереді:** Сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 01-03.03.22ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Не қалай дыбыстайды?»
**Мақсаты:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.
**Билингвалды компонент:**дыбыс - звук
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, **«Не қалай дыбыстайды?» ойыны** (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды.
*Секеңдеген лағым,*
*Лағым менің, шұнағым.*
Қалай дыбыстайды?
Балаларға карточкадан лақтың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі лақ маңырайды деп түсіндіреді.
*Күзетші күшік – саққұлақ,*
*Үй күзетіп шапқылап,*
*Дыбыс шықса қаттырақ,*
*Қалай, қалай үреді?* (сұрақтар жалғасады) Музыка жетекшісі балаларға: «Әжемізге өзіміздің ойыншықтарымыз туралы ән айтып берейік», - деп ұсынады. **Ән тыңдау: «Ойыншықтар»** (муз. И.Нүсіпбаев, сөзі. Н.Әлімқұлов).Балаларға ойыншықтар ұстатып, әнді екінші рет қайталап, мәтінге сай қимыл- қозғалыс жасауға машықтандырады. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалардың мимикалық қимылдарын (жымию, қабақ түю, т.б.) бақылайды.
**«Анасын тап» ойынын** (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы:

*Қара көзі мөлдіреп,*
*Жібек жүні үлбіреп,*
*Анасын іздеп келеді.*
*Бұл не?*
Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын әрі қарай жалғасады.
- Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? - Ұнады.

- Қандай төлдер бар екен?
- Олар қалай дыбыстайды?
- Қалай жүреді екен? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді.
- Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар! Үнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды.
**Игереді**: ойын арқылы төлдер туралы біліп, лақ маңырайды, бұзау мөңірейді, күшік үреді сияқты түсініктерді.
**Меңгереді**: музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің қимылын сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

**Күні:** 15- .03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Тауық пен балапандар»
**Мақсаты**: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.
**Көрнекілігі:** тайтұяқ, асатаяқ, үйшік, баскиімдер, көңілді текше.
**Билингвалды компонент**: Балапан – цыпленок
Сабақтың барысы: Балаларды Қ. Қуатбаевтың « Бөбектер биі» әуенмен қарсы алу; балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау.

Сәлем, сәлем, балақай!
Ән айтамыз, би билейміз, алақай!
«Орман шуы» әуені тыңдалады.
Күн күледі, жадырайды,
Құстар келіп сайрайды.
Кел, балалар, келіңдер,
Ертегіге еніңдер!
- Балалар, қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз, қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз.

Арықтан аттаймыз, алысқа қарамаймыз.
- Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды.
**«Шашу» әуенімен** (Е.Брусиловский) ортаға тауық келеді.
- Балалар, біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз.
**«Тайтұяқ пен Асатаяқ»** (муз. А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды.
- Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер?
Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдарма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады.Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н.Мүталлибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарына үйрету.
Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» сыйлаймын.
«Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.
- Балалар, біз бүгін қайда бардық? Тоғайға
- Нені кездестірдік ? Тауық
- Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап,билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембрін айыруды.
**Игереді**: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.
**Меңгереді**: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

**Күні:** 17-29 .03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Шуақты көктем»

**Мақсаты:** музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.
**Көрнекілігі:** көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын

гүлдер.

**Билингвалды компонент:** Көктем – весна.

**Сабақтың барысы:** Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. **(«Марш»** М.Раухвергер)

*Біз адымдап жүреміз,*
*Бір, екі, үш!*
*Серуендеп келеміз,*
*Бір, екі, үш! –* Деп балаладың қосыла айтуын сұрайды.

- Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.

**«Кімнің жүгіргісі келеді?»** (Л. Вишкарева) әуен ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.

Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап,қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!- деп балалардың назарын аударуға тырысады.

*Бақ іші қандай тамаша,*
*Алуан гүлдер тұр тұнып,*
*Демалайық отырып! –*

Деп демалуға жайғастырады. Үнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады?

*Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық! –* деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.

*Қандай қызық көктемде,*
*Күн шуағын төккенде.*
*Гүл тереміз алуан*
*Шығып алып бөктерге,* - деп

**«Көктем»** әнінің (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға сазгер мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады.Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып:

*Қызыл, сары, жасыл, көк*
*Гүлдерді біз терейік,* - деп гүл жинауды ұсынады.
*Достығымыз жарасып,*
*Көңілді би билейік!* **«Гүлдермен би»** (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп,балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға

жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.
Көктем келіп шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай,
Құстар сайрап,
Бақтар жайнап, гүл атты!
- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.
**Игереді**: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.
**Меңгереді**: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

**Күні:** 05 – 07.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы**: «Біз, өмірдің гүліміз!»
**Мақсаты**: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.
**Көрнекілігі:** Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер.
**Билингвалды компонент**: Гүлдер – цветы.
**Сабақтың барысы:**Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады.Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап,нық басып жүруді ұсынады.(«Марш» М.Рухвергер)
Біз, адымдап жүреміз,
Бір, екі, үш!
Серуендеп келеміз,
Бір,екі, үш! – деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа

жету үшін енді жарыса жүгірейік,- деп ынталандырады «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарева)әуені ойналып,балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды. Әуен соңында: Міне,баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап,қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ көрінісін жақындайды. Қарандаршы,балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл,жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып. Демалайық отырып! –деп демалуға жайғастырады.Үнтаспадан құстың даусы естіледі. - Балалар ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен?Шиқ – шиқ – шиқ. Құстар қалай ұшады? Биікке ұшады.
Қолымызды жаяйық,
Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.
Қандай қызық көктемде,
Күн шуағын төккенде.
Гүл тереміз алуан
Шығып алып бөктерге, - деп **«Көктем»** (Қ.Қуатбаев, А.Асылбек)
1 – шумағын орындап береді. Ән аяқталысымен балаларды алдын – ала «гүлдер өсіп тұрған»гүлзарға шақырып:

Қызыл, жасыл, сары, көк
Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.
Достығымыз жарасып,
Көңілді би билейік! «Гүлдермен би» қимылдарын көрсетіп, Балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді,бір орында тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.
Көктем келіп шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай ,
Құстар сайрап, бақтар жайнап,гүл атты!
-Балалар,сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын,-деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ырғақты сезіне қозғалу,ән мазмұнын түсіну, көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.
**Игереді**: әнді әуенімен және табиғи дауыспен орындауды, баяу, сазды

әуенді сезінуді.
**Меңгереді:** гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды,кіші, үлкен шеңберлер жасауды,ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

**Күні:** 12 – 19. 04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бұл қай кезде болады?»
**Мақсаты:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.
**Көрнекілігі:** бұлт,күн, таяқшалар.
**Билингвалды компонент**: Күн – солнце, бұлт – облако,жаңбыр – дождь.
**Сабақтың барысы: «Колхоздағы той»** әуенінің ырғағымен балалар залға кіреді. «Сәлем,сәлем,балақай» әнін айтып қарсы алу.
Айналайын балалар,
Маған қарап тұрыңдар.
Аяқтары тік түзеп,
Амандасып алыңдар.
Сәлем,сәлем,балақай!
Сәлем,сәлем,балақай!
Музыка залының бір бұрышы көктем лайық көрнекі құралдармен жабдықталған.
Айналаға қараңдар,
Бұл қай мезгіл балалар? Балалардың назарын дайындаған көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды. Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі.Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың көңілін аударады.
**Музыка тыңдау: «Жаңбыр»** (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын ала дайындап қою).

**Ән айту: «Күн мен жаңбыр».** Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып,қозғалтып,қимылдарды үйретеді,қайталатады. -Балалар,балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимылдарды,қозғалыстарды көрсетеді,қайталатады. Би: «Вальс» (А.Аренский) «Орамалмен билейміз»,-деп,би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау.

Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. **«Жау,жаңбыр»**ойыны. Әр балаға барабан таратылады,екі таяқшасымен барабанды соғып, «қатты», «жай» дыбыстарын тыңдатып,ажыратқызу. «Күн мен жаңбыр»әуенін ойнатып,жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады»деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. -Жаңбыр қай мезгілде жауады,қалай жауатынын пысықтап айтып,көрсетеді. -Сендер белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар!-деп мақтайды. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, бірін бірін ұрады.Басқа қимылдарды музыка жетекшісінің қалауымен дамыта түсуге болады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенді тыңдауды,айтуды.
**Игереді:** таяқшаларды ұстауды,барабанды ырғақпен соғуды.
**Меңгереді**: жүгіруді,ырғақпен шапалақтауды,қолдары мен саусақтарын қимылдатуды.

**Күні:** 21- 26.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Мысық қашады, күшік қуады»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** алақандар, ойыншық Ақтөс, Барыс.
**Билингвалды компнент:** Мысық – кошка, күшік – собачка.
**Сабақтың барысы:** Балаларды Е.Қасанғалиевтің «Атамекен» ырғағымен қарсы алу. - Сәлем,сәлем, балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру.Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар». Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау, ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді алақан суреттерін балаларға таратып береді. Алақандар не істеп жатыр? Алақандар не істей алады? Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін – бірі көргеніне қатты қуаныпты. Балалар қол шапалақтайды . Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді.Алақандар бір- бірі мен амандасып,бастарын иеді.Зал бойымен жүріп, алақандарын түйістіреді.
**Ән тыңдау: «Әй- әй бөпем»(**халық әні) - «Көңілді алақандардың» көңіл

күйі қандай екен? **«Балдырғандар маршы»** (Қ. Қуатбаев) «Қуанамын» (М.Ержанов) музыкасын тыңдап, алақандарын көрсетеді. - Балалар, жарайсындар, ал енді ертегі тыңдайық. Әуенді – қимылды қозғалыс: «Ақтөс пен Барыс» «Колхоздағы той»(Е.Брусиловский) әуенімен балаларды шақырып билету. - Балалар, сендерге бүгін қандай қуыршақтар келді? Көңілді алақандар келді.
- Келесі жолы өздерің ойнайсыңдар. «Ақтөспен Барыс» әнін жаттап келіңдер. Сау болыңдар!

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Музыка арқылы «ұйықтау», «қыдыру», «көңілді», «көңілсіз» сипаттарын ажырату.
**Игереді:** Алақандарды ұстап көрсету.
**Меңгереді:** Ырғақты қимылдарды.

**Күні:** 03 -05. 05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.
**Көрнекілігі**. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында балаларды қарсы алады.
Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.
Бір шаңырақта табысқан,
Дос бауыр көп, туысқан.
Отан – ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.(Е.Өтетілеуұлы)
- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер?Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ,орыс,өзбек,тәжік т.б. Бірақ бір - бірімізді

бөлмейміз, бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішеміз,бірге ұйықтаймыз.Әрқашан осындай тату болуымыз керек.Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.

**Музыка тыңдау:** «Жайдарман» (халық әні) ән көңілдеме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады.

**Ән үйрену:** «Ағайынбыз, бәріміз!» (М.Әубәкиров, Ә. Дүйсенбиев) Ортақ болсын асқар тау,Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған? Бәріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. «Қоңыраумен ойын»(Т.Ломова)Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады.Сазгер қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді. Айырмашылығына тоқталады.Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды.Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.

**Би:** «Биге шақыру»(орыс халық әні)Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады.Осылайша бәрі түгел биге шығады. Қорытындылау, балаларды марапаттау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

**Игереді:** ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

**Меңгереді:** үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Күні: 10 - 17.05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Көрнекілігі: Бейбітшіліктің суреті Билингвалды компонент:күн - солнце

Сабақтың барысы: Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді

жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)
Ән тыңдау: «Ақ  кептерлер» (М.Мақатаев,Н. Тілендиев).
Ән үйрену:«Әрқашан  күн  сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров)
Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді   музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі   көңіл күймен   балаларға үйретеді.
Әуенді- ырғақты қимыл:   «Қосарланып билеу»        (Литваның халық әні)
Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен  жеңіл  жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың  бірдей  қимыл  жасауына  көңіл аудару.  Әнді  ести алуларын, соған  сай  қимыл  жасай  білулерін қадағалау. Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.

Күтілетін нәтиже:
Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.
Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.
Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

**Күні:**   19 - 24.05.22 ж
**Білім  саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:** Музыка
**Тақырыбы**: «Доп»
**Мақсаты**: Музыкалық  шығарманы  эмоциямен  қабылдау. Ә уенді  есту, сезіну  қабілеттерін  әрі  қарай  дамыту, қарапайым  би  қимылдарын орындауға  дағдыландыру, табиғи  дауыспен  ән  айтуға  үйрету.Допты ұқыпты  ұстауға   үйрету.
**Көрнекілігі:**  Доптың   суреті
**Билингвалды  компонент**:  Доп – мячь
**Сабақтың  барысы:** Балаларды  музыка  залында  көңілді  әуенмен  қарсы алады.Амандасады. Шеңбер   бойымен  жүріп,  музыка  әуені  ілесе қимылдар   жасайды.
« Доп»
Шаршамайсың,  шалдықпайсың ,  доп,  қалай?
Секіресің, секеңдейсің  тоқтамай.
Асыққанда  арықтан  да  аттайсың,
Бірақ  суға  түссе   тағы  батпайсың.  (Р. Тышқанбаев)
- Балалар, сендер  доппен  ойнап  көрдіңдерме?  Допты  жерге  ұрсақ, өзіне

қайтып келеді.Допты теуіп ойнауға болады,бір –біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады.

**Музыка тыңдау: «Доп»** (Т. Ломова) - Музыка қалай ойналды?
Тез, көңілді ,жеңіл балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру.

**Ән айту:** Өткен сабақтағы әнді қайталау. Жаңа ән: «Доп»(Б.Қадірбек,А. Асылбек) Әннің мәтінін үйретіп,әуенге қосылады. Жәй қатты деген жерінде дауысты бәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуға дағдыландыру. Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау,доппен Қимылдар жасап жалғастыру. «Допқа кім тез жетеді?»ойыны. Музыка ойналғанда сазгер допты лақтырады,балалар доптың соңынан қуады.Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын бірнеше рет қайталанады.

**Қимылды – ырғақты қозғалыс:** «Кішкентай би» (Н. Александрова)
Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету. Қорытындылау, мақтау, мадақтау,марапаттау.

**Күтілеін нәтиже:**
**Біледі:** әуенге қосылып қимыл жасауды.
**Игереді:** доп туралы түсініктерді.
**Меңгереді:** би элементтерін жасап үйренеді.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай  балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі :

__________ М.А. Бибосынова

# Кіші «Айгөлек»
# тобының музыкадан
# 2021-2022оқу жылына арналған
# перспективалық оқу
# жоспары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыр-<br>күйек | «Менің балабақшам» | «Менің достарым» | «Менің сүйікті ойыншықта-рым» | «Жиһаздар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Менің балабақшам» | **Күні:03.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Бала, бала,балапан».**<br>**Мақсаты:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру**.** | **Күні: 07.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Айгүл қонақта».**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. | **Күні: 14 .09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру.<br>**Күні: 21.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға елік-тей отырып ере-секпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалар-дың музыкаға қы-зығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. | **Күні:**<br>**17 .09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Күні: 28.09.21ж**<br>**Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. |

| | Қазан | «Менің отбасым ата-аналар еңбегі» | «Менің көшем» | «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Алтын күз» |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің отбасым»** | **Күні: 01 .10.21ж** **Тақырыбы: «Менің әжем»** **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділіін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. | **Күні: 05.10.21ж** **Тақырыбы: «Қарандаршы далаға»** **Мақсаты:** Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. | **Күні: 08.10.21ж** **Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»** **Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. **Күні: 19.10.21ж** **Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»** **Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру | **Күні: 12.10.21ж** **Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау.** **Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. **Күні: 22.10.21ж** **Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау.** **Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін Көтеру. **Күні: 26.10.21ж** **Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қара ша** | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені саудың- жаны сау»** | **Күні:02.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кел балақан»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш, вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету. | **Күні:05.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күзгі бақта»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән айтуға қызығушылық-ты сазгердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту. ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылы-ғын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. | **Күні:09 .11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу.<br>**Күні:19.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу.<br>**Күні: 30.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Қайталау.** | **Күні:**<br>**16.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні:**<br>**23.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жел-тоқ-сан** | **«Менің Қазақста-ным»** | **«Туған өлкем»** | **«Астана – отанымыздың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің Қазақс таным»** | **Күні: 03.12.21ж Тақырыбы: «Көңілді барабан»** Әнді жеке және топпен айту,әу-еннің жеке екпіннін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыла-ын қалыптастыру. Әуендітыңдауға есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақ-ты ажыратуға баулуды жалғас-тыру, барабанда ойнауға үйрету. | **Күні: 07.12.21ж Тақырыбы: «Біз өмірдің гүлміз!»** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жа-нрлы музыкалық шығармаларды: ән,полька,марш вальс,баяу және көңілді әндер тыңдау. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» ды-быстарды айту--ға дағдыландыру. Патриоттық сезі -мін ояту. | **Күні: 14.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа--лауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 28.12.21ж Тақырыбы: Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру. | **Күні: 21.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. **Күні: 31.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қаң-тар** | **«Айналамыз-дағы Өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар – біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Табиғат әлемі»** | | **Күні: 11. 01. 22ж**<br>**Тақырыбы: «Ботақан»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету. | **Күні: 14.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Шымшық»**<br>**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.<br>**Күні: 21.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Шымшық»**<br>**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. | **Күні: 18.01.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қаршақыз бізде қонақта»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту,ырғақты сезіну.<br>**Күні: 25.01.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Шырша мен ойыншықтар».**<br>**Мақсаты:** Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау,жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақ-пан** | **«Өлі табиғат құбылыстар»** | **«Көліктер»** | **«электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Бізді қоршаған әлем»** | **Күні: 01.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»**<br>**Мақсаты**: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу. | **Күні: 04.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Көңілді пойыз»**<br>**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні: 08.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. | **Күні: 15.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.<br>**Күні: 22.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Нау-рыз** | **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **«Өнер көзі халыкта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Салттар мен фольклор»** | **Күні:01.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»**<br>**Мақсаты:** Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын жеткізу. | **Күні: 04.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Лағым»**<br>**Мақсаты:** музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу. | **Күні: 15.03.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.03.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. | **Күні: 25.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.<br>**Күні: 29.03.22ж**<br>**Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сәуір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **« Біз еңбекқор баламыз»** | **Күні: 01.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әңгелек»**<br>**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. | **Күні: 05.04.22ж**<br>**Тақырыбы:** «**Бесік жыры**»<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. | **Күні: 12.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні: 15.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. | **Күні: 19.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құлыншақ»**<br>Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.<br>**Күні: 26.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құлыншақ»**<br>Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ма-<br>мыр | «Достық – біздің тірегіміз, халықтар достығы» | «Әрқашан күн сөнбесін» | «Көңілді жаз» | «Мен жасай аламын» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Әрқашан күн сөнбесін!» | **Күні: 03.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»**<br>**Мақсаты:**<br>Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру | **Күні: 06.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Айгөлек»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұйымдастырыл-ған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. | **Күні:10.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Менің мысығым»**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.<br>**Күні: 17.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Менің мысығым»**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. | **Күні:20.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қошақаным »**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.<br>**Күні:24.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қошақаным »**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. |

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі :

_____________ М.А. Бибосынова

# Кіші «Айгөлек»

# тобының музыкадан

# 2021-2022оқу жылына арналған күнделікті оқу жоспары

**Күні:** 03 .09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бала, бала балапан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети
**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен жүреді. Орындарында тұрып шаттық шеңберін жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. Суреттер бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.
**«Бала, бала, балапан»** әні (И.Нүсіпбаев, Ж. Смақов) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында (топ- топ басайық) деген сөзге келгенде аяқты топылдатады. Ән бірнеше рет қайталанады. **«Көңілді ырғақ» ойыны.** Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды, әуен тоқтағанда қолдарын жасырады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге тырысады. Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.
**Халық әні «Еркем-ай»** әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен тоқтағанда аяқтарын жасырып отыра қалады. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту және мадақтау.

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арттыру.
**Игереді**: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.
**Меңгереді**: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

**Күні:** 07.09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Айгүл қонақта»
**Мақсаты:**Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Балабақшаның суреті.
**Билинвалды компонент:** Дос – друг.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік.Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді. «әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескертеді. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (Г. Абдрахманова). Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар.

Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады.
Ал қанекей қашыңдар,
Тез-тез аяқ басыңдар,- деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі.Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйіне қарай ойынды қайталайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады.
Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Балалар, бізге бүгін кім келді? Қуыршақ Айгүл келді. Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенге сай қимыл жасауды
**Игереді**: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.
**Меңгереді**: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

**Күні**:  14 -17.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен  билейміз»
**Мақсаты:**Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен өимыл- қозғалыс жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Ойыншықтардың  суреті.
**Билингвалды  компонент:** Ойыншықтар – игрушки.
**Сабақтың  барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек.  Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрып қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.
**«Қуыршақпен билейміз»** әні орындалады.
«Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді.   «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады.
- Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып  тұр.
«Қуып жет» ойыны ойналады. Қуыршақ Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталанады.

- Бүгін бізге кім қонаққа келді?
- Балалар жауап беруге тырысады.

  Ақмарал сендерге рақмет айтып  отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкамен тербетілуді, тыныштық сақтауды білуі керек.
**Игереді**: тыңдауды, қайталауды, қуыршақты ұстауды.
**Меңгереді**: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.

**Күні**: 21-28.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар.»
**Мақсаты:**Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттар мен қимылдар жасау. Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. Балалардың есту қабілетін арттыру.
**Көрнекілігі:** Сылдырмақтың суреті
**Билингвалды компонент**: Сылдырмақ-погремушка
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады.
-Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық.
**«Көңілді сылдырмақтар»** әні (И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді.«Сылдыр-сылдыр,сылдырмақ, Сөлейтіндей былдырлап»- деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сырдырлатады. Әннің үшінші шумағында:
«Балалар қайда кетті екен,
Бұл маңайда жоқ па екен», -деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды.
«Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді.
- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойынадық, көрсетіндерші? Ойыншық сендерге ұнады ма?
Іс-әрекет кезінде жақсы қатысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған баланы да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.
**Игереді**: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.
**Меңгереді**: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

**Күні:** 01 .10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің әжем»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті.
**Билингвалды компонент:** Әже – Бабушка
**Сабақтың барысы**: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:

*«Еркем әнім, ертеңім,*
*Елжіреткен көркемім.*
*Ертеңіме ертегі*
*Шежіремді шертемін»,* - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. Музыка жетекшісі:
*- Ал балалар, балалар,*
*Шеңберге тұра қойыңдар.*
*«Кел, балақан» әнін айтып,*
*Қайталайық, балалар.*
**Ән айту: «Кел балақан»**Әже қолындағы қоржынымен кіреді.
- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге **«Күз жомарт» әнін** орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.
- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?
Музыка жетекшісі: Біздің ұлдарымыз **«Шабандоз» биін** үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.
Әже: Онда қыздарым маған келсін, мен оларға **«Қара жорға» биін** үйретеді. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді.
**Әже: -** сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.
Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.
Балалар әжемен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

**Игереді**: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.
**Меңгереді**: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:** 05.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қараңдаршы далаға»
**Мақсаты:**Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылды ойын арқылы ән айту, сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Алтын күздің суреті.
**Билингвалды компонент:** Алтын күз – Золотая осень
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды.Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады.Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі. **«Сарыжайлау»** күйін тыңдатады.
**Ән үйрену:** «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)
**Ойын:** «Кім жылдам» Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз.
- балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық? - Күз мезгілі.
Сабақты қорытындылау. Мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.
**Игереді**: музыка ырғағымен қимылдауды игерді
**Меңгереді**: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні:** 12 – 19.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жаңбыр жауды себелеп»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті.
**Билинвалды компонент:** Жаңбыр - Дождь
**Сабақтың барысы:** Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.
*Күн болып жанайық,*
*Жаңбыр болып жауайық,*
*Гүл болып жайнайық,*
*Жүгіріп- жүгіріп алайық.*
Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.
- Жаңбыр қалай жауады?        Тырс-тырс-тырс.
**«Жаңбыр»** (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.
*«Біз ойнайтын ауланың,*
*Тазартасың ауасын», -* Дегенде қолдарын жоғары көтереді.
**«Жаңбыр мен күн» ойыны.** Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.
Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, *жаңбыр, бұлт* сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.
**Игереді**: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.
**Меңгереді**: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні:** 22-26.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз ырғағы»
**Мақсаты:**Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру
**Көрнекілігі**: Қоянның суреті.
**Билингвалды компонент:** Қоян – Заяц
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді.
- Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.
*«Қоян, қоян, тұра ғой,*
*Бізбен бірге ойнай ғой»,* - Деп әндетеді.
*Қоян:*
«Жаңбыр жауды тарсылдап.
Су боп қалдым қалтырап.
Айналада жапырақ,
Қарным ашты қалжырап».
- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?
*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым. Мен сендерге **«Жапырақтар»** әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге биледер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».
Қолдарына екі жапырақтан береді. *«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)
**«Жапырақтар» әнін** қимылды қозғалыспен үйренеді.
Балаларды **«Бала, бала, балапан»** әнін қайталап айтуға шақырады.
- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.
**«Сәбіздермен ойнаймыз**» ойыны ұйымдастырылады.
*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер.Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».Ойын 2-3 мәрте қайталанады. - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?
- Қоян нені жақсы көреді?
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?    -   Ұнады.
- Қоян нені жақсы көреді?   - Сәбізді

Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына   ризашылығын білдіреді, мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.
**Игереді**: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.
**Меңгереді**: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні:**   02-05.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, балақан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге  «жәй және тез»,  «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.

**Көрнекілігі:**  Балалардың  суреті.

**Билингвалды компонент:** Балалар – дети.

**Сабақтың  барысы:** Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка  жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.

Кәне,кәне тұрайық,
Шеңбер жасап құрайық!-

Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.
Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.

«Сылдырмақты сылдырлат,
Аяғыңды нықтап бас!»-

деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.
«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)

«Сылдырмақты аламыз,
Қорапшаға саламыз»,-

деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады.

«Кел, балақан,кел енді,

Ән тыңдайық біз енді»,-

деп, ән тыңдауға шақырады.
«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.
Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі.
Музыка жетекшісі:

«Басқа қарап тұрмайық,

Кел,балақан, ойнайық!-

деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады.Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады.Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды.
-Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды.
Балаларды мақтап,мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады.
Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
**Игереді**: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
**Меңгереді**: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні:** 09.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»
**Мақсаты:**Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** Жемістердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Күзгі бақ –осенний сад.
**Сабақтың барысы:** Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына

шақыру. «Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова Әуенді қимылмен жүреді. Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.

Жемістерді тереміз,
Көкөністә жинаймыз.
Алақай-ау, алақай,
Күзгі бақта ойнаймыз. Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.«Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді.Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.

«Келіңдер,келіңдер
Ойын ойнап көріңдер,
Жемістерді шашылған
Жылдам жинап беріңдер»

-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық. «Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.
Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. -Балалар сендерге ән ұнады ма?Жемістерді жылдам атап беріңдерші ? Көкөністерді кім атап береді Серуенге шыққанда,топта өткен әндерді,ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды,мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.
**Игереді:** жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.
**Меңгереді:**әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:** 16 - 19.11.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Музыка
**Тақырыбы:** «Менің анам тамаша»
**Мақсаты:** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Ананың суреті
**Билингвалды компонент:** Ана- мать
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. Сәлем, достар! Сендер менің анамды көрмедіңдер ме? Мен анамнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші. Қарагөз,сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп көрейік. «Мен бақытты баламын»үнтаспасы. 1-бөлім «Құршағым-ай»(әнін,сөзін жазған И.Сапарбай). Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: -Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны Қарагөз: Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: -Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
**Игереді:**қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.

**Меңгереді:**музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні:** 23 – 30.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр көжек»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы аңдардың суреті.
**Билингвалды комп:**Орман – лес.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.
«Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:
-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? –деп сұрайды. -Бұл көңілді сұр қоян. Ойыншық қоянды қолына алып:
«Мен қоянмын,қоянмын,
Сәбізге мен тоямын.
Қыста жейтін азықты,
Күзден жинап қоямын»,- дейді.
-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.
«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады.
-Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар.
«Сұр қоян» әні(муз. жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:

«Жүрген жері күлкі,
Бізге келді түлкі».
Түлкінің даусын салып:
«Кел сұр қоян,тойлайық,
Балалармен ойнайық»,- деп,балаларды ойынға шақырады.

«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог-түлкі,балалар-қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!»-деп ескертеді Түлкі-педагог:
-Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:
-Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.
**Игереді:** қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.
**Меңгереді:**қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:** 03.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншық барабан
**Билингвалды компонент:** Барабан – барабан
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:
«Тікірейіп құлағы, меннен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп, беті – қолын жуады, - деп,ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді.

Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық, жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер) «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қараған болып, барабанды «тауып алады». Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Сазгер балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі .Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. «Мысық пен Мысықай» ойыны. «Көңілді ырғақ» биин(Еркем-ай) бірге Билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.

**Игереді:** барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтап қайталауды игереді.

**Меңгереді:** барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:** 07.12.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз - өмірдің, гүліміз!»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Түрлі – түсті жалаушалар.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Біз – өмірдің, гүліміз!» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білуі тиіс .Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.Ән саз жетекшісі:

«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық!

– деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Сұраққа жауап берді. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 14 - 21.12.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы:** «Желбірейді, жалауша»

**Мақсаты:** Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау.Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:**түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок.

**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Бақытты балалық шақ»

әні (муз.  жазған С.Қалымов,сөзін жазған  И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше  еркін   билеу   ұсынылады. Музыка жетекшісі   түрлі   түсті жалаушалар  таратып,  балаларды   көңілді  серуенге  шақырады.

«Жалаушамен   келеміз,

Біз көңілді  жүреміз»,-  деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.

«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Ән  саз  жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге  қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (муз. А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді. «Пойызға біз барайық,   Вагоннан орын алайық»,  -деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.

Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға  талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады.  Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден   қол ұстасып, «серуендеуге»  зал   ішінде еркін   жүруге  мүмкіндік береді.  Музыка жетекшісі:  -Балалар,пойыз қалай жүреді?     - Балалардың жауабы   гу-гу.

Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды  әңгімеге  тартады. Балалардың  жауабы  паравоз  пыш – пыш  етіп  тоқтайды. Пойыздың тезірек жүруіне сендер   көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.

«Тізбектеліп тұрайық,
Вагондарды құрайық,
Көңілденіп  бәріміз,
Енді топқа барайық!»  -деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**  әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі.

**Игереді:**  нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.

**Меңгереді:**жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні:** 28 – 31.12.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біз балдырған»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**Түрлі – түсті жалаушалар.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды.
**«Біз балдырған»** (А.Асылбек) әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.
**Ән үйрену**«Біз балдырған» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.
Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! – Деп шақырып,
«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады.
- Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.
Біз қалай жүгірдік?
Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 11. 01. 21ж

**Білім саласы**:Шығармашылық.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.

**Тақырыбы:** «Ботақан»

**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

**Билингвалды компонент:** Ботақан - верблюжонок

**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға ботаның суретін көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды.Балалар суретті қызықтайды. - Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады. Бала ботаның жанына түйенің суретін қоюға тырысады және атын атайды. Ән сендерге ұнады ма?

Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарларының атын атай білу керек

**Игереді**:жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:** 18 - 21.01.22ж
**Білім саласы**:Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы :** «Шымшық»
**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент**: Торғай – воробей.
**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз,*
*Бір, екі, үш!*
*Көңілді жүреміз,*
*Бір, екі, үш! –* деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.
*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.
«Шымшық» (Г.Абдрахманова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды.
Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.

*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. «Құстар» (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*
*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды.*
*Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады. «Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды.*
*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Шымшықтың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді:**қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 25 .01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қаршақыз, бізде қонақта»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Аязата,Қаршақыз.
**Билингвалды компонент:** Аяз ата – дедушка мароз

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. -Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым- Қаршақыз! -Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жылтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (муз: жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.) -Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз:
- Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.
**Ән үйрену**: «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)
Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.
- Балалар! Балалар!
Айналайын балалар.
Өлең, тақпақ айтыңдар.
Маған билеп берсеңдер,
Сыйлығым бар сендерге!
Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз. Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. Сазгер балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, Сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді. «Ойнаймыз,ойнаймыз, Жаңа жылды тойлайыз» -Балалар,сендерге кім келді? Бізге Аяз атамен, Қаршақыз келді. Педагог екеуі «Қар атыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.
**Меңгереді:** шеңбермен жұптасып жүруді.

**Күні:** 28. 01. 22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы**: Шырша мен ойыншықтар
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті.
**Билингвалды компонент**: Ойыншықтар-игрушки
**Сабақтың барысы**: Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады.Үстел үсті театры арқыл шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.

Тауда туып,тауда өскен
Шырша келді ортаға .
Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген

**Музыка тыңдау**: «Қаршақыз бен балалар»(Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.)
**Ән үйрену**: «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.
1-шумағында шыршаны айналады.
2-шумағында жақындайды.
3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.
Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық,торғай,күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- Деп сұрайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады.Ойыншықтарға қарап,жауап береді.
Мысық қалай дыбыстайды? «Мияу – мияу»
Торғай қалай дыбыстайды? «Шиқ – шиқ»
Күшік қалай дыбыстайды? « Әуп – әуп»
Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.

«Ойын ойнап көрейік,
Жүгірейік, жүрейік,
Егер қасқыр ұлыса,
Жылдам қашып кетейік»,- деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың

астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. - Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
**Игереді:** жасырынуды, қашуды, алдауды.
**Меңгереді:**жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні**: 01- 04.02.22ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:** ән айтуды уақытында бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.
**Көрнекілігі:** Күннің суреті
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күннің шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. Балалар, мен сендерге «**Балалар мен жаңбыр**» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).
**«Жапырақтар»** (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.

**«Күн»** (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).
**«Жаңбыр»** (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.

*«Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды».*

- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.
**Игереді:** музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
**Меңгереді:** көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні**: 08.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Көңілді пойыз»
**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:** паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.
**Билингвалды компонент:** көңілді пойыз – веселый поьезд
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада **«Қуырмаш»** әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.

- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп пойыз макетін көрсетеді.

«Пойызымызға біз барайық,

Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
*«Ал паровоз бастайды,*
*Пыш- пыш, пух- пух,*
*Ән айтып біз қостайық.»,-* деп, **«Пойыз»** (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Балаларда орманға келеді.Сазгер ойыншық қоянды ұстап тұрып:
*«Мен қоянмын, қоянмын,*
*Сәбізге мен тоямын.*
*Қыста жейтін азықты,*
*Күзде жинап қоямын,* - дейді. - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік - деп, ұсынады. **«Сұр қоян»** (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.
**«Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б.Дәлденбай)

**Аю:** *« Мен аюмын қорбаңбай,*
*Қимылмаймын қорбаңдай.*
*Омартаны көргенде,*
*Бас қоямын ойланбай».* (А.Асылбеков) - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.
Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.
*«Қонжық және қоянмен»*
*Ойын ойнап күлейік,*
*Достарымыз қуансын,*
*Тату болып жүрейік»,* - деп**, «Қояндар мен аю»** ойыны ұйымдастырылады. Сазгер балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады. Біз қандай көлікке отырдық? Паравозға отырдық. Паравоз қалай жүреді екен? Балалардың жауабы. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.
**Игереді:**пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
**Меңгереді:**сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру).

**Күні:** 15 - 18.02.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** « Сылдырмақтар»

**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. **Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.

**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка

Са**бақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.

- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

**Ән тыңдау: «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар,

Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойы-нды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,

Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

**Меңгереді:**сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 22 .02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, билейік»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі :** Бишілердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Би – Танец
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
*«Келіңдер, келіңдер,*
*Шеңбер құрып беріңдер!»* - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.

*«Қызыл, жасыл, сары, көк,*
*Орамалды алайық,*
*Қолды көкке созайық,*
*Қозғап, қозғап қалайық!»* - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: *«орамалды аламыз, сандықшаға саламыз»,* - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды, - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. **«Полька»** (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:

- Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады. Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.
**Игереді:**Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді:
**Меңгереді:**ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні: 01-** 04.03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Әжем келді ауылдан»
**Мақсаты:**Ән айтуды уақытында бастап аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.
**Көрнекілігі:**дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.
**Билингвалды компонент:**Әже – бабушка.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.
**Халық әні:** «Еркем ай».

*«Жайдарымыз бәріміз,*
*Дастарқанда дәміміз.*
*Көжесі көп, қыры көп*
*Қандай жақсы наурыз!»*
- Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке.
Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.Ал ондай болса сендерге ән орындап берейін.Әже ән орындайды.
**«Наурыз – біздің жаңа жыл»** (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова).
- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.
2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.
Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. **«Бәйге» ойыны.**Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.
**Игереді**: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.
**Меңгереді**: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді

**Күні:** 11.03.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Лағым»

**Мақсаты:** музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға денені жеңіл ұстауға үйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:**үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

**Билингвалды компонент**: лақ – козленок

**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

*«Жалт-жұлт етіп, лақ,*
*Жағалайсың құрақ.*
*Секірем деп бірақ*
*Қала көрме құлап».*(А. Асылбек)

- Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.

**«Лақ»** (муз. жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).

Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді. «Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.

**«Лақ пен күшік» ойыны.** Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды.

Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.
**Игереді**: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

**Меңгереді**: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 15 - 18.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди- әлди, ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Бөпе – ребенок.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады,амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы естіледі) Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық. - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, Оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным». (Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж) Балалар,сендерге ән ұнады ма? Балалардың жауабы.
Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық.Қолдарына сылдырмақты алып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең» айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі» дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық. Балалар жаңа кім жылады? Балалардың жауабы. Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым- ай» биін билеп берейікші. - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, -деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы  тыңдауды, еске  түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:**  әлдилеулді, сылдырмақты  ұстауды,  қуыршақты  ұстауды.
**Меңгереді:** шеңбер  жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 29.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы: «**Көктем гүлі көрікті»
**Мақсаты:** музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.
**Билингвалды  компонент:**Көктем – весна.
**Сабақтың  барысы:** Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.
*«Гүлді ұстап көрейік,*
*Ақырындап жүрейік»,* -  деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.   **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады.
*«Көктем гүлі көрікті,*
*Би билеік көңілді!»*
Музыка жетекшісі ***«Көктем гүлдері»*** биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен:
- Балалар, қараңдаршы далаға,
*«Күннің көзі ашылды,*
*Алтын нұры шашылды!»* - деп балаларды үнтаспадағы көңілді ырғаққа **(«Айгөлек»** әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-

әрекеттерін бақылай жүреді.  Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.
*«Жаңбыр жауды себелеп*
*Дала қандай керемет!»* -  деп, қолшатырды ашады.
*«Қолшатырға қаш-қаш,*
*Аяғыңды бас-бас!»* -  деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде сазгер жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:
*«Күннің көзі ашылды,*
*Жаңбыр жауып басылды!»*

- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.
Жетекші **«Көлікке мінеміз»**  ойынын ұйымдастырады.
**«Машина» әнін** (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған  Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.
**Игереді**: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.
**Меңгереді**: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**Күні:**  01.04.22ж
**Білім  саласы:**  Шығармашылық
**Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:**  Музыка
**Тақырыбы:**  «Әңгелек»
**Мақсаты:**  Музыканы  есте сақтау, кейіпкерлерді  иллюстрация  және әңгіме  бойынша  тану  дағдыларын  таныстыу. Музыкаға  деген  сезімдерін ояту,  «бәсең» және  «көтеріңкі» дыбыстарды  айтуға  дағдыландыру.

**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Әңгелек.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды залда қарсы алады,амандасады. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені әніміз баяу. Есікті ұрған дыбыстың даусы шығады,Есіктен атамыз кіріп келеді. Қолында әңгелегі бар.Сәлемдеседі балалар, атамен амандасады.Балалар тақпақ айтып, би билеп береді.Ата қуанғаннан балаларға әңгелегін балаларға тастап кетеді. Олай болса орнымыздан тұрып, «Әңгелек» әнін қайталайық. Балалар әнді айтып үйренеді .
Ән тыңдау: «Әңгелек» әні (М.Қуанышбековтікі) Ән үйрену пианиномен әнді айту арқылы балалар дауыс жаттығуын жасады.Өткен сабақтардағы әндерді еске түсіріп айтып үйренді. Әнді сылдырмақпен айта білді.Сылдырмақты әнмен бірге сылдырлатып әннің ырғағымен дұрыс тарта білді. «Жұптасу» биін биледі.
– Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалардың жауабы.
– Әңгелекті сендерге кім әкеліп берді?
Балаларды мақтау,мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:** сылдырмақты дұрыс ұстауды,
**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 05.04.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.
**Көрнекілігі:** қуыршақ,, бесік, бала тербеткен ана.
**Билингвалды компонент:**Бесік жыры – колыбельная песня

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақ бесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіп, әндете қарсы алады.Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды.

Әлди,әлди, бөбегім,
Ақ бесікке бөледім.
Ай мен күнге теңедім.
Ақтарылған өлеңім.

Сазгер балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынын мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек) Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәй сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын» Балаларға ойыншықты беріп,олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2 – 3 рет ойналады. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Бөпемізді деп жауап берді. Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Ұйықта бөпем әнін айттық. Қорытындылау,балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.
**Игереді:** «бесік», «қуыршақ», «әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.
**Меңгереді:** қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 12-15.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы көбелектер»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй

сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы жәндіктер мен көбелектің суреті.
**Билингвалды компонент:** Көбелек – бабочка
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады.
Ән тыңдау: «Ұшты көбелек» ( сөзі А.Асылбек, әні А.Дүйсенов) Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл- қозғалыс жасауларын бақылайды.
**«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. **«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:

*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.
**Игереді:**музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.
**Меңгереді:**көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

**Күні:** 19 - 26.04.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Құлыншақ»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Ат және құлынның суреті.
**Билингвалды компонент:** Құлыншақ – жеребёнок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуеніөзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі. Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.
«Еркетайы даланың,
Мен – құлыншақ боламын.
Серігімін, досымын,
Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. - Балалар, көрдіңдер ме,

менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.
«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу.
**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.
**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:** 03-06.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз»
**Көрнекілігі:** Әр ұлттың балаларының суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады.Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады.Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды. Сазгер:

«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға«Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсындар. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Сұраққа жауап берді. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 10.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Айгөлек»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі**. Биші қыздардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Би - танец
**Сабақтың барысы:** Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуен өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Айгөлек әніне балалар би үйренеді.
**Ән тыңдау:** «Айгөлек» (Әні Б.Байқадамовтікі)
**Ән үйрену:** «Кең дала» (И.Нүсіпбаевтікі) «Шөжелерім» биін билеп үйренеді. Дидактикалық ойын «Ұшты ұшты не ұшты» ойыны. Балалар көңілді ойнады. Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 17 - 20 .05.22ж

**Білім саласы:**Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Менің мысығым»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Ойыншық мысық

**Билингвалды компонент:**Мысық – кошка

**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен сазгер балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандай әдемі мысық!

Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді құрайық.
Ала мысықпенен
Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.
Тікірейіп құлағы,
Меннен бұрын тұрады,
Бойын жазып, керіліп,
Беті – қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, балаларға қайталауды ұсынады. - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.**«Билейміз»** әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: Мен

ән айтып берейін. Ала мысықта сендер мен бірге ән тыңдасын, - дейді. **«Мысық»** әні орындалады(муз: Б.Дәлденбай, сөзі : Ж. Әбдірашов) Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және мысықай» дауыстарын салған. Салған балаларды мадақтайды. Балалар, ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.
**Игереді:**ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.
**Меңгереді:** ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Күні:** 24. 05. 22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық.
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.
**Тақырыбы:** «Қошақаным»
**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.
**Билингвалды компонент**: қошақан-ягненок
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен

көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады.
Ән сендерге ұнады ма? Балалардың жауабы.
Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

**Игереді:**жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі :

______________М.А.Бибосынова

# Ерте жас «Жұлдыз» тобының музыкадан
# 2021-2022
# оқу жылына арналған перспективалық
# жоспары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыр-күйек** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықта-рым»** | **«Жиһаздар»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің балабақшам»** | **Күні:02.09.21ж Тақырыбы: «Бала, бала,балапан».**<br>**Мақсаты:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. | **Күні: 09.09.21ж Тақырыбы: «Айгүл қонақта». Мақсаты:**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңырауларлардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. | **Күні: 16.09.21ж Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз». Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. | **Күні: 23.09.21ж Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақ-тар». Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Күні: 30.09.21ж Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақ-тар». Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. |
| | **Қазан** | **«Менің отбасым ата-аналар еңбегі»** | **«Менің көшем»** | **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **«Алтын күз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің отбасым»** | **Күні: 07.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Менің әжем»**<br>**Мақсаты:**<br>Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділіін есте сақтау.<br>Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. | **Күні: 14.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Қараңдаршы далаға»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау.<br>Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру.<br>Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. | **Күні: 21.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»**<br>**Мақсаты**:<br>Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. | **Күні: 28.10.21ж**<br>**Тақырыбы: «Күз ырғағы»**<br>**Қайталау.**<br>**Мақсаты**:<br>Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.<br>Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. |
| | **Қараша** | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Дені саудың- жаны сау» | **Күні:04.11.21ж Тақырыбы: «Кел балақан» Мақсаты:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш, вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету. | **Күні:11.11.21ж Тақырыбы: «Күзгі бақта» Мақсаты:** Ән айтуға қызығушылық-ты сазгердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту. ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылы-ғын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. | **Күні:18.11.21ж Тақырыбы: «Менің, анам тамаша» Мақсаты:** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу. | **Күні: 25.11.21ж Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек» Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. |
| | **Жел-тоқ-сан** | **«Менің Қазақста-ным»** | **«Туған өлкем»** | **«Астана – отанымыздың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Менің Қазақс таным» | **Күні:09.12.21ж Тақырыбы: «Көңілді барабан»** Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпіннін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыла-ын қалыптастыру. Әуендітыңдауға есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақты ажыратуға баулуды жалғастыру, барабанда ойнауға үйрету. | | **Күні:23.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жалауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру. | **Күні: 30.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. |
| | **Қаң-тар** | **«Айналамыздағы Өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар – біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |
| Өтпелі тақырып | «Табиғат әлемі» | **Күні: 06. 01. 22ж Тақырыбы: «Ботақан» Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету. | **Күні: 13. 01. 22ж Тақырыбы: «Ботақан» Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету. | **Күні: 20.01.22ж Тақырыбы: «Шымшық» Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. | **Күні: 27.01.22ж Тақырыбы: «Қаршақыз бізде қонақта» Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту,ырғақты сезіну. |
| | **Ақпан** | **«Өлі табиғат құбылыстар»** | **«Көліктер»** | **«Электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Бізді қоршаған әлем» | **Күні: 03.02.22ж**<br>**Тақырыбы :**<br>**«Күн мен Жаңбыр»**<br>**Мақсаты**: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу. | **Күні: 10.02.22ж**<br>**Тақырыбы :**<br>**«Көңілді пойыз»**<br>**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні: 17.02.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. | **Күні: 24.02.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:**<br>музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. |
| | **Нау-рыз** | **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **«Өнер көзі халыкта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |
| Өтпелі тақырып | «Салттар мен фольклор» | **Күні:03.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әжем келді ауылдан»**<br>**Мақсаты:**<br>Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын жеткізу. | **Күні: 10.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Лағым»**<br>**Мақсаты:**<br>музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату жар-тылай отыру, аяқ-тан аяққа тербелу. | **Күні: 17.03.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**:<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. | **Күні: 24-31.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**:<br>музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.<br>. |
| | **Сәуір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Біз еңбекқор баламыз»** | **Күні: 07.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әңгелек»**<br>**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. | **Күні: 14.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. | **Күні: 21.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. | **Күні: 28.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құлыншақ»**<br>Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. |
| | **Мамыр** | **«Достық – біздің тірегіміз, халықтар достығы»** | **«Әрқашан күн сөнбесін»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Әрқашан күн сөнбесін!** | **Күні: 05.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»**<br>**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру | **Күні: 12.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Айгөлек»**<br>**Мақсаты:** Ұйымдастырыл-ған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. | **Күні:19.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Менің мысығым»**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. | **Күні:26.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қошақаным »**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. |

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН »

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі :

_________ М.А.Бибосынова

# Ертежас «Жұлдыз » тобының музыкадан

# 2021-2022

# оқу жылына арналған күнделікті оқу

# жоспары

**Күні:** 02.09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бала, бала балапан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети
**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен жүреді. Орындарында тұрып шаттық шеңберін жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. Суреттер бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.
**«Бала, бала, балапан»** әні (И.Нүсіпбаев, Ж. Смақов) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында (топ- топ басайық) деген сөзге келгенде аяқты топылдатады. Ән бірнеше рет қайталанады. **«Көңілді ырғақ» ойыны.** Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды, әуен тоқтағанда қолдарын жасырады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге тырысады. Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.
**Халық әні «Еркем-ай»** әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен тоқтағанда аяқтарын жасырып отыра қалады. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту және мадақтау.

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арттыру.
**Игереді**: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.
**Меңгереді**: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

**Күні:** 09.09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Айгүл қонақта»
**Мақсаты:**Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.

**Көрнекілігі:**Балабақшаның  суреті.
**Билинвалды  компонент:** Дос – друг.
**Сабақтың  барысы:** Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік.Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар.  Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді. «әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескертеді. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (Г. Абдрахманова). Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар.

Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады.
Ал қанекей қашыңдар,
Тез-тез аяқ басыңдар,- деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі.Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйіне қарай ойынды қайталайды.  Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады.
Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Балалар, бізге бүгін кім келді?   Қуыршақ   Айгүл  келді. Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенге сай қимыл жасауды
**Игереді**: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.
**Меңгереді**: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

**Күні**:  16.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен  билейміз»
**Мақсаты:**Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен өимыл- қозғалыс жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Ойыншықтардың  суреті.
**Билингвалды  компонент:** Ойыншықтар – игрушки.
**Сабақтың  барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл

жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек. Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрып қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.

**«Қуыршақпен билейміз»** әні орындалады.

«Ұйықтап жатыр дамылдап,

Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді. «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады.

- Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.

«Қуып жет» ойыны ойналады. Қуыршақ Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталанады.

- Бүгін бізге кім қонаққа келді?
- Балалар жауап беруге тырысады.
  Ақмарал сендерге рақмет айтып отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: музыкамен тербетілуді, тыныштық сақтауды білуі керек.

**Игереді**: тыңдауды, қайталауды, қуыршақты ұстауды.

**Меңгереді**: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.

**Күні**: 23 – 30.09.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар.»

**Мақсаты:**Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттар мен қимылдар жасау. Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. Балалардың есту қабілетін арттыру.

**Көрнекілігі:** Сылдырмақтың суреті

**Билингвалды компонент**: Сылдырмақ-погремушка

**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады.

-Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық.

**«Көңілді сылдырмақтар»** әні (И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді.«Сылдыр-сылдыр,сылдырмақ, Сөлейтіндей былдырлап»- деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сырдырлатады. Әннің үшінші шумағында:

«Балалар қайда кетті екен,

Бұл маңайда жоқ па екен», -деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына

қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды.
«Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді.
- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойынадық, көрсетіндерші? Ойыншық сендерге ұнады ма?
Іс-әрекет кезінде жақсы қатысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған баланы да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.
**Игереді**: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.
**Меңгереді**: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

**Күні:** 07.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің әжем»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті.
**Билингвалды компонент:** Әже – Бабушка
**Сабақтың барысы**: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:

*«Еркем әнім, ертеңім,*
*Елжіреткен көркемім.*
*Ертеңіме ертегі*
*Шежіремді шертемін»,* - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. Музыка жетекшісі:
- *Ал балалар, балалар,*
*Шеңберге тұра қойыңдар.*
*«Кел, балақан» әнін айтып,*
*Қайталайық, балалар.*
**Ән айту: «Кел балақан»**Әже қолындағы қоржынымен кіреді.
- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге **«Күз жомарт» әнін** орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.
- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?
Музыка жетекшісі: Біздің ұлдарымыз **«Шабандоз» биін** үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.
Әже: Онда қыздарым маған келсін, мен оларға **«Қара жорға» биін** үйретеді. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып

шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді.
**Әже: -** сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.
Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.
Балалар әжемен қоштасады

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

**Игереді**: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

**Меңгереді**: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:** 14.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қараңдаршы далаға»
**Мақсаты:**Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылды ойын арқылы ән айту, сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Алтын күздің суреті.
**Билингвалды компонент:** Алтын күз – Золотая осень
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды.Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады.Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі. **«Сарыжайлау»** күйін тыңдатады.
**Ән үйрену:** «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)
**Ойын:** «Кім жылдам» Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз.
- балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық? - Күз мезгілі.
Сабақты қорытындылау. Мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.
**Игереді**: музыка ырғағымен қимылдауды игерді
**Меңгереді**: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні:** 21.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жаңбыр жауды себелеп»
**Мақсаты:**Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті.
**Билинвалды компонент:** Жаңбыр - Дождь
**Сабақтың барысы:** Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады.
Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.
*Күн болып жанайық,*
*Жаңбыр болып жауайық,*
*Гүл болып жайнайық,*
*Жүгіріп- жүгіріп алайық.*
Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.
- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.
**«Жаңбыр»** (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.
*«Біз ойнайтын ауланың,*
*Тазартасың ауасын»,* - Дегенде қолдарын жоғары көтереді.
**«Жаңбыр мен күн» ойыны.** Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.
Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, *жаңбыр, бұлт* сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.
**Игереді**: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.
**Меңгереді**: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні:** 28.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз ырғағы»
**Мақсаты:**Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру
**Көрнекілігі**: Қоянның суреті.
**Билингвалды компонент:** Қоян – Заяц

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді.
- Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.
*«Қоян, қоян, тұра ғой,*
*Бізбен бірге ойнай ғой»,* - Деп әндетеді.
*Қоян:*
«Жаңбыр жауды тарсылдап.
Су боп қалдым қалтырап.
Айналада жапырақ,
Қарным ашты қалжырап».
- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?
*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым. Мен сендерге **«Жапырақтар»** әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге биleңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».
Қолдарына екі жапырақтан береді. *«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)
**«Жапырақтар» әнін** қимылды қозғалыспен үйренеді.
Балаларды **«Бала, бала, балапан»** әнін қайталап айтуға шақырады.
- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.
**«Сәбіздермен ойнаймыз»** ойыны ұйымдастырылады.
*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер.Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».Ойын 2-3 мәрте қайталанады. - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?
- Қоян нені жақсы көреді?
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.
- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма? - Ұнады.
- Қоян нені жақсы көреді? - Сәбізді
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.
**Игереді**: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.
**Меңгереді**: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 04.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, балақан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге «жәй және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети.
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.

Кәне,кәне тұрайық,
Шеңбер жасап құрайық!-
Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.
Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.
«Сылдырмақты сылдырлат,
Аяғыңды нықтап бас!»-
деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.
«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)
«Сылдырмақты аламыз,
Қорапшаға саламыз»,-
деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады.
«Кел, балақан,кел енді,
Ән тыңдайық біз енді»,-
деп, ән тыңдауға шақырады.
«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннің мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.
Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі.
Музыка жетекшісі:
«Басқа қарап тұрмайық,
Кел,балақан, ойнайық!-
деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады.Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады.Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды.
-Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап,мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады.
Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
**Игереді**: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
**Меңгереді**: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні:** 11.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»
**Мақсаты:**Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** Жемістердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Күзгі бақ –осенний сад.
**Сабақтың барысы:** Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына шақыру. «Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова Әуенді қимылмен жүреді. Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.

Жемістерді тереміз,
Көкөністә жинаймыз.
Алақай-ау, алақай,
Күзгі бақта ойнаймыз. Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.«Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді.Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.
«Келіңдер,келіңдер
Ойын ойнап көріңдер,
Жемістерді шашылған
Жылдам жинап беріңдер»

-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық.
«Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.
Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. -Балалар сендерге ән ұнады ма?Жемістерді жылдам атап беріңдерші ? Көкөністерді кім атап береді Серуенге шыққанда,топта өткен әндерді,ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды,мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.

**Игереді:** жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.
**Меңгереді:**әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:** 18.11.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Музыка
**Тақырыбы:** «Менің анам тамаша»
**Мақсаты:** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Ананың суреті
**Билингвалды компонент:** Ана- мать
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. Сәлем, достар! Сендер менің анамды көрмедіңдер ме? Мен анамнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші. Қарагөз,сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп көрейік. «Мен бақытты баламын»үнтаспасы. 1-бөлім «Қуршағым-ай»(әнін,сөзін жазған И.Сапарбай). Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: -Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны Қарагөз: Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: -Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
**Игереді:**қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.
**Меңгереді:**музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні:** 25.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр көжек»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы аңдардың суреті.
**Билингвалды комп:**Орман – лес.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.
«Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:
-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? –деп сұрайды. -Бұл көңілді сұр қоян. Ойыншық қоянды қолына алып:
«Мен қоянмын,қоянмын,
Сәбізге мен тоямын.
Қыста жейтін азықты,
Күзден жинап қоямын»,- дейді.
-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.
«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады.
-Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар.
«Сұр қоян» әні(муз. жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:
«Жүрген жері күлкі,
Бізге келді түлкі».
Түлкінің даусын салып:
«Кел сұр қоян,тойлайық,
Балалармен ойнайық»,- деп,балаларды ойынға шақырады.

«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог-түлкі,балалар-қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!»-деп ескертеді Түлкі-педагог:
-Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:
-Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете

білу керек.
**Игереді:** қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.
**Меңгереді:**қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:** 02.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншық барабан
**Билингвалды компонент:** Барабан – барабан
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:
«Тікірейіп құлағы, меннен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп, беті – қолын жуады, - деп,ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді.
Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық, жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер) «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қараған болып, барабанды «тауып алады». Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Сазгер балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі .Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. «Мысық пен Мысықай» ойыны. «Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге Билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.
**Игереді:** барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтап қайталауды игереді.

**Меңгереді:** барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:** 09.12.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біз - өмірдің, гүліміз!»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Түрлі – түсті жалаушалар.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Біз – өмірдің, гүліміз!» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білуі тиіс .Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.Ән саз жетекшісі:
«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық!
– деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Сұраққа жауап берді. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 23.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Желбірейді, жалауша»
**Мақсаты:** Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау.Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок.
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Бақытты балалық шақ» әні (муз. жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.
«Жалаушамен келеміз,
Біз көңілді жүреміз»,- деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Ән саз жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (муз. А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
«Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», -деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.
Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады. Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге» зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. Музыка жетекшісі: -Балалар,пойыз қалай жүреді? - Балалардың жауабы гу-гу.
Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады.
Балалардың жауабы паравоз пыш – пыш етіп тоқтайды. Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.
«Тізбектеліп тұрайық,
Вагондарды құрайық,
Көңілденіп бәріміз,
Енді топқа барайық!» -деп, балаларды шығарып салады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі.
**Игереді:** нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.
**Меңгереді:**жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні:** 30.12.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біз балдырған»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**Түрлі – түсті жалаушалар.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды.
**«Біз балдырған»** (А.Асылбек) әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.
**Ән үйрену**«Біз балдырған» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.
Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! – Деп шақырып,
«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады.
- Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.
Біз қалай жүгірдік?
Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 06.01. 21ж
**Білім саласы**:Шығармашылық.
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.
**Тақырыбы:** «Ботақан»
**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.
**Билингвалды компонент:** Ботақан - верблюжонок
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға ботаның суретін көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды.Балалар суретті қызықтайды. - Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады. Бала ботаның жанына түйенің суретін қоюға тырысады және атын атайды. Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының атын атай білу керек
**Игереді**:жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.
**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:** 13.01.22ж
**Білім саласы**:Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы :** «Шымшық»
**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент**: Торғай – воробей.
**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз,*

*Бір, екі, үш!*
*Көңілді жүреміз,*
*Бір, екі, үш!* – деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.
*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.
«Шымшық» (Г.Абдрахманова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. «Құстар» (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*
*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды.*
*Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады. «Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды.*
*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Шымшықтың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді:**қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 20.01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қаршақыз, бізде қонақта»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Аязата,Қаршақыз.
**Билингвалды компонент:** Аяз ата – дедушка мароз
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. -Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым- Қаршақыз! -Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жылтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (муз: жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.) -Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз:
- Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.
**Ән үйрену**: «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)
Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.
- Балалар! Балалар!
Айналайын балалар.
Өлең, тақпақ айтыңдар.
Маған билеп берсеңдер,
Сыйлығым бар сендерге!
Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз. Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. Сазгер балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, Сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді. «Ойнаймыз,ойнаймыз, Жаңа жылды тойлайыз» -Балалар,сендерге кім келді? Бізге Аяз атамен, Қаршақыз келді. Педагог екеуі «Қар атыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.
**Меңгереді:** шеңбермен жұптасып жүруді.

**Күні:** 27.01. 22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы**: Шырша мен ойыншықтар
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті.
**Билингвалды компонент**: Ойыншықтар-игрушки
**Сабақтың барысы**: Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады.Үстел үсті театры арқыл шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.

Тауда туып,тауда өскен
Шырша келді ортаға .
Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген

**Музыка тыңдау**: «Қаршақыз бен балалар»(Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.) **Ән үйрену**: «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.
1-шумағында шыршаны айналады.
2-шумағында жақындайды.
3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді. Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық,торғай,күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- Деп сұрайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады.Ойыншықтарға қарап,жауап береді.
Мысық қалай дыбыстайды? «Мияу – мияу»
Торғай қалай дыбыстайды? «Шиқ – шиқ»
Күшік қалай дыбыстайды? « Әуп – әуп»
Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.

«Ойын ойнап көрейік,
Жүгірейік, жүрейік,
Егер қасқыр ұлыса,
Жылдам қашып кетейік»,- деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. - Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап,

дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
**Игереді:** жасырынуды, қашуды, алдауды.
**Меңгереді:**жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні**: 03.02.22ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:** ән айтуды уақытында бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.
**Көрнекілігі:** Күннің суреті
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күннің шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. Балалар, мен сендерге «**Балалар мен жаңбыр**» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).
**«Жапырақтар»** (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.
**«Күн»** (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).
**«Жаңбыр»** (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.
*«Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды».*
- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек. **Игереді:** музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
**Меңгереді:** көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні**:  10.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Көңілді  пойыз»
**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:** паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.
**Билингвалды компонент:** көңілді пойыз – веселый поьезд
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада **«Қуырмаш»** әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.
- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп пойыз макетін көрсетеді.
«Пойызымызға біз барайық,
Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
*«Ал паровоз бастайды,*
*Пыш- пыш, пух- пух,*
*Ән айтып біз қостайық.»,*- деп, **«Пойыз»** (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Балаларда орманға келеді.Сазгер ойыншық қоянды ұстап тұрып:
*«Мен қоянмын, қоянмын,*
*Сәбізге мен тоямын.*
*Қыста жейтін азықты,*
*Күзде жинап қоямын,* - дейді. - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік - деп, ұсынады. **«Сұр қоян»** (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.
**«Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б.Дәлденбай)

**Аю:** *« Мен аюмын қорбаңбай,*
*Қимылмаймын қорбаңдай.*
*Омартаны көргенде,*
*Бас қоямын ойланбай».* (А.Асылбеков) - Сәлеметсіңдер ме, балалар?
Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.
Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.
*«Қонжық және қоянмен»*
*Ойын ойнап күлейік,*
*Достарымыз қуансын,*
*Тату болып жүрейік»,* - деп**, «Қояндар мен аю»** ойыны ұйымдастырылады. Сазгер балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады. Біз қандай көлікке отырдық? Паравозға отырдық.

Паравоз қалай жүреді екен? Балалардың жауабы. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.
**Игереді:**пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
**Меңгереді:**сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру).

**Күні:** 17.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** « Сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. **Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.
**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка
Са**бақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.
**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.
- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :
Қызыл, жасыл, сылдырмақ,
Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.
«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)
Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!
***Ән тыңдау:* «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.
Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, брлалаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»**(А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін.

Ойы-нды екі рет қайталауға болады.
Апайларды тыңдаймыз,
Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

**Меңгереді:**сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 24.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, билейік»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі :** Бишілердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Би – Танец
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
*«Келіңдер, келіңдер,*
*Шеңбер құрып беріңдер!»* - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.
*«Қызыл, жасыл, сары, көк,*
*Орамалды алайық,*
*Қолды көкке созайық,*
*Қозғап, қозғап қалайық!»* - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би

қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: *«орамалды аламыз, сандықшаға саламыз»,* - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды, - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. **«Полька»** (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:

- Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады. Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.
**Игереді:**Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді:
**Меңгереді:**ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:** 03.03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Әжем келді ауылдан»
**Мақсаты:**Ән айтуды уақытында бастап аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.
**Көрнекілігі:**дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.
**Билингвалды компонент:**Әже – бабушка.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.
**Халық әні:** «Еркем ай».

*«Жайдарымыз бәріміз,*
*Дастарқанда дәміміз.*
*Көжесі көп, қыры көп*
*Қандай жақсы наурыз!»*
- Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке.

Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.Ал ондай болса сендерге ән орындап берейін.Әже ән орындайды. **«Наурыз – біздің жаңа жыл»** (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова).
- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.
2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.
Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. **«Бәйге» ойыны.**Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.
**Игереді**: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.
**Меңгереді**: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді

**Күні:** 10.03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Лағым»
**Мақсаты:** музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға денені жеңіл ұстауға үйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.
**Билингвалды компонент**: лақ – козленок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

*«Жалт-жұлт етіп, лақ,*
*Жағалайсың құрақ.*
*Секірем деп бірақ*
*Қала көрме құлап».*(А. Асылбек)
- Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.
**«Лақ»** (муз. жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).
Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.
«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде

«селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.
**«Лақ пен күшік» ойыны.** Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды. Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.
**Игереді**: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.
**Меңгереді**: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 17.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди- әлди, ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Бөпе – ребенок.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады,амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы естіледі) Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық. - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, Оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным». (Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж) Балалар,сендерге ән ұнады ма? Балалардың жауабы.
Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық.Қолдарына сылдырмақты алып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең» айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі» дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық. Балалар жаңа кім жылады? Балалардың жауабы. Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым- ай» биін

билеп берейікші. - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, -деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:** әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.
**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 24-31.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көктем гүлі көрікті»
**Мақсаты:** музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.
**Билингвалды компонент:**Көктем – весна.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.
*«Гүлді ұстап көрейік,*
*Ақырындап жүрейік»,* - деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады.
*«Көктем гүлі көрікті,*
*Би билеік көңілді!»*
Музыка жетекшісі ***«Көктем гүлдері»*** биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: -
Балалар, қараңдаршы далаға,
*«Күннің көзі ашылды,*
*Алтын нұры шашылды!»* - деп балаларды үнтаспадағы көңілді ырғаққа (**«Айгөлек»** әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді. Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.
*«Жаңбыр жауды себелеп*
*Дала қандай керемет!»* - деп, қолшатырды ашады.
*«Қолшатырға қаш-қаш,*

*Аяғыңды бас-бас!»* - деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде сазгер жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:
*«Күннің көзі ашылды,*
*Жаңбыр жауып басылды!»*

- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.
Жетекші **«Көлікке мінеміз»** ойынын ұйымдастырады.
**«Машина» әнін** (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.
**Игереді**: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.
**Меңгереді**: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**Күні:** 07.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әңгелек»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музықаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Әңгелек.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды залда қарсы алады,амандасады. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені әніміз баяу. Есікті ұрған дыбыстың даусы шығады,Есіктен атамыз кіріп келеді. Қолында әңгелегі бар.Сәлемдеседі балалар, атамен амандасады.Балалар тақпақ айтып, би билеп береді.Ата қуанғаннан балаларға әңгелегін балаларға тастап кетеді. Олай болса орнымыздан тұрып, «Әңгелек» әнін қайталайық. Балалар әнді айтып үйренеді .
Ән тыңдау: «Әңгелек» әні (М.Қуанышбековтікі) Ән үйрену пианиномен әнді айту арқылы балалар дауыс жаттығуын жасады.Өткен сабақтардағы әндерді еске түсіріп айтып үйренді. Әнді сылдырмақпен айта білді.Сылдырмақты әнмен бірге сылдырлатып әннің ырғағымен дұрыс тарта білді. «Жұптасу» биін биледі.

– Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалардың жауабы.
– Әңгелекті сендерге кім әкеліп берді?
Балаларды мақтау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:** сылдырмақты дұрыс ұстауды,
**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 14.04.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. **Көрнекілігі:** қуыршақ,, бесік, бала терберткен ана.
**Билингвалды компонент:**Бесік жыры – колыбельная песня
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақ бесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіп, әндете қарсы алады.Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды.
Әлди,әлди, бөбегім,
Ақ бесікке бөледім.
Ай мен күнге теңедім.
Ақтарылған өлеңім.
Сазгер балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынын мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек) Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәй сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын» Балаларға ойыншықты беріп,олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2 – 3 рет ойналады. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Бөпемізді деп жауап берді. Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Ұйықта бөпем әнін айттық. Қорытындылау,балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.
**Игереді:** «бесік», «қуыршақ», «әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.
**Меңгереді:** қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 21.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы көбелектер»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы жәндіктер мен көбелектің суреті.
**Билингвалды компонент:** Көбелек – бабочка
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.
Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады.
Ән тыңдау: «Ұшты көбелек» ( сөзі А.Асылбек, әні А.Дүйсенов) Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл- қозғалыс жасауларын бақылайды.
**«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. **«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:

*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.
**Игереді:**музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.
**Меңгереді:**көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

**Күні:** 28.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Құлыншақ»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Ат және құлынның суреті.
**Билингвалды компонент:** Құлыншақ – жеребёнок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуеніөзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі. Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.
«Еркетайы даланың,
Мен – құлыншақ боламын.
Серігімін, досымын,
Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.
«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған

Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу.
**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.
**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:** 05.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз»
**Көрнекілігі:** Әр ұлттың балаларының суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады.Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады.Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды. Сазгер:
«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға«Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсыңдар. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Сұраққа жауап берді. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 12.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Айгөлек»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі**. Биші қыздардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Би - танец
**Сабақтың барысы:** Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуен өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Айгөлек әніне балалар би үйренеді.
**Ән тыңдау:** «Айгөлек» (Әні Б.Байқадамовтікі)
**Ән үйрену:** «Кең дала» (И.Нүсіпбаевтікі) «Шөжелерім» биін билеп үйренеді. Дидактикалық ойын «Ұшты ұшты не ұшты» ойыны. Балалар көңілді ойнады. Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.
**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.
**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 19.05.22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің мысығым»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншық мысық
**Билингвалды компонент:**Мысық – кошка
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен сазгер балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала

мысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандай әдемі мысық!
Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді құрайық.
Ала мысықпенен
Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.
Тікірейіп құлағы,
Меннен бұрын тұрады,
Бойын жазып, керіліп,
Беті – қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, балаларға қайталауды ұсынады. - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.**«Билейміз»** әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: Мен ән айтып берейін. Ала мысықта сендер мен бірге ән тыңдасын, - дейді. **«Мысық»** әні орындалады(муз: Б.Дәлденбай, сөзі : Ж. Әбдірашов) Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және мысықай» дауыстарын салған. Салған балаларды мадақтайды. Балалар, ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.
**Игереді:**ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.
**Меңгереді:** ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Күні:** 26. 01. 22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық.
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.
**Тақырыбы:** «Қошақаным»
**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.
**Билингвалды компонент**: қошақан-ягненок
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.

Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады.
Ән сендерге ұнады ма? Балалардың жауабы.
Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

**Игереді:**жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.